Экологиялық білім беру дегеніміз - әр түрлі деңгейдегі экологиялық білімдерді меңгеру. Экологиялық білім берудің екі негізгі бағыты бар. Оның біріншісі, қоршаған ортаны қорғаудың жалпы ілімі негізінде ұрпақты тәрбиелеу, ал екіншісі, табиғат пен антропогенді экожүйелердің өзара қарым-қатынасының жалпы заңдылықтары туралы арнайы білім беру. Қалай болғанда да қазіргі жағдайда жоғарғы экологиялық сауаттылық әрбір адам баласынан талап етілмек. Экологиялық тазалыққа, сауаттылыққа қол жеткізу үлкеннің де, кішінің де азаматтық борышы екендігін ескеруіміз қажет.

Экологиялық білім берудің біртұтас жүйесін қалыптастыру Қазақстанда білім берудің жаңа жүйелері мен әлемдік стандартқа сай мемлекеттік оқу жоспарын жасауды, қаржыландыруды, экологиялық білім беретін мамандарға қамқорлық көрсетуді, мектепте экологиялық білім мен тәрбие беруді ұштастыру қажеттігін көздейді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей [2], күннен-күнге туындап отырған экологиялық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру қоғамда экологиялық тәрбие мен білімді ұштастыру қажеттігінің өзектілігін дәлелдеп отыр. Ал бұл



болса үздіксіз білім беру үрдісінде (отбасы→балабақша→бастауыш мектеп→жоғарғы оқу орында) балалардың экологиялық тәрбиелілігін дамыту қажеттілігін күн санап арттыра түседі, өйткені қоршаған орта мен адамның денсаулығын сақтау маңызды құндылықтың бірі болып табылады.

Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі бойынша «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігін сақтау тұжырымдамасы» (2003ж.), «Қазақстан Республикасының Конституциясы» мен «Білім туралы» Заңында, бірқатар ұсыныстар беріліп, жаңа шешімге бағыттап отыр. 2006 жылы қабылданған «Экологиялық Кодексте» мемлекеттік экологиялық саясатты дәйектілікпен жүзеге асырудың механизмі де берілген [3,4].

Экологиялық білім, экологиялық тәрбие, ағарту, насихаттау – адам баласының бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік беретін экологиялық-ағартушылық қызметтер жүйесі. Бұл жүйе адам санасын өзгертуге, жаңа мінез-құлықты қалыптастыруға, соңғы нәтижесінде өмір сүру бағытын өзгертуге, дүниетанымын экологияландыруға негізделген. Экологиялық-ағартушылық қызмет түрі –халықтың барлық жастағы топтарына арналған. Экологиялық білім берудің нәтижесі қоғамда «экологиялық мәдениет» және «экологиялық этика» ұғымдарының қалыптасуына әкеледі. Егер де Жер бетіндегі адамзаттың басым көпшілігі экологиялық мәдениетті болып табылса, онда бірқатар экологиялық мәселелерден арылған болар едік. Яғни, экологиялық білім берудің басты міндеті экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылу керек. Халық экологиялық мәдениетті болса, онда қоғамдағы «қалдықтар» мәселесі шешіліп, Голландия, Финляндия, Англия сияқты мемлекеттердегідей экологиялық жауапкершілік біздің елде де орын алар еді.

Қазіргі таңда, халықтың басым көпшілігі жаңа экологиялық идеяны қабылдауға дайын емес. Сол себепті осы бағытта жан-жақты жұмыс жасау керек, ең алдымен құқықтық актілерден бастау керек; білім жөніндегі құжаттарды қосқанда барлық дайындалып жатқан құжаттар, бағдарламалар, тұжырымдарға тұрақты даму мен экологиялық қауіпсіздік идеялары мен принциптерін қосу керек.

Экологиялық қауіпсіздік тұрақты даму үлгісіне табысты өту білімді экологияландыру деңгейіне де байланысты. Кәсіби экологиялық білім секілді жалпы білімді экологияландыру экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамудың басым принциптеріне негізделуі керек [4].

Экологиялық білім берудің құрылымы ғылыми бағытта ғана емес, әдеби шығармалармен, көркемсурет туындыларымен де толықтыруы қажет.

Экологиялық білім берудің әр түрлі құбылыстар мен үдерістерді бейнелейтін түбірлі түсініктер бар. Ондай ұғымдарға: экологиялық жүйе, экологиялық өзара қарым-қатынас, экологиялық қарама-қайшылық, экологиялық даму, экологиялық тұрақтылық және т.б. жатады. Бұл түсініктер кез келген экологиялық жүйені сипаттауды ғана емес, танымның теориялық тәжірибелік деңгей арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету керек. Экологиялық жүйе түсінігі әр түрлі экологиялық жүйелердегі компоненттер мен құрылымдардан және ұйымдыстыру деңгейі туралы ақпараттардан тұрады. Экологиялық өзара әрекеттесуде экологиялық жүйенің динамикасы, тірі ағзалардың өмір сүру шарты, дамуы, динамикалық тепе-теңдігі қарастырылады. Экологиялық қарама-қайшылық адам мен табиғат арасындағы күрделі қатынастарды сипаттайды. Экологиялық даму мен экологиялық жүйелердің алуандылығын төмендету немесе жоғарылату, олардың қайта құрылу кезеңдері мен жылдамдығы



айқындалады. Экологиялық тұрақтылық түсінігі экологиялық жүйенің орталық нысандарының ұзақ мерзімді дамуы мен өмір сүру шарттарын зерттейді.

Экологиялық білім беру және ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы қызметті мемлекеттік органдар, білім беру, мәдениет және ғылым ұйымдары, табиғат қорғау мекемелері, табиғат пайдаланушылар, қоғамдық бірлестіктер, жекелеген жетекші педагогтар мен ғалымдар ұйымдастырады және жүзеге асырады. Экологиялық ғылыми зерттеулер қоршаған ортаны қорғауды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету, табиғи экологиялық жүйелерді жақсарту, қалпына келтіру, орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми негізделген іс-шараларды әзірлеу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молайту, Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі мен әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі [5]. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты ғылыми зерттеулер жүргізу; қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ғылыми ынтымақтастық жүзеге асырылуы мүмкін.

Экологиялық білім беру ісін жетілдіру – мемлекет саясатының өзекті мәселесінің бірі, өйткені білім мазмұны оқыту процесі компоненттерінің негізі. Экология ғылымы білімнің, іскерліктің, дағдының жүйесі. Қазіргі кезде барлық ғылымдарды экологияландырып, экологиялық мәселелер әлеуметтік, экономиканың, медицинаның, техниканың, педагогиканың және т.б. салалар бойынша зерттелуде. Сондықтан экологиялық білім мен тәрбиені жетілдіру қоғам өмірі үшін маңызы өте зор.

Борибай Э.С., Ходжанова Б.Х

Взаимосвязь экологического образования и воспитания на пути к переходу к устойчивому развитию казахстана

В статье рассматривается сущность экологического образования с позиций концепции устойчивого развития. Обосновывается необходимость пересмотра в контексте концепции устойчивого развития таких понятий, как экологическое воспитание и экологическое образование.

Ключевые слова. экологическое образование, устойчивое развитие, экологическое воспитание, экологическая культура

Boribay E.S., Khodzhanova B.Kh.

Interrelation of ecological education and education on the way to transition to the sustainable development of kazakhstan

In article the essence of ecological education from positions of the concept of a sustainable development is considered. Need of revision for a context of the concept of a sustainable development of such concepts, as ecological education and ecological education locates.

Keywords. ecological education, sustainable development, ecological education, ecological culture

Әдебиеттер

1. Концепция перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 гг. – Астана, 2006.
2. Бобылов С.Н., Гирусов Э.В., Перелет Р.А. Экономика устойчивого развития. Учебное пособие. Издательство Ступени, Москва, 2004. - 303 с., ISBN5-94713046-7.
3. Национальная стратегия развития экологического образования и воспитания в Республики Казахстан. - Алматы, 1996. – С. 14



4. Пособие по внедрению образования для устойчивого развития в Республике Казахстан- для педагогов, общественности и тренеров, - Алматы, 2007

5. Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығы // Ізденіс. - Алматы, 2007. - № 4(2). - 225-229 бб.

УДК 37.035

Даришева Т.М. -
п.ғ.к., доцент М.Өтемісов атындағы БҚМУ
E-mail: Darisheva – 61@mail.ru

ОТАНСҮЙГІШТІК ПЕН ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ХАЛЫҚ РУХЫНЫҢ ШЫҢЫ

Аннотация. Мақалада оқу кезеңіндегі студент жастардың тұлғалық қалыптасу мәселесі әдістемесін жүзеге асыру жолдары ұсынылған. Автор білім алушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде практикалық жұмыстар жүргізді.

Қолданылатын сөздер: студент жастар, отансүйгіштікке тәрбиелеу, әлеуметтанулық мониторинг, рухани құндылық, биік саяси мәдениет.

Бүгінгі таңда, Қазақстандық патриотизмнің дамуы біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағыты болып табылады. Қоғамның азаматтық идеяға бет бұруы мен оның төңірегіне топтасу қарқыны мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін неғұрлым конструктивті тетіктер болып саналады.

Бүгінгі күні патриотизм қоғамды демократияландыруды тереңдету процестерімен тығыз байланысты рухани-саяси факторларды біріктіруші ретінде қарастырылады.

Ұлтаралық қатынаста қырғиқабақтық жоқ екенін жұрттың бәрі мойындайды. Осының өзі жетістік. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды. Қоғамның алдында тұрған күрделі міндеттер: тәуелсіздігімізді нығайту, экономиканың дамуын арттыру, Қазақстанның беделін күшейту, 2,7 миллион шаршы шақырым болатын кең байтақ жерімізді қорғау және игеру, жаңа нарықтық, ашық, демократиялық, зайырлы қоғам құру – осының бәрі тек барлық қазақстандықтар болып бір адамдай жұмыла атқаратын міндеттер. Сондықтанда қоғам әр - алуан ұжымдар, мекемелер, мемлекеттік органдар алдына қазақстандық патриотизмді қалыптастыру міндеттерін қойып отыр. Және қоғам, үкімет, Елбасы өз тарапынан атқарылар міндеттерді тындыруда. Бұл ұзақ та ауыр тәрбие жұмысының ойдағыдай жүзеге асуы жеке адамдарға да байланысты.

Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына Қазақстан жерінің байырғы иесі, мемлекеттің негізін құрайтын, сол елге атын беріп отырған ұлт-қазақтардың ұлт ретінде өсіп нығаюының, ұлттық рухы мен ділінің күшеюінің маңызы зор. Патриотизмнің дәл үлгісін біздер, қазақтар көрсетуіміз керек. Нағыз патриоттар ең алдымен қазақтар болып, өз елін, жерін, тілін, ділін, дәстүрін сүюді ең алдымен өзімізден талап еткен жөн. Өзімізді өзіміз сыйламасақ, біз кімге кінә арта аламыз. Әрбір қазаққа біз Әбіш Кекілбаевтың сөзімен «Өзеңді үзе сүй өз елінді» деуіміз керек. Біздің, қазақтардың осындай жақсы мағынадағы ұлтшылдығымызды, ұлтжандылығымызды көріп, біліп жүрген басқа ұлт өкілдері де Отанына – Қазақстанға оң көзімен қарай бастайды.



Қазақ жерінде бұрын да, қазір де патриоттар болған, бар, бола бермек. Жоғарыда айтқанымыздай, ұланғайыр жерді қорғап, сақтап, бізге жеткізген кім? Тілімізді, ділімізді, әдет-ғұрпымызды, әдебиетімізді, кара өлеңдерімізді, мақал-мәтелдерімізді, шұрайлы, шешендік сөздерімізді шашау шығармай сақтап қалған кім? Өткен ғасырдың 80-жылдарында да тозығы жетсе де күшін жоймаған тоталитарлық жүйеге Кеңес Одағында алғашқы сокқыны берген кім? Патриоттар. Қазақ патриоттары.

Халқымыз ежелден отансүйгіштікті, патриотизмді паш ететін ұлт, ар, намыс, рух сияқты асыл қасиеттерді, ұрпақтың санасына жасынан сіңіруге күш салған. Сондықтан қазақтар: «Жан сақтама, ар сақта», «Жаным арымның садағасы», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Намысты жауға берме», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дейді. Сөйтіп, ар мен намысты адамның ең қымбат қазынасы - өмірден де жоғары қояды. Қазақтың ұлттық рухының тағы бір биік шыңы - ата-ананы ардақтау, үлкенді құрметтеу, кішіні қадірлеу. Қазақтың ұлттық намысы, негізінен, осылардан құралады.

Патриоттық тәрбие мәселесі мемлекеттің түбегейлі жүргізіп отыратын ісі болуы керек. Бұл жұмысты тиіп-қашып, ат үсті, белгілі бір шараларға байланысты атқаруға болмайды. Кеңес өкіметі жетпіс жыл бойы көп ұлтты совет халқын, әрбір азаматты жас шағынан бастап патриотизм рухына тынбастан тәрбиелеп келді. Ол тәрбие еш кеткен жоқ. Ұлы Отан соғысы кезінде, соғыстан кейінгі күрделі қалпына келтіру ісінде патриотизм іс жүзінде көрінді.

Көп ұлтты Қазақстан Республикасында да қазақстандық патриотизмді халықтардың, адамдардың қанына сіңіру қажет. Мемлекет бұқаралық ақпарат құралдарын, оқу-ағарту мекемелерін осыған жұмылдырып, бұл істі тиянақты жүргізудің жаңа тәсілдерін тауып, оны үнемі насихаттап отыруы тиіс. Қазақстандық патриотизм, қайталап айтсақ, тек қазақтардың ғана емес, Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар өкілдерінің көкірегіне сіңіп, өмірлік ұстанымға айналуы керек.

Ал ұлттық патриотизм жөнінде сөз болғанда «ұлттық рух», «ұлттық діл», «ұлттық идея» деген іргелі ұғымдарға, солар арқылы бейнеленетін құбылыстарға айырықша көңіл болу керек. Бұл ұғымдар бірімен бірі астасып бірін бірі толықтырып жатыр.

Қазақ халқы талай жерде тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге, азаттыққа құштарлық жығылған еңсені қайта көтеріп, тәуекелге бел буғызды. Қанша қиындық көрседе, абзалдығы мен сабырлылығын, басқа халықтарға деген сыйлаушылығын сақтай білген халықты, ХХІ ғасыр табалдырығын аттап, өз талайын тағы бір сынап көргелі отырған тәуекелшіл ұлтымызды мақтаныш тұту біздің осы халық ұл-қызы ретіндегі парызымыз.

Бір жағынан, қазіргі жаһандану үстіндегі әлем өткір дүниетанымдық және құндылықтық дағдарысқа ұшырап отыр. Екінші жағынан, қазақстан қоғамы өз жаратылысынан көпұлтты және көпконфессиялы қоғам. Н. Ә. Назарбаевтің айқындауы бойынша, жаңа қазақстандық отансүйгіштік «ұлттық айырмашылықтарға қарамастан, қоғамды тұтас біріктіруі тиіс». (ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 жыл).

Сондықтан, жаңа қазақстандық отансүйгіштік қалыптастыру барысында ұлттан тысқары батыстық құндылықтарды насихаттайтын ультралибералды ағымдарға да, жаңа заманға сай емес ұлттық құндылықтарға шақырушы ұлтшыл ағымдарға да және тіпті Қазақстанның мемлекеттік құрылысын мойындамайтын діни – экстремистік ағымдарға да тиімді қарсы тұруға дайын болуымыз қажет.



Бұлардың барлығының көздегені желкілдеп өсіп келе жатқан жастар санасын улау екендігі ешкімге де құпия емес. Қазақстанда жоғары білім алу үрдісі бұқаралық сипат алып отырғандықтан да, студент жастарға аса мұқият назар аудару қажет. Студент жастар саны жағынан да, сапасы жағынан да қазіргі қоғамдық құрылымда айқын ерекшелікке ие. Студент жастар қоғамның болашақ рухани күш – қуатын туындатушы үлкен әлеуметтік топқа айналып отыр. Сонымен қатар, олар екіжақты, яғни әлеуметтік – демографиялық әрі әлеуметтік – кәсіби мінезге ие және өз субмәдениеті бар топ. Жастық шаққа тән психофизиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктер, олардың шұғыл саяси әлеуметтенуіне жол ашады әрі студент жастарды кез – келген саяси бағытта күш алып кетуі мүмкін аса қуатты саяси ресурс ретінде мойындау қажет.

Мемлекеттік, жалпықазақстандық отансүйгіштік қазіргі қазақстандық студенттердің құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік – саяси бағамдарына табиғи сіңуі қажет әрі жастар идеологиясының құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Студент жастар санасының осы бағытта дамуы, олардың әртүрлі зиянды немесе тіпті экстремистік идеяларға бой алдырмауының кепілі болып табылады.

Біздің қоғамның қазіргі кезеңдегі дамуының алғышарты болып отырған әлеуметтік жаңғыру қазақстандық жастарды нағыз прагматиктерге айналдырып отыр. Сондықтан, қазіргі таңда жастар бойында отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу ісіне де прагматикалық жолмен бару қажет. Елбасы Н. Ә. Назарбаев осы бағытты алға тартып отыр. «Біз өз елімізді сүйеміз әрі мақтаныш тұтамыз. Мемлекет өзінің әрбір азаматына сапалы өмір сүруге, қауіпсіздігін сақтауға, тең мүмкіндіктер ашуға кепілдік береді. Тек осы ғана, бізге отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде прагматикалық шынайы көзқараста болуға мүмкіндік береді». (ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 жыл).

Қазіргі қазақстандық студенттер санасында отансүйгіштік сезімді тиімді енгізу ісі, тәрбие беру үрдісін сенімді ақпараттық – талдамалық қамтамасыз етуді талап етеді. Студент жастар саяси санасының келбеті мен олардың бойындағы басым құндылықтар әрі саяси бағамдар туралы шынайы ақпараттарға ие бола отырып қана студент жастар отансүйгіштігінің мінезі мен деңгейі туралы нақты білуге және олардың мінез – құлықтарына нәтижелі әсер етуге болады. Ондай мәліметтерді тұрақты түрде жүргізіліп отыратын әлеуметтанулық мониторинг арқылы алып отыруға болады.

Студент жастар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу мен азаматтық білім беру барысында, оларға мақсатты түрде әсер ету қажет және осы арқылы олардың бойында саяси мәдениеттің азаматтық (қазақстандық) текестік компонентін, яғни саяси – әлеуметтік қатынаста өздерін ең алдымен Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде сезінулерін қалыптастыру мен қолдау қажет. Сонымен қатар, алға қойылатын міндеттер қазақстандық отансүйгіштік сезімін қалыптастыру; демократиялық және либералды құндылықтар мен бекітілімдер ұялату; қоғам бойында тұрақты тәртіп сақтай отырып, либерал – демократиялық құрылымда ұйымдастыру артықшылықтарын түсіндіру; ұлтаралық және дінаралық қатынастарда төзімділік ұстанымын басшылыққа алу; экстремистік идеологияларға қарсы тұру; қоғамда діни немесе ұлттық араздық тудыруы мүмкін идеяларды жоққа шығару болуы тиіс.

Осыларға байланысты сәйкесті шараларды қолға алғанда әртүрлі ұйымдастыру нысандары (әңгімелесу, пікірталастар, ток – шоу және т.б.) мен құралдарды (ғаламтор, теледидар, газеттер, журналдар, брошюралар, буклеттер, жарнама, бейнефильмдер және т.б.) кеңінен пайдалану қажет. Сонымен қатар,



осы істер барысында қоғамда белгілі әрі беделді азаматтарды, елдегі ірі діни конфессиялар өкілдерін, белгілі саясаттанушылар мен әлеуметтанушыларды, құқыққорғау органдары қызметкерлерін кенінен тарту қажет.

Бұлардың бәрі де аса маңызды, себебі қазіргі заманғы маманның кәсіби біліктілігі, оның бойында белгілі бір салаға қатысты білім мен тәжірибе ғана емес, жаңа заманға сәйкесті рухани құндылықтар болуын да талап етеді. Қазіргі таңда, Қазақстанға тек жақсы білім алған кәсіби мамандар ғана емес, өз болашағын Қазақ елімен тығыз байланыстырған отансүйгіш азаматтар мен биік саяси мәдениет иегерлері қажет.

Даришева Т.М.

Любовь к Родине и патриотизм - вершина народного духа

В статье предлагаются пути совершенствования методики работы с современной молодежью по вопросу личностного становления в период обучения. Автором проведена практическая работа по воспитанию обучаемых в плане патриотического воспитания.

Ключевые слова: студенческая молодежь, воспитание любви к Отечеству, социологический мониторинг, духовные ценности, высокая политическая культура.

Darisheva T.M.

Patriotism and nationalism are the top of the people's spirit

The article proposes the ways of improving methodology of working with contemporary youth on personal development during the period of study. The author carried out the practical work on patriotic education of students.

Keywords: students, cultivation of love for the Fatherland, sociological monitoring, spiritual values, high political culture.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 жыл, Астана.
2. Ә.Кекілбаев Собрание сочинений. Алматы. Жазушы, 2011 г.

УДК 378.09

Шамакова Н.Г. – к.э.н.

РФ, старший преподаватель ЗКГУ им.М.Утемисова

E-mail: nafisa_shamakova@list.ru

**СУЩНОСТЬ И ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ
ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК В ВУЗАХ**

Аннотация. Сегодня проблема высшего образования вообще и экономического, в том числе носит многогранный характер. Если образование в области естественных наук подвержено меньше изменениям в общественной жизни, то большинство гуманитарных наук самым непосредственным образом реагирует на изменения в общественном развитии общества. В значительной степени это относится и к экономическому образованию. Высшее образование при изучении экономических дисциплин отличается своей основательностью, фундаментальностью.

Ключевые слова: экономика, экономическая система, экономические явления, модель обучения, эффективность, результативность, учебный процесс, формы обучения, лаборатория, обучение



Известно, что эффективность образовательного процесса во многом определяется методикой преподавания. Уровень подготовки и эффективность обучения находятся в прямой зависимости от взаимодействия звена преподаватель—студент. В учебном процессе обе стороны должны выполнять творческую роль. Необходимо на сегодня отходить от методов «трафаретного обучения», когда студенты опираются на решение только определенного типа задач, а развитие их экономического мышления отходит в сторону. Поэтому важно студенту научиться разбираться не только в смоделированных, но и реальных экономических явлениях и процессах.

В настоящее время существенную роль в подготовке студентов играет их самостоятельная работа, особенно развитие навыков самостоятельного поиска при выполнении рефератов, курсовых и других исследовательских работ. Здесь важность деятельности кафедр трудно переоценить.

Использование учебной и вспомогательной литературы имеет определенный эффект. При наличии других определенных условий для обучения студентов в вузе необходимо активно внедрять их в учебный процесс, сюда же можно отнести и всемирную сеть Интернет. В этом случае границы общения студентов с преподавателем раздвигаются как в пространстве, так и во времени.

Предложение курсов дисциплин и спецкурсов по выбору не должно становиться самоцелью кафедр. Любой выбор должен находиться в рамках основной оси подготовки студента соответствующей специальности. Дисциплины же по выбору следует подбирать на одном уровне сложности и масштаба освоения, выступающие как альтернативные стороны одного общего предмета изучения.

В зарубежных моделях обучения достигается цель тогда, когда в аудитории учитываются национальные и культурные традиции основной массы студентов, когда в стандартных теоретических ситуациях умело, анализируются явления национальной экономики в целом или даже отдельного региона.

В сегодняшней вузовской учебной практике сложились вполне оправдавшие себя следующие формы учебного процесса в преподавании экономических наук: лекции, самостоятельная работа студентов, семинарские (практические) занятия, СРСР, консультации, зачеты, экзамены и другие формы внеаудиторной работы.

Ни одна из этих форм не может быть признана универсальной, способной заменить другие. Формы учебного процесса находятся во взаимосвязи, взаимообусловленности и логической последовательности. Методика одной формы работы оказывает существенное влияние на другую.

Следует иметь в виду, что количественное соотношение и роль различных методов обучения могут изменяться. Так, на старших курсах возрастает роль семинарских занятий и самостоятельной работы студентов. На методы обучения влияют и такие факторы, как количество времени, выделенного на предмет учебным планом, обеспеченность современными техническими средствами обучения и оборудование ими учебных аудиторий и т. д.

На данный момент лекция является ведущей формой учебного процесса, которая дает главным образом основные установки на самостоятельную работу или подытожить самостоятельное изучение темы студентами, дать обзор, который помог бы систематизировать полученные на основе самостоятельной работы знания, систематизировать накопленную информацию и на ее основании сделать определенные выводы.



Практическое занятие или семинар является результатом самостоятельного изучения рекомендованной литературы, позволяет в свободной обстановке обменяться мнениями, выяснить еще не до конца ясное и усвоенное. В свою очередь успех семинара заложен в его тщательной, всесторонней подготовке.

Сочетание методических и организаторских усилий педагога, постоянная коллективная и индивидуальная забота и потребность должны обеспечить эффективную и качественную самостоятельную работу студентов.

Организация самостоятельной работы студентов по экономическим дисциплинам направлена на разработку системы мероприятий по обучению и воспитанию, формирующих экономическое образование и самостоятельность мышления студентов.

Присоединение Казахстана к Болонской Декларации предполагает вхождение его в единое европейское образовательное пространство, построенного на ряде обязательных принципов, которое выработало ряд критериев для университетского образования, включая экономическое. Если учитывать эти критерии, то каким образом развивать международное сотрудничество в области экономического образования; насколько следует учитывать наряду с ними и казахстанский опыт в этой сфере.

Общегосударственное регулирование университетского экономического образования в современных условиях не исключает применения рыночных индикаторов для определения рейтинга университетов. Однако подобные процедуры не должны носить конъюнктурный или рекламный характер в своей основе.

Во все времена существовала проблема взаимосвязи экономического образования и хозяйственной практики. Эта проблему особенно необходимо решать в настоящее время, когда к подготовке экономических кадров предъявляются высокие требования.

Современное экономическое образование невозможно представить без такого важного методико-инструментального средства как информационные технологии, которые позволяют существенно изменить способы обучения и погрузить будущих экономистов в новую информационную среду, расширяя их профессиональные возможности.

Внедрение активных форм и методов при обучении будущих экономистов позволяет решить проблему приобретения ими профессиональных практических знаний и компетенций при непосредственном влиянии на сам процесс его объекта.

В основу обучения необходимо вложить модель рыночной экономики или решение реальных хозяйственных вопросов. Возможно ли сочетание того и другого в учебном процессе?

С этой целью 2013 г. в рамках инновационных проектов в учебном процессе была запущена и успешно функционирует учебная лаборатория «Виртуальный банк» на базе информационной банковской системы «АБС: Управление кредитной организацией».

Как продолжение инновационных форм обучения в 2014 г. вводится в учебный процесс инновационный проект учебно-тренировочный центр «Виртуальное предприятие» направленное на освоение студентами базовых компетенций исследовательской и инновационной деятельности через их включение в соответствующие практики. Учебно-тренировочный центр «Виртуальное предприятие» по своей сути учебная лаборатория как



моделирование бизнеса, учебный ситуационный центр. Данная лаборатория в связке с лабораторией «Виртуальный банк» позволит решить следующие задачи:

- создание образовательной инфраструктуры обучения для внедрения практико-ориентированных форм с использованием новых информационных технологий (ИТ);
- повышение качества, доступности и интерактивности современных форм обучения;
- автоматизация организации и управления учебным процессом, на основе использования прикладных и специализированных ИТ и приложений;
- целевой подготовки студентов для конкретных предприятий казахстанской экономики с изучением ИС, используемых у работодателей;
- расширения количества и качества современных программ обучения с использованием различных программных приложений.

В рамках проекта будут функционировать две учебные лаборатории, ориентированные на перспективные для Западно-Казахстанской области современной экономической и управленческой практики:

- комплексное управление производственными процессами и ресурсами предприятий на основе современных методологий виртуального производственного предприятия (Финансовый менеджмент);
- управление эффективностью бизнеса, бизнес-анализ и формирование корпоративной отчетности по отечественным и международным нормативам и стандартам (Финансовый менеджмент);
- эффективное построение отношений с клиентами бизнеса с применением ИТ (Финансовый менеджмент);
- моделирование бизнес-процессов для оценки их эффективности и последующего преобразования (реинжиниринга) (Финансовый менеджмент);
- управление проектами по международным стандартам управления проектной деятельностью (Финансовый менеджмент);
- динамическое моделирование бизнеса (Финансовый менеджмент);
- составление учетной политики предприятия (Бухгалтерский учёт);
- составление налоговой учетной политики (Налоги и налогообложение);
- организация бухгалтерской службы методом решения сквозных задач на материалах конкретных предприятий и «Учебной бухгалтерии» (Бухгалтерский учёт);
- организация налоговой службы через виртуальный Налоговый Комитет: исчисление налоговых платежей и составление налоговой отчетности (Налоги и налогообложение).

Проект реализуется в рамках инновационной образовательной программы вуза. Он предусматривает создание обучающей системы, имитирующей работу экономических, финансовых и информационных служб предприятий. Для полного погружения в предмет обучение будет строиться на основе реальных кейсов. Студенты, прошедшие такое обучение, дополнят теоретические знания ценным опытом работы с экономическими информационными системами, что поможет им увереннее чувствовать себя на рынке труда.

Учебно-методические материалы разрабатывались совместно преподавателями и специалистами-консультантами, непосредственно работающими в бизнес-структурах.

Сетевой комплекс учебных лабораторий, размещенных в компьютерных классах экономического факультета, включает специализированные и прикладные компьютерные программы – такие как сетевые версии «1С:



Предприятие», «Project Exper», «Audit Expert» программы формирования налоговой отчетности «Параграф» и другие.

Современные мировые тенденции подготовки специалистов экономической направленности ориентированы на бизнес-образование, предполагающие тесную интеграцию теоретических знаний и практических навыков. С этих позиций «Виртуальное предприятие» играет огромную роль в подготовке адаптированных к реальной бизнес-среде высокопрофессиональных специалистов.

Предлагаемый проект будет иметь дальнейшее развитие. На базе создаваемого учебно-тренировочного комплекса «Виртуальное предприятие» будут созданы «Виртуальный Налоговый Комитет», «Виртуальная биржа», «Виртуальный промышленный комплекс», «Виртуальная туристическая фирма», «Виртуальная таможня», «Виртуальная страховая компания», «Учебная лаборатория электронного бизнеса», «Учебная лаборатория управления проектами», «Учебный ситуационный центр» и т.д. Комплекс снабжается большим количеством демонстрационных роликов с целевыми комментариями по поводу происходящих процессов для наглядной демонстрации наиболее эффективных и неоднозначных технологий решения различных экономических задач, причем многие из них включают в себя алгоритм решения предложенной задачи и необходимые комментарии по его выполнению. Построение обучения на принципе "задача - подход - метод решения - реализация" очень эффективно, т.к. позволяет глубже понять целесообразность сочетания разнообразных инструментальных средств для получения наилучшего решения, избрать свою стратегию обучения.

Использование в компьютерных учебниках интерактивных тренажеров можно рассматривать как инструмент «моделирования реальной деятельности», которые позволяют «проиграть» определенную ситуацию, изучить ее в динамике, проектировать способы воздействий на нее в условиях предложенных моделей, систематизировать знания по заданной практической проблеме, что позволяет максимально приблизить процесс обучения к практической экономической и предпринимательской деятельности.

Тестирующие блоки позволяют проверить знания учащихся, выявив недостатки в них, что позволит что-то уточнить и углубить, что важно с точки зрения формирования навыков правильного воспроизведения знаний и навыков, развития аналитичности и критичности мышления.

Активные реформы во всех областях экономики ведут к постоянно растущему спросу на дистанционные интерактивные образовательные услуги, поэтому работа в данном направлении продолжается.

Таким образом, на базе учебно-тренировочного комплекса «Виртуальное предприятие» можно проецировать работу всех отраслей народного хозяйства, проводить занятия по всем экономическим дисциплинам факультета экономики и управления.

Системность экономического образования помогает всестороннему восприятию действительности и перспектив ее изменения. Взаимозависимость хозяйственных процессов, их обусловленность, с одной стороны, сложившимися закономерностями, а с другой – субъективными действиями реальных людей, объективно повышает роль фундаментальной подготовки руководителей и профессионалов разного уровня в иерархии управления государственных и негосударственных структур.



Шамакова Н.Г.

ЖОО-да экономикалық ғылымдарды оқытудың мәні мен ерекшеліктері

Бүгінгі күні жалпы және оның ішінде экономикалық жоғары білім беру мәселесі сан алуан қырынан сипатталады. Жаратылыстану ғылымдары бағытындағы білім беру қоғамдық өмірдің өзгерістеріне аз ұшыраса, гуманитарлық ғылымдардың көпшілігіне қоғам дамуындағы өзгерістер тікелей әсерін тигізеді. Айтарлықтай дәрежеде бұл экономикалық білім беруге де қатысты. Экономикалық пәндерді оқып-үйренуде жоғары білім беру өзінің негізділігімен, іргелілігімен ерекшеленеді.

Түйін сөз: экономика, экономикалық жүйе, экономикалық көріністер, тәлім-тәрбиенің қалыбы, тиімділік, мардымдылық оқу үдеріс, тәлім-тәрбиенің әдістері, зертхана, тәлім-тәрбие

Shamakova N.

Essence and teaching features Economic sciences in institutions of higher learning

Today problem of higher education in general and economic, including carries many-sided character. If education in area of natural sciences is liable less than to the changes in public life, then most humanity/pls react the most direct character on changes in community development of society. Largely it belongs and to economic education. Higher education at the study of economic disciplines differs in the soundness, solidity.

Keywords: economy, economic system, economic phenomena, model of educating, efficiency, effectiveness, educational process, forms of educating, laboratory, educating

Список литературы

1. Добрынин М.А. Болонская декларация как фактор формирования европейского образовательного пространства / М.А. Добрынин // Педагогика. – 2006. - № 9. – С.103-108.
2. Основы педагогического мастерства: Уч. пособ. для пед. уч. завед. / Под ред. И. А. Зазюна. М., 2009.
3. Савельев В. П., Туляков Ю. Т. Самостоятельная работа — важная составная часть учебного процесса. Симферополь, 2003.
4. Глобальная экономика и Казахстан.// Казахстанская правда.- 2007, 27 апреля
5. Король Д.Ю. Система образования Республики Казахстан. <http://charko.narod.ru>

УДК: 330:10152

Шамакова Н.Г. – к.э.н. РФ,
старший преподаватель ЗКГУ им.М.Утемисова
E-mail: nafisa_shamakova@list.ru
Алтыбаева Ш.М. – магистр,
старший преподаватель ЗКГУ им.М.Утемисова
E-mail: shynar_alt@mail.ru

РОЛЬ ИЗУЧЕНИЯ СТАТИСТИКИ ДЛЯ ОЦЕНКИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ЯВЛЕНИЙ В ОБЩЕСТВЕ

Аннотация. Полный анализ происходящих социально-экономических и общественных явлений и процессов в настоящее время практически невозможен без применения системы комплексных статистических показателей. Именно они дают полную характеристику производства, его динамику и эффективность; уровень занятости населения и безработицы; состояние производственной и социальной инфраструктуры; уровень доходов и потребление товаров и услуг; функционирование финансовой и налоговой систем, состояние окружающей природной среды и др.



- данные должны соответствовать принципу своевременности (сбор должен быть организован только в строго определенное время, но кроме этого, данные должны быть представлены так же в срочном порядке).

Объектом статистического наблюдения называется та совокупность, о которой должны быть собраны необходимые сведения. Объектом наблюдения может быть, например, совокупность фермерских хозяйств республики (или же какого-либо района), совокупность ВУЗ-ов, совокупность промышленных предприятий и т.д.

Единицей наблюдения называют тот составной элемент объекта наблюдения, который является носителем признаков, подлежащих регистрации. В одном каком-либо наблюдении может быть не одна, а несколько единиц наблюдения. Так при переписи населения, например, единицей наблюдения может быть или человек (житель), или семья, или то и другое.

Единицы наблюдения, как и объект в целом, обладают, как правило, множеством различных признаков. Все их учесть невозможно. Поэтому необходимо определить какие признаки следует регистрировать в процессе наблюдения.

Перечень признаков, регистрируемых в процессе наблюдения, называют программой статистического наблюдения.

Наряду с составлением перечня признаков, включаемых в программу наблюдения, важное значение имеет также точное, ясное и исчерпывающее определение каждого признака. Точная и исчерпывающая формулировка вопросов программы необходима для того, чтобы обеспечить одинаковое их понимание всеми участвующими в наблюдении лицами. В этих целях часто в формулировку вопросов включается так называемый подсказ, т.е. варианты возможных ответов.

Статистическое наблюдение может производиться в двух основных формах: в форме отчетности и в форме специально организованных статистических обследований.

Специальные статистические обследования освещают моменты, не охватываемые статистической отчетностью, служат средством для проверки и анализа материалов этой отчетности, дают дополнительный материал как для национально-хозяйственного прогнозирования и оперативных мероприятий, так и для познания закономерностей развития экономики.

Для изучения особенностей и закономерностей общественных явлений применяются различные виды и способы сбора статистических сведений. В зависимости от задач исследования и конкретных условий статистическое наблюдение может быть единовременным или текущим.

Единовременное наблюдение - запись признаков единиц наблюдения, приуроченная к данному "критическому моменту" времени. Единовременное наблюдение или учет состояния проводится через некоторые периоды времени, охватывает длительно существующую совокупность. Такое наблюдение проводится для определения численности, состава и качественных особенностей совокупности. Программа сбора сведений в этом случае должна быть в основном аналогичной содержанию предшествующих единовременных наблюдений.

Текущее наблюдение или текущий учет ведется для определения измерений состояния явления. Единицы наблюдения и их признаки регистрируются в момент возникновения или же в ближайший после этого момент времени.



К числу недостатков типической монографии относится субъективный выбор единиц наблюдения, когда руководствуются только общим представлением об их характерных особенностях. Кроме того, число отобранных единиц невелико, не соответствуют численности самой группы, и полученные данные не позволяют изучить распределение единиц (состав, долю) в пределах отдельной группы. Большая уверенность в репрезентативности данных, полученных типической монографией, достигается, если выбор единиц основан на данных ранее выполненных сплошных наблюдений.



Анкетный способ предусматривает раздачу анкет (иногда анкеты публикуют) всем единицам совокупности для специальных обследований, например с целью изучения регулярности доставки почтовой корреспонденции, мнений по отдельным вопросам.

Анкеты заполняются добровольно и поэтому не всегда обеспечивается репрезентативность выборки. Программа анкетного обследования содержит узкий круг вопросов, ответы на которые часто дают только заинтересованные лица.

Большое распространение получает метод интервью, когда опрос ведется путем личного общения по специально разработанной программе. Такой метод широко применяется в социологических исследованиях.

Наиболее совершенным с научной точки зрения видом несплошного наблюдения является выборочное наблюдение. Выборочное наблюдение представляет собой такой вид статистического наблюдения, при котором обследованию подвергается некоторая часть единиц изучаемой совокупности, отобранная в определенном строго научном порядке, с целью последующей характеристики всей совокупности.

Сплошное и несплошное статистическое наблюдение осуществляется различными способами: непосредственным наблюдением, опросом и документированной записью.

Источником сведений служит опрос. По способу регистрации фактов опрос имеет разновидности: экспедиционный способ, саморегистрация, корреспондентский способ и документированная запись.

Экспедиционный способ предусматривает сбор сведений на месте возникновения факта. Специальный регистратор производит опрос и сам записывает ответ. Этот способ обеспечивает точную информацию, но требует значительных затрат времени, труда и средств.

Саморегистрация осуществляется с участием специального регистратора на месте сбора сведений. Регистратор только разъясняет порядок ответов на поставленные вопросы в бланке, а ответы даются обычно представителями организаций и предприятий. Этот способ требует значительных затрат времени и средств, а также привлечения высококвалифицированных статистических работников.

Шамакова Н.Г., Алтыбаева Ш.М.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды бағалауда статистиканың зерттеудің ролі

Қазіргі уақытта орын алған әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық құбылыстар мен үрдістерге кешенді статистикалық көрсеткіштер жүйесін қолданбай толық талдау жүргізу мүмкін емес. Нақ осы көрсеткіштер жүйесі өндірістің толықтай сипаттамасын, оның динамикасы мен тиімділігін, халықтың жұмысбастылығы мен жұмыссыздық деңгейін, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым жағдайын, табыстар және тауарлар мен қызметтерді тұтыну деңгейін, қаржылық және салықтық жүйенің қызметін, қоршаған табиғи орта жағдайын және т.б. жан-жақты көрсетеді.

Түйін сөз: статистика, әлеуметтік-экономикалық көріністер, статистикалық әдістер, көрсеткіштер, инфрақұрылым, табыстар, шығындар, қадағалау, әріпсандар, қадағалаудың бірлігінің

Shamakova N., Altibaeva Sh.M.

Role of study of statistics for estimation of the socio-economic phenomena in society

The thorough analysis of what be going on socio-economic and public phenomena and processes presently is practically impossible without application of the system of complex statistical indexes. Exactly they give complete характери-стику productions, his dynamics and efficiency; level of employment of population and unemployment; state of productive and social infrastructure; level



of acuestss and consumption of commodities and services; functioning financial and tax systems, state of natural environment and other.

Key words: statistics, socio-economic phenomena, statistical methods, indexes, infrastructure, acuestss, charges, supervision, indexes, unit of supervision

Список литературы

1. Елисеева И.И., Юзбашев М.М. Общая теория статистики. М.: Финансы и статистика, 2004.
2. Гусаров В.М., Статистика. М.: ЮНИТИ, 2003.
3. Социально-экономическая статистика: Уч-к / под ред. М.Р. Ефимовой. – М.: Высшее образование, 2009
4. Минашкин В.Г., Шмойлова Р.А. и др. Теория статистики. М.: ЕАОИ, 2008.
5. Салин В.Н., Шпаковская Е.П. Социально-экономическая статистика: Уч-к, - М.: Юристъ, 2001

УДК 373.2

Нагимова М.М. - педагогика ғылымдарының кандидаты;
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті,
Таспаева С.Ж. - М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК СЕЗІМДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация: Кіші мектеп жасындағы оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамытудың түрлері музыка туралы әңгіме, аспапта ойнау үйірмелері (фортепиано, баян, аккордеон), т.б. болып табылады. Қазіргі уақытта, қабілетіне қарамастан аспапта ойнауды дұрыс бағытта: нотаға қарап бірден ойнап кетуді, естуі бойынша аспапқа салуды импровизациялай білуді дағдыландырса, кез келген бала аспапты игеріп алады. Сондықтан мұғалім оқушыны ынталандырады және қызығушылықтарын оятып, шығармашылық тұлға болып қалыптасуына жетелейді.

Осы орайда кіші мектеп жасындағы оқушылардың адамгершілік сезімдерін қалыптастыру ерекше педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Бүгінгі қоғамда адамгершілік тәрбие, соның ішінде оқушылардың адамгершілік сезімдерінің алатын орны ерекше екені байқалады.

Тірек сөздер: кіші мектеп жасындағы оқушылар, адамгершілік сезімдер, музыка, ансамбль, аспапта орындау, халықтық музыка, музыкалық тәрбие беру.

Еліміздің Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы азаматтық қазыналар, ғылыми практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Бүгінгі жалпы білім беретін мектеп қоғамның алға қойған көкейкесті міндеттерін жүзеге асыру үшін баланың табиғи мүмкіндіктерін, қабілеттерін дамытып, дүниежүзілік деңгейдегі жоғары мәдениет пен қажетті білім қорын жинақтаған, өз алдына жауапты шешімдер қабылдай алатын, әр істе белсенді шығармашылық әрекет жасайтын жеке тұлғаны тәрбиелеуі тиіс. Қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі. Еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселенің бірі - өркениетті, адамгершілік сезімі дамыған,



сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу [1]. Дүние жүзінде, оның ішінде қазіргі таңда әрбір жеке тұлғаның құндылық, қасиеттерін дамытып, қалыптастыруға аса мән беріліп отырғаны белгілі. Әсіресе, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар арқылы оқушылардың жеке бас қасиетін дамыту мүмкіндігіне барынша көңіл бөлінгенін ғылыми-зерттеу еңбектерден аңғарамыз. Оқушының есте сақтау мен танымдық қызығушылық қабілеті жақсы болады. Егер балаға қызығушылығына қарай жүйелі мәлімдемелер түсіп отырса, баланың даму үрдісі шапшаңдайды. Біз бұл жерде Л.В.Занковтың идеясын негізге алдық. Ол баланы қоғамдық өмірдің әр түрлі жақтарымен еркін араластыру керек, әр түрлі баланың дамуы үшін туындайтын шегіністерден қашпауымыз керек, керісінше, баланың дамуына қандай дәрежеде ықпал еткенін айқындай отырып, жүргізу қажет деген ұсынысын зерттеуді қарастырамыз [2].

Халықтың музыкалық фольклорына құрметпен қарап, ұлттық салт-дәстүрімізді қастерлеуге баланы жас кезінен баулығанда ғана, ол ертеңгі өз отанының нағыз азаматы болады. Халық музыкасы мен кәсіптік музыканың өзара байланысын сезіну арқылы бала классикалық күрделі музыканы түйсінеді. Сондай-ақ, ұлттық музыка мен дүниежүзі музыкасындағы халық ән-күйлері аудармасыз-ақ, бар халыққа түсінікті тіл екендігін ұғынады.

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты – музыка өнері арқылы рухани бай, шығармашылығы мол, халық өнерін өмірдің бейнесі ретінде түсініп, оны сүйе білетін, халқымыздың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қастерлейтін, классикалық музыканы және басқа халықтардың өнерін құрмет тұтатын жеке тұлға тәрбиелеу.

Қазақстан композиторларының әндерін түсінуге, оған сүйіспеншілікпен қарауға, көркемдік талғамы мен музыкалық қабілетін дамытуға (музыканы есту қабілеті, ырғақты сезінуі, есте сақтай білу, орындаушылық қабілеті т.б.) қол жеткізіледі. Осыған орай, бүгінгі күн әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамыту жолдары шешуші фактор болуы заңдылық. Мектеп оқушысының адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күннен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастарында көзге түседі. Бастауыш сыныптарда адамгершілік сезімдердің дамуы, мінез-құлықтың, сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік сезімдерін дамыту, ең алдымен, оқыту үрдісі барысында жүзеге асады. Түрлі пәндерді оқу кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге белсенді көзқарасы, Отан туралы ұғымдары қалыптасады және кеңиді. Үлкенді сыйлауды, ата-аналарды құрметтеуге, еңбектенуге, ізеттілік сақтауды үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсінуге дағдыланады. Олар мектепте оқу-әрекетіне өзінің қатынасын, жанұяда, қоғамдық орында өзін-өзі ұстауды біледі. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының дербес және қоғамдық мінез-құлқы және адамгершілік сезімдері дамиды. «Өнер - білім бұлағы» дейді халқымыз. Өнердің қай саласы болса да адамдарға рухани күш-жігер беріп, ерекше қуаныш, сүйініш, толқу сезімдерін оятады. Өнер саласының бірі - ол музыка. Оқушыларға музыкалық тәрбие беру барысында мектепте белгілі бір жүйелі бағытпен музыка сабағы жүргізіледі. Бастауыш сыныптарда, музыка



сабағын қоршаған ортаның әсемділігін көрік, естіп отыратын, бағалай білуге арналған. Баланың музыка жайлы түсініктерін анықтай отырып, музыканың алғашқы негіздерімен, тарихымен таныстыра отырып, таным түсінігін отырып, таным түсінігін дамытып, музыкаға деген қызығушылығын арттыруға баулу қажет. Музыка туралы мағлұматты жүйелі меңгеру іскерлік пен дағдының қалыптасуы, ең алдымен, қайырымдылық, имандылық, адамгершілік сезімнің музыкаға деген қызығушылығына бағытталу керек. Музыка дегеніміздің өзі балаға музыка тілімен жетеді. Музыка арқылы бала тәрбиелік және білімділік қасиеттерді бойына сіңіреді. Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның моральдық бейнесін қалыптастырады. Музыка баланың жеке басының адамгершілік сезімдерін дамыту үшін қажетті жағдайлар туғызады. Жалпы білім беретін мектепте музыкалық білім беру мақсаты - оқушылардың рухани өмірін байыту, адамгершілік сезімдерін жоғары дәрежеге жеткізу, музыкалық өмірдегі құбылыстарды бағалауда дұрыс бағыт беру болып табылады. Мектептегі музыка сабағы тек қана музыка жөнінде мағлұмат беріп қана қоймай, ең бастысы, жас ұрпақты жоғары, адамгершілік және азаматтық қасиеттерге баулу болғандықтан, музыка мұғалімінің алдына жоғары деңгейдегі міндеттер қойылып отыр. Мұғалім оқушыларға музыка сабағы үстінде адамгершілік сезімдерін дамыту кезінде мектеп репертуарының шешуші маңызы бар екенін есінен шығармауы тиіс. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеп алынған шығармалар ғана тәрбие жұмысына қажетті мол дүние бола алады.

Оқушылардың адамгершілік сезімдерін дамытудың сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың, музыка туралы әңгіме, аспапта ойнау үйірмелері (фортепиано, баян, аккордеон) соңғы он жылдықтарда орын алды. Әсіресе, шағын жинақталған мектептерде музыкалық тәрбие берудің түрлерінің маңызды бөлігі осы аспапта ойнау үйірмесі болды. Қазіргі уақытта, қабілетіне қарамастан аспапта ойнауды дұрыс бағытта: нотаға қарап бірден ойнап кетуді, естуі бойынша аспапқа салуды импровизациялай білуді дағдыландырса, кез келген бала аспапты игеріп алады. Алғашқы сабақтан бастап ансамбльдерде ойнауды машықтандыру керек. Мұғалім оқушыны ынталандырады және қызығушылықтарын оятып, шығармашылық тұлға болып қалыптасуына жетелейді. Мұғалім оқушыларының концерттік қойылымдарын қадағалап, мектептегі тәрбиелік жиындарға қатысуын, тақырыптық кештерге, көркемдік жеке шығармашылық кештерді ұйымдастыруын қадағаласа өнерлі балалар үйірмелерге көптеп тартылады. Сайыпкелгенде, музыкалық-ағарту қызметі жеке сапаларының тәрбиесіне әрдайым мүдделі мүмкіндік туғызып, жағдай жасайды. Соңғы кездері балалар фольклорлық ансамблі назарға түсіп жүр. Осындай үйірмелерді құру үшін мұғалімнен үлкен білімділікті, халық өнерімен таныс болып, жанрлық және аймақтық ерекшеліктерін білуі талап етіледі. Халық әндеріне деген қарым-қатынастың өзі тәрбиелік мәнге ие. Ансамбльдер кіші сынып оқушыларынан немесе жасөспірімдерден құрылуы мүмкін. Балалар музыканы тыңдау мәдениетінен, музыкалық талғамды қалыптастырудан, концерттерге қатысып, музыканы тыңдай білуден музыкалық тәрбие алады.

Фольклорлық музыкалық ансамбльмен жұмыс жасау мұғалімнен әннің немесе шығарманың мұқият сараптау жасауын талап етеді. Сонымен бірге әндерді дұрыс тандай білу әдісі шағын жинақталған мектептерде рухани мәдениетке тәрбиелейді. Музыкалық тәрбиені мектепте сыныптан тыс уақытта жүргізуде ансамбльдер мен оркестрлердің атқаратын қызметі ерекше. Соның ішінде фольклорлық музыкалық ансамбльді атап кетуге болады. Фольклорлық музыкалық ансамбльдің әрбір аспабы тембрлік, техникалық және көркемдік жағынан ерекшеленеді. Ансамбльге музыкалық репертуарды дұрыс тандай білу



де керек. Ансамбльдің мүмкіндігіне қарай, техникалық шеберлігіне бой ұсына отырып репертуар таңдалады. Бастапқы сатыда онай пьесалар, мелодиялық халық әндері сонымен қатар кеңес композиторларының белгілі әндері үйірме жұмысына қатысушыларға музыкалық өнерге деген махаббаттарын оятады. Мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды жүйелі түрде жеткізіп отыру оқушылардың музыка сабағынан алған білімін бекітеді және толықтыра түседі, өмір мен өнердегі әсемділіктен алған адамгершілік сезімдері, балалардың музыкалық ой-өрісін дамытады. Мектептегі сыныптан тыс өткізілетін жұмыс формаларының, әсіресе, ұзартылған күн топтары үшін маңызы айырықша. Бұл топтарға қатысатын балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра білу өте қажет. Музыка туралы әңгімелер, сүйікті шығармаларды тыңдау, талқылау, тағы да басқа сыныптан тыс жұмыстар түрлері осы музыка сабақтарында оқушылардың адамгершілік сезімдерінің даму рөлі өте зор. Мектеп оқушылары қашан да осы музыкалық -адамгершілік сезімдері дамуы арқылы әр түрлі жетістіктерге жете алады.

Бала өмірге қандай да бір керемет қасиетпен келсе де, оқусыз, шығармашылықсыз ол дамымайды. Бұл туралы көптеген ғалымдар былай топшылайды: қабілеттердің бәрі еңбектену арқасында ғана шыңдалып, гүлдейді, ал еңбексіз ол өшіп, сөнеді. Баланың қандай да кез-келген шығармашылық талпынысын құптауымыз керек. Себебі, оның астарында баланың таза, ашылмаған шығармашылық бастауы жатыр. Оқушыларды шығармашылыққа баулу, өз бетімен әрекет жасауға үйрету бүгінде көптеген ғалымдардың көзқарасы бойынша ХХІ ғасырдың іске асуға тиісті өзекті проблемасы болып табылады. Лемберг, Лоланд, Богоявленский, Занков және тағы басқа да көрнекті ғалымдардың еңбектерінде шығармашылыққа баулу - оқушылардың өзін-өзі бақылауын қалыптастыру [3]. Ақыл-ой тәрбие беру құралы ретінде анықталады. Ғалымдар шығармашылықты біртұтас бүтін, өзара байланысты құбылыс ретінде қарай отырып, жеке бастың шығармашылық сапасын дамытуда оқытудың маңыздылығын ерекше атайды. Өнер мен ғылым қайраткерлерінің еңбектерінде шығармашылық ең алғаш процесс есебінде қарастырылған. Қазақ отбасында ежелден-ақ музыкалық аспапқа, музыкалық шығармашылыққа балаларды ынталандырудың өзіндік әдістемесі болды. Балалар сәби жастан музыкалық аспапты ойнауға үйретіліп, оларға ата-аналары немесе өнерпаз, дарынды адамдар үлгі-өнеге көрсетіп отырған. Қазақтардың музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету халықтың тәрбие дәстүрлерінің әдістері алуан түрлі: Халқымыздың музыкаға үйрету мен тәрбиелеудегі өзіндік ерекшелік сауатты адамдардың тапшылығымен, музыкалық мәдени жазуының болмауымен, арнаулы музыкалық оқу орындарының жоқтығымен, белгілі бір білім мөлшерін игеру және өз шеберлігін үнеме жетілдіріп отыру үшін көрген-естігенін есте сақтай білу қабілетін айрықша дамыту қажеттігімен, халықтың өмірі мен тұрмысының өз ерекшеліктерімен байланысты болды. Халықтың музыкалық және поэтикалық шығармашылығында жырлаған халықтың отанға, туган жер табиғатына, көз жетпейтін ұлан-байтақ қазақ даласына деген сүйіспеншілігі музыкалық және эстетикалық тәрбие құралы болды. Қазақ халқының музыкалық тәрбиесі, мәдениеті сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтың елеп-екшеуінен өтті, біздерге жеткен музыкалық бай мұрасы бүгінгі күні де жеткіншек ұрпаққа тәрбие беруге ойдағыдай қызмет ете алады. Қорыта келе, ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. “Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады,” – дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.



Нагимова М.М., Таспаева С.Ж.

Аспекты формирования человечности у учеников младшего школьного возраста

Средствами формирования человечности являются разговоры о музыке, курсы обучения игре на музыкальных инструментах (фортепиано, баян, аккордион) и др. На современном этапе, несмотря на индивидуальные способности, возможно обучение игры на музыкальных инструментах с помощью воспроизведения нот и импровизации. Таким образом, преподаватель должен заинтересовать ученика и способствовать дальнейшему становлению творческой личности.

Таким образом формирование человечности у учеников младшего школьного возраста требует особого педагогического мастерства преподавателя. В современном обществе воспитанию человечности отводится особое роль.

Ключевые слова: ученики, младшего школьного возраста, чувство человечности, музыка, ансамбль, инструментальное воспроизведение, народная музыка, музыкальное воспитание.

Nagimova M., Taspayeva S.

The aspects humanity formation of junior school age pupils

The facilities of forming humanity are talking about music, the courses of training play on musical instruments (piano, bayan, accordion), etc. At modern stage, inspite of individual abilities, its possible teaching play on musical instruments with the help of note reproduction and improvisation. Thus, the teacher must awake pupils interest and assist in formation of creative personality.

Thus, the formation humanity of junior school pupils requires special pedagogical skills of the teacher. In modern society the education of humanity has particular role.

Key words: the pupils of school age, the sense of humanity, music, ensemble, the instrumental reproduction, folk music, the musical education.

Әдебиеттер

- 1 Қаскабасов С. А. «Қазақ өнерінің тарихы». - Алматы, 2008.
- 2 Қоңыратбай Т. «Музыка өнері». – Алматы, 2009.
- 3 Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие». – Алматы, 1995.
- 4 Жұбанова А. «Замана бұлбұлдары». – Алматы, 1975.

УДК 378.2

Уайдуллақызы Ә. -

PhD докторант Абай атындағы Қазақ Ұлттық

Педагогикалық Университетінің

Магистратура және PhD докторантура институты

E-mail: elmira_uaidulla@mail.ru

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ПАЙДАЛАНУ**

Аннотация Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін және нәтижеге қол жеткізе алатын білімді тұлғаны тәрбелеу мәселесін қойып отыр. ҚР президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатынын, осыған орай білім жүйесін реформалаудың нәтижелерінің бірі болашақ мамандардың өмірге келуі болуға тиіс екенін айрықша атап өтті. Аталған міндеттерді толық жүзеге асыру мақсатында заман талабына сай білім беру жүйесін жасап, болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми өндірістері үшін кең ауқымда ойлай алатын, құзыреттілігі жоғары кадрлар қорын жасақтау туралы тұжырым Елбасы Жолдауының ғылыми және тәжірибелік құндылығын айқындай түседі.

Кілт сөздер: Болашақ маман, кәсіби құзыреттілік, инновациялық технология.



Қазақстан Республикасы 2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттерінде: жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету; жоғары білімнің еуропалық аймағына кірігуді қамтамасыз ету; білімнің, ғылымның және өндірістің бірігуін қамтамасыз ету, зияткерлік меншік пен технологиялардың өнімдерін коммерцияландыру үшін жағдай жасау; жоғары білікті ғылыми және ғылым-педагог кадрларды даярлау, – деп көрсетілген [1.26.]. Бұл міндеттерді шешуде университеттер мен институттарға келелі мәселелерді жүктеп, реформаны жүзеге асыруды міндеттейді. Әлемдік білім кеңістігіне енуде *Болон декларациясының* талаптарына сай, *2003-2004 оқу жылынан бастап* жоғары оқу орындарының білім жүйесінде реформалар жүргізілуде. Оның айғағы Қазақстанда *жоғары оқу орындары кадр даярлаудың үш деңгейлі моделіне – бакалавр – магистр – философия докторы (PhD) – көшті*. Болон үдерісі бойынша кредиттік оқыту жүйесі енгізіліп, бірқатар мамандықтардың бағдарламалары халықаралық орталықтардан аккредиттеуден өтуде.

Аталған тұжырымдамада жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мақсаты: еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін және жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу, - деп нақтыланған [1].

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін жоғары оқу орындарында тек білікті маман даярлаумен шектелмей, әрбір білімгердің зияткерлік қабілетін ашуға жағдайлар жасалып, оларды ғылымға баулу көзделеді. Мұның өзі бүгінгі магистранттардың ғылыммен айналысуға, яғни өзінің әлеуетін көтеруге, қызығушылығын өтеуге қажетті ғылым жетістіктері туралы ақпарат алуға, оны саралауға, ғылыми жобаларға қатысуға, зерттеу жұмыстарымен айналысуға жетелейді.

Республикамызда *«Ғылым туралы»* заңның қабылдануы келешекте еліміздің ғалымдарының ашқан ғылыми жаңалықтары әлемдік кеңістікке шығуға, еуропа елдерімен бәсекеге түсе алатын, нарықтық экономикаға төтеп бере алатын, жаңа инновациялық технологияларға негізделген жобаларды жасауға мүмкіндік туғызады. Ол үшін әрине ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми-зерттеу лабораториялары жаңа технологиялармен қайта жабдықталып немесе жаңадан жабдықталуы тиіс. Осы жобаларды іске асыратын жоғары білікті ғылыми және ғылым-педагог кадрларды даярлау жоғары білімнен кейінгі білім алған мамандар екені белгілі.

Сондықтан да болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық технологияларды пайдалану олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында нақты мақсат қойып, оны жүзеге асырудың міндеттерін шешуде белгілі нәтижеге жетуге мүмкіндік туғызады.

И.А.Зимняяның пікірінше, жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің кәсіби оқуға бағдарлануы білім сапасын бағалауда нәтижеге бағыттап, яғни студенттердің құзыреттігін қалыптастыруға мән берілу керектігіне назар аударту қажет [2]. Автордың пікірін қорытындылай отырып, кәсіби құзыреттіліктер кәсіби сипатқа ие болып, олар субъектінің тұлғалық дамуын көрсететін іс-әрекеттің нәтижесі түрінде көрінеді, - деп санаймыз.

Педагогика ғылымында «құзыреттілік» ұғымын қабілеттілік, біліктілік, икемділік ұғымдарымен үйлесімді қарастыратын ғалымдардың бірі Ә.М.Құдайқұлов «қабілеттілік – белгілі бір қарекетті нәтижелі орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі, - деп тұжырымдайды. Ол қарекетті жылдам,



тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғары деңгейі – шығармашылық, таланттық, дарындылық, данышпандықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді» [3] - десе, ал М.Ж. Жадрин «біліктілік – білім жүйесінің соңғы нәтижесі студенттің жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып, дамитын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер» – деп түйіндейді [4]. Сонымен, құзыреттілік ұғымы білім, біліктілік, дағдының жай жиынтығы емес, оқу нәтижелерімен қатар студенттердің шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді, – деген қорытынды жасауға болады.

А.Е.Әбілкасымова педагогикалық құзыреттіліктің оқыту үдерісінде қалыптасу кезеңдерін төмендегіше көрсеткен:

I кезең – жалпы білім беретін мекемелерде оқылатын ғылымдардың негіздері бойынша ақпараттық құзырлылық қалыптастыру, оқылатын курстың мазмұнына байланысты дағдылар мен біліктерді меңгеру бір мезетте іске асады.

II кезең – жоғарғы білім алу мүмкіндіктерін түсіну, мағыналы құндылықтарды бағалау, педагогикалық білім алу шешіміне ниеттеуші сеп-түрткі жүйелерінің қалыптасуы.

III кезең – педагогикалық даярлық (рейтинг жүйесі бойынша), апробация (дидактикалық ойындарда, педагогикалық практикада сабақ талдауға қатысу) жеке тұлғалық-бағыттылық, іскерлік тұрғысынан қарап өзін-өзі бағалау, өз бетімен білімдену және өзін-өзі түзету жүйесін енгізу.

IV кезең – кәсіби-педагогикалық құзырлылықты іске асыру тәжірибесін педагогикалық практикада игеру, кемшіліктерін ұғыну.

V кезең – педагогикалық құзырлылықтың теориялық жағын игеру. Жобалау, теориялық бөлім алдыңғы кезеңдерде жоспарланса, тәжірибелік зерттеу жұмыстары педагогикалық практика мерзіміне түседі. Студент қысқа мерзімді эксперимент өткізеді (10-12 сабақ), кіріспе және қорытынды нақтамада оның тиімділігін анықтайды, оқушыларға анкета жүргізеді, математикалық статистика әдісін қолданып өткізген диагностикалық зерттеулерінің нәтижесін талдайды. Бұл өте жауапты кезең, студент өзінің педагогикалық қызметке «жарамдылығын» тексереді.

VI кезең – студенттің кәсіптік-педагогикалық дайындығының қорытындысы дипломдық жұмысты қорғау және мемлекеттік бағалау емтиханын тапсыру болып табылады [5].

Біз зерттеу ғылыми зерттеу жұмысымызда автордың пікірін толық басшылыққа аламыз, өйткені студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда әр кезеңнің алатын орны ерекше. Е.Ы.Бидайбеков студенттерді ақпараттық технология құралдарын қолдануға әдістемелік тұрғыдан дайындау мәселесін зерттей келе, білімдендіруді ақпараттандырудың жалпы мәселелері, оның бағыттары, оны жоғары оқу орындарында мамандар дайындау мен бағыты ретінде қарастырған. Сонымен қатар, автор тьютор еңбегінің тиімділігін арттыруға бағытталған қазіргі кезде жасалынған, жалпы орта білім беру жүйесінде пайдаланылатын бағдарламалық құралдарды атап көрсеткен. Оларға: өзінің кәсіби қызметін іске асыру үшін қажет ақпараттық ресурстар мен электрондық ақпараттарға қол жеткізу құралдары; оқытудың мазмұны мен әдістерін жоспарлау құралдары; тьютордың қолында бар, оқу және әдістемелік ресурстың әрқайсысын пайдалануды жоспарлаудың ішкі жүйесімен қоса, оқу және әдістемелік материалдарды қысқа және кеңейтілген сипаттау құралдары; әр студенттің сабақ бойынша жекеленген мәліметтерді ескеруге мүмкіндік беретін жүйелер мен мәліметтер қоры; әр студент оқуының нәтижелері мен барысы



туралы ақпарат беру құралдары жататындығы, студент портфолиосын атап өтуге болады [6]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, ақпараттық құралдарды пайдалану тьютор үшін тиімді деп санаймыз.

В.В.Краевский мен И.Я.Лернердің пікірлерінше, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзырлығы. Осылайша түсіндірілетін құзыреттіліктер негізгі немесе тұғырлық және кәсіби болып бөлінуі мүмкін. Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын айқындады және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуал негізі ретінде танылып отыр [7]. Бұдан шығатын қорытынды осы «тұжырымдамаға» және басқа зерттеушілер қорытып шығарған тұжырымдар негіз болғанын көреміз.

Б.Т.Кенжебеков жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған [8]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ, құзыреттілік жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген біліктіліктерінің белсенділігінен көрінеді.

Ғылыми зерттеулерге теориялық талдау жасай келе, мынадай тұжырымға келдік: оқыту үдерісінде магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда негізгі мәселелерді инновациялық технологияларды пайдаланып өздігінен шеше алатын, шығармашылық ізденіске түсе алатын, педагогикалық үдерісті оңтайлы ұйымдастыруға қабілетті кәсіби маман даярлау жүйесін жетілдіруде электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер даярланып тәжірибеге енгізілуі тиіс.

Қорыта келгенде, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда инновациялық технологиялардың пайдаланудың педагогикалық үдеріске де тікелей қатынасы бар, өйткені олар білім алушылардың білім, біліктіліктерінің яғни түйінді құзыреттілігін құрайды, бұл әрине магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді, – деп санаймыз.

Уайдуллақызы Э.

Будущее на формировать профессиональную компетентность специалистов использовать инновационные технологии

Общественный развитие теперешний тенденция сам деяние выгодный планирую беру, познаваемость деятельность есть взятым образованный место использую знаю и результат достигаю беру образованный личность тәрбелеу вопрос ставлю сию. Президент РК Н.Ә. знание система в связи с этим нация соперничество способность Назарбаев Казахстан народ посвящаюсь послание первый очередь отара образованность уровень есть выясненным, реформирую результат один будущее специалист жизнь прихожу есть касаюсь есть особый упоминаю. именованный обязанность полностью исполняю цель эпоха требование овраг образую система делаю, будущее верх технологический и научный производство для просторный круг думаю беру, компетентность высокий кадр ресурс организую отряд о вывод глава государства послание научен и опытность ценность уточняю.

Ключевые слова: Будущее специалист, профессиональная компетентность, инновационная технология.



Uaidullakizi A.

Future on to form professional competence of specialists to use innovative technologies

Public development nowadays tendency act advantageous I plan I take, cognizableness activity is taken form a place I use I know and result I arrive at I take form personality a тәрбелей question I put I sit. President ҚР Н.Ә. knowledge system in this connection nation rivalry ability of Назарбаев Kazakhstan people I am dedicated message first turn отара form a level is found out, I reform one result the future specialist life I come to eat I touch I am special I mention. named a duty fully I carry out aim epoch requirement a ravine I form system I do, future a top is technological and scientific production for spacious circle I think I take, competence high shot a resource I organize detachment at a conclusion head of the state message scientific and experience a value I specify.

Key of word : the Future specialist, professional competence.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы 2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2010 ж.
2. И.А.Зимняя Компетентностный подход в образовании. Проблемы качества образования. – М., 2004. – С. 34-38.
3. Ә.М.Құдайқұлов Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. - Алматы: Школа XXI века, 2006. – 76 б.
4. М.Ж. Жадрина Ориентация на результат как условие реализации компетентного подхода к образованию в школе //Казахская академия образования им. Ы.Алтынсарина. – Алматы, 2004.
5. Ж.Қ.Түймебаев, А.Е.Әбілқасымова және т.б. Образование и наука. Энциклопедический словарь – Астана, 2008. 448 с.
6. Е.Ы.Бидайбеков Подготовка специалистов совмещенного и информационного профиля в Республике Казахстан. - Алматы: АГУ им. Абая, 1998. – 123 с.
7. В.В.Краевский мен И.Я.Лернер Теоретические основы содержания общего и среднего образования. – М., Педагогика, 1983.-214с.
- 8.Б.Т.Кенжебеков Маманның кәсібі құзыреттілігінің теориялық негізі //Бастауыш университет. – 2005, №3. – Б. 3-7.

УДК 37.018

Мунайдарова Б.Б. – ст. препод. ЗКГУ им. М. Утемисова
E-mail: bakhyta.m@mail.ru

ВЛИЯНИЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ В СЕМЬЕ НА РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА

Аннотация. Данная статья посвящена вопросам определения и развития отношений в семье, функции семьи и ее воспитательного потенциала, родительских установок, позиций и гибкости, рассматриваемые в психологии как деятельностный аспект, влияющие на взаимоотношения в семье и развитие ребенка.

Ключевые слова: малая группа, семья, родители, ребенок, коллектив, взаимоотношения, семейное воспитание.

Психология и поведение отдельного человека как личности существенно зависит от социальной среды. Социальная среда представляет собой сложно устроенное общество, в котором люди объединены друг с другом в многочисленные разнообразные более или менее устойчивые соединения, называемые группами. Среди таких групп можно выделить большие и малые.



Большие группы представлены государствами, нациями, народностями, партиями, классами, другими социальными обществами. Они выделяются по профессиональным, экономическим, религиозным, культурным, образовательным, возрастным, половым и другим всевозможным признакам.

Непосредственным проводником влияния общества и больших социальных групп на индивида является малая группа. Она представляет собой небольшое объединение людей (от 2-3 до 20-30 человек), занятых каким-либо общим делом и находящихся в прямых взаимоотношениях друг с другом. Малая группа представляет собой элементарную ячейку общества. В ней человек проводит большую часть своей жизни. Известный тезис о зависимости психологии и поведения личности от социальной среды правильнее было бы сформулировать как мысль о зависимости личности от психологии и отношений, существующих в малых группах.

Семья как малая группа характеризуется глубокой внутренней психологической и поведенческой обязанностью ее членов, которая делает ее относительно автономным социально-психологическим образованием. Семью можно отнести к естественно малой группе, так как она возникает и существует исходя из потребностей её членов. Так же, семью можно охарактеризовать как высокоразвитую малую группу по тому, что в ней присутствуют - достаточная психологическая общность, налаженные личные взаимоотношения - сложившаяся структура взаимодействия, четкое распределение обязанностей и т.д. Для того чтобы назвать семью коллективом, она должна соответствовать ряду весьма высоких требований, которые определяют высокоразвитую малую группу как коллектив:

- успешно справляться с возложенными на неё задачами;
- иметь высокую мораль, хорошие человеческие отношения;
- создавать для каждого своего члена возможность развития как личности.

Психологически развитой, как коллектив считается такая семья, в которой сложилась дифференцированная система личных взаимоотношений, строящихся на высокой нравственной основе. Такие отношения можно назвать коллективистскими. Они определяются через понятия нравственности, ответственности, открытости, коллективизма, организованности, эффективности и информированности.

В семье как в социальной системе различают несколько видов отношений. Социально-биологические отношения в семье охватывают сферу движения численности и половозрастной структуры семьи, сексуальные связи, проблему рождаемости и планирования семьи, родственного чувства, эмоционального фактора в воспитании детей, проблему наследственности. Хозяйственно-экономические отношения охватывают ведение домашнего хозяйства, соблюдение семейного бюджета, распределение обязанностей и пр. Юридические отношения охватывают сферу мотивации брака и развода, правового нормирования имущественных и личных прав и обязанностей супругов, отношений между родителями и детьми.

Нравственные отношения включает мужское и женское достоинство, сферу нравственного воспитания и самовоспитания, вопросы полового воспитания, проблему трудового воспитания. Психологические отношения охватывают сферу различных психологических особенностей личности, преодолении противоречий между супругами, между родителями и детьми, формирование чувств, установок, психологической совместимости и психологического климата. Эстетические отношения включают эстетическое



воспитание и самовоспитание, эстетику отношений, поведения, речи, одежды, жилища. Эстетические отношения наряду с нравственными и психологическими, образуют основу культурной преемственности в семье. Эмоциональное значение этих отношений очень велико. Они затрагивают ценностные ориентации личности каждого члена семьи и определяют в целом успешность семейной жизни. Успешность семейной жизни или её неблагополучие влияют и на психику, и на соматический статус человека.

Социальная сущность семьи проявляется и в её функциях: репродуктивной, хозяйственно-потребительской и воспитательной. Репродуктивная функция - это воспроизводство населения. С детства должно формироваться чувство уважения к семье, к родителям, к братьям, сестрам, к общению в семье. Репродуктивная функция зависит, прежде всего, от стабильности семьи. Хозяйственно-потребительская функция включает ведение домашнего хозяйства, расчет домашнего бюджета, управление семьей, проблему труда, социализацию ребенка.

Одной из важнейших является воспитательная функция. Влияние семьи на воспитание личности глубоко индивидуально и долговременно. На личность ребенка оказывают влияние своеобразие нравственных устоев, образ жизни, ценностные ориентации родителей, межличностные отношения. Сложная система межличностных отношений в семье в первую очередь зависит от супружеских взаимоотношений. Проблемами семейного воспитания занимались многие выдающиеся педагоги и психологи как В. А. Сухомлинский [1], Н. К. Крупская [2], А. С. Макаренко [3], Л. Н. Толстой [4], П. Ф. Лесгафт [5], А. Я. Варга [6], В. К. Котырло [7], А. С. Спиваковская [8], В. Я. Титаренко [9] и др.

Большое значение для воспитательного потенциала семьи имеют такие ее составляющие, как образовательный уровень родителей, общая культура, педагогическая активность, умение устанавливать добрые отношения со всеми окружающими, структурный тип семьи, возраст отца и матери.

Различают три основных стиля: авторитарный, демократический и либеральный.

Авторитарный стиль представляется как жесткое декларирование родителями требований, которые охватывают всю жизнь детей. В семье проявляются силовое давление, агрессия, диктат, черствость и холодность, бесцеремонная внимательность.

Либерализм в семье характеризуется полным безразличием членов семьи друг к другу, полным попустительством. Каждый из членов семьи живет своими делами, заботами, мыслями.

Демократизм основывается на взаимной заинтересованности, поддержке и взаимопомощи. При авторитарном стиле потребности детей подавляются, а при либеральном - игнорируются, то в демократической семье наблюдается постоянный ненавязчивый контроль над развитием ребенка.

Основным направлением в описании типологии семейного воспитания - это изучение воспитательных родительских установок и позиций. В общем виде это можно сформулировать как неоптимальные и оптимальные родительские позиции. Позиция - (от лат. positio). Мнение, точка зрения, отношение к чему - либо или соответствующее поведение.

Оптимальная родительская позиция отвечает требованиям адекватности, гибкости и прогностичности.

Адекватность родительской позиции представляется как понимание родителей индивидуальности своего ребенка, видение происходящих в его



И, тем не менее, подчеркивание необходимости создания у ребенка уверенности в родительской любви диктуется рядом обстоятельств. Не так редки



случаи, когда дети, повзрослев, расстаются с родителями. Расстаются в психологическом, душевном смысле, когда утрачиваются эмоциональные связи с самыми близкими людьми. Психологами доказано, что за трагедией подросткового алкоголизма и подростковой наркомании часто стоят не любящие своих детей родители. Главное требование к семейному воспитанию - это требование любви. Но здесь очень важно понимать, что необходимо не только любить ребенка и руководствоваться любовью в своих повседневных заботах по уходу за ним, в своих усилиях по его воспитанию. Необходимо, чтобы ребенок ощущал, чувствовал, понимал, был уверен, что его любят, был наполнен этим ощущением любви, какие бы сложности, столкновения и конфликты ни возникали в его отношениях с родителями или в отношении супругов друг с другом. Только при уверенности ребенка в родительской любви и возможно правильное формирование психического мира человека, только на основе любви можно воспитать нравственное поведение, только любовь способна научить любви.

Как правильно построить диалог родителей с детьми? Этот вопрос можно часто слышать при работе с семьей. Главное в установлении диалога - это совместное устремление к общим целям, совместное видение ситуаций, общность в направлении совместных действий. Речь идет не об обязательном совпадении взглядов и оценок. Чаше всего точка зрения взрослых и детей различна, что вполне естественно при различиях опыта. Однако первостепенное значение имеет сам факт совместной направленности к разрешению проблем. Ребенок всегда должен понимать, какими целями руководствуется родитель в общении с ним. Ребенок, даже в самом малом возрасте, должен становиться не объектом воспитательных воздействий, а союзником в общей семейной жизни, в известном смысле ее создателем и творцом. Именно тогда, когда ребенок участвует в общей жизни семьи, разделяя все ее цели и планы, исчезает привычное единогласие воспитания, уступая место подлинному диалогу.

Наиболее существенная характеристика диалогического воспитывающего общения заключается в установлении равенства позиций ребенка и взрослого.

Достичь этого в повседневном семейном общении с ребенком весьма трудно. Обычно стихийно возникающая позиция взрослого - это позиция «над» ребенком. Взрослый обладает силой, опытом, независимостью - ребенок физически слаб, неопытен, полностью зависим. Вопреки этому родителям необходимо постоянно стремиться к установлению равенства.

Равенство позиций означает признание активной роли ребенка в процессе его воспитания. Человек не должен быть объектом воспитания, он всегда активный субъект самовоспитания. Родители могут стать властителями души своего ребенка лишь в той мере, в какой им удастся пробудить в ребенке потребность в собственных достижениях, собственном совершенствовании.

Требование равенства позиций в диалоге опирается на тот неоспоримый факт, что дети оказывают несомненное воспитывающее воздействие и на самих родителей. Под влиянием общения с собственными детьми, включаясь в разнообразные формы общения с ними, выполняя специальные действия по уходу за ребенком, родители в значительной степени изменяются в своих психических качествах, их внутренний душевный мир заметно трансформируется.

По этому поводу, обращаясь к родителям, Я. Корчак [10] писал: «Наивно мнение, что, надзирая, контролируя, поучая, прививая, искореняя, формируя



детей, родитель, зрелый, сформированный, неизменный, не поддается воспитывающему влиянию среды, окружения и детей».

Равенство позиций отнюдь не означает, что родителям, строя диалог, нужно снизойти до ребенка, нет, им предстоит подняться до понимания «тонких истин детства».

Равенство позиций в диалоге состоит в необходимости для родителей постоянно учиться видеть мир в самых разных его формах глазами своих детей.

Проблемы семейного воспитания многоплановы. Нарушение функций семьи, воспитания: неоптимальный стиль общения и взаимодействия приводит к постоянным конфликтам, негативным тенденциям развития детей. Всех сложностей внутрисемейных отношений не избежать. Но воспитание чуткости, уверенности в себе помогут в решении семейных проблем с меньшими потерями, чем при стихийном течении событий.

Нельзя не подчеркнуть, что семейная атмосфера - отношение между членами семьи - ценности и родительские связи, создают исходную, решающую среду, в которой формируется личность ребенка. Из опыта семейной жизни он устанавливает представление о себе, о других, об окружающем мире в целом. Эта атмосфера формирует ценности самого ребенка, обеспечивает ему чувство защищенности (или незащищенности), собственной значимости.

Представленные некоторые педагогические рекомендации, могут помочь в семейном воспитании:

1. Необходимо определить собственную концепцию воспитания, т.е. обосновать принципы, которые хотелось бы реализовать в процессе взаимодействия с ребенком.

2. Определение диапазона невмешательства в дела ребенка. Этот диапазон увеличивается по мере взросления ребенка. Можно составить перечень действий, которые ребенок может совершать без разрешения родителей. Исследователи предлагают также дать ребенку возможность научить родителей, стараться быть ненавязчивым. Ребенок должен почувствовать, что он вправе влиять на события семейной жизни.

3. Нужно научиться диагностировать мотивы взаимодействия между родителями и детьми.

4. Умение владеть собой и ситуацией, сопротивляться внешним провоцирующим моментам.

5. Умение оберегать ребенка от внешних воздействий. Например, если нет возможности изменить обстоятельства, то всегда можно изменить отношение к ним, сделать менее травмирующим.

6. Постоянное наращивание воспитательного потенциала путем, вдумчивого анализа чужого опыта, заимствования эффективных средств воздействия.

7. Умение анализировать собственные ошибки в воспитании, конфликты, любое событие, тобою результат т.к. они являются почвой для дальнейшего изменения не только ребенка, но и самих родителей.

Мунайдарова Б.Б.

Отбасында бала дамуына өзара әрекеттестіктің әсері

Мақалада отбасы анықтамасы және отбасы қатынасының дамуы, отбасы функциясы және оның тәрбиелік ұстанымы, ікемділігі және отбасы бекітілімдері, психологияда іс-әрекеттік аспект ретінде отбасында бала дамуына өзара әрекеттестіктің әсерлері қарастырылады.

Тірек сөздер: шағын топ, отбасы, ата-аналар, бала, ұжым, өзара әрекеттестік, отбасы тәрбиесі.



В. В Munaidarova

Influence to family relationships on child development

This article is devoted to the definition and development of relations in the family, family functions and its educational potential, parental settings, positions and flexibility, as considered in psychology activity aspect affecting the relationships of family and child development.

Keywords: small group, family, parents, children, collective, relationships, family education, senior teacher

Список литературы:

1. Сухомлинский В. А.. Сердце отдаю детям. Рождение гражданина. Письма к сыну. -К.: Рад. шк" 1985.-557 с.
2. Крупская Н. К. «О дошкольном воспитании». Сб. статей и речей. Изд. 2-е. доп. М.: Просвещение, 1973. - 288 с.
3. Макаренко А. С., Лекции о воспитании детей. Общие условия семейного воспитания : Учебное пособие / А.С.Макаренко - М. : Знание 1984. 400с.
4. Толстой Л. Н. Собрание сочинений в 22 томах— М.: «Художественная литература», 1978—1985.
5. Лесгафт, П.Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение : Учебное пособие / П.Ф. Лесгафт - М. : Просвещение 1992. 200с.
6. Варга А.Я., Смахов В.А. Коррекция взаимоотношений детей и родителей. Вестник МГУ, Психология, 1986, I 4, с. 223.
7. Котырло В.К. Развитие волевого поведения у дошкольников. Киев, 1971.
8. Спиваковская, А.С. Как быть родителями : Учебное пособие / А.С.Спиваковская - М. : Академия 2001. 306с.
9. Титаренко В. Я. и др. Семья и формирование личности – Москва : Мысль, 1987. – 352 с.
10. Корчак Я. Как любить ребенка. Издательство "Книга", 1980.
11. Спиваковская А.С. «Как быть родителями»: (О психологии родительской любви). — М.: Педагогика, 1986. — 168 с.
12. Ковалев А.Г. «Воспитание ума, воли и чувств у детей». — М., 1981.

УДК: 376:1

Ерниязов О.Н.,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы,
педагогика магистрі.,
E-mail: Planeta_79@mail.ru

**ҮЙДЕ ОҚЫЛАТЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА
ПСИХОКОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация. Мақалада қазіргі уақыттағы инклюзивті оқыту мәселесі және денсаулық жағдайларына байланысты үйде оқытылатын балалармен жүргізілетін психокоррекциялық жұмыстың ерекшеліктері айтылады.

Тірек сөздер. Инклюзия, инклюзивті оқыту, инклюзивті білім беру, психокоррекциялық жұмыс.



Еліміздің Ата заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы тиістігі жазылса да, өкінішке қарай, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе күйінен түспей тұр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет [1].

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, бір-бірін дұрыс қабылдауға үйренеді.

Балалардың қажеттіліктері назардан тыс қалмай және дербес түрде қанағаттандырылған жағдайда олар жақсы оқиды. Балаға бағдарланған балабақшалар мен мектептер әр баланың әлеуетін ашуға ұмтылады, бала бойында адамдардың айырмашылығына шыдамдылық таныту дарытылады, отбасымен өзара қарым-қатынасты нығайтады. Дамуында ақаулары бар балалар үшін арнайы жағдайлар жасалуы керек. Ол үшін білікті тәрбиешілер мен мұғалімдер қажет болады. Оның үстіне педагогтар осы балалардың ата-анасымен ынтымақтаса білуі, оларға білікті көмек бере білуі тиіс.

Инклюзивті білім беру жүйесі кездесіп отырған күрделі мәселе - оған қоғам тарапынан туып отырған теріс көзқарас мәселесін жою. Ақпараттың аздығы, қорқыныш, бала құқын аяқасты ету – осының бәрі даму мүмкіндігі шектеулі балаларға теріс көзқарасты дамытады. Бір жағынан, арнайы оқыту әдістемесінің жоктығы инклюзивті білім беру үшін елеулі қиындықтар туғызады. Алайда, мұғалімдер бала бойындағы ауытқуларды дер кезінде анықтап, нақты іс-қимылға дайын болуы тиіс.

Соңғы жылдары шетелдік тәжірибеде «интеграция» түсінігінің орнына «енгізу» (inclusion) түсінігі келді. Білім берудің бұл формасы жайында ерекше мұқтаждықтары бар балалар олардың аға, апалары, көршілері оқитын мектепте оқиды; өздерімен жасты балалармен бір сыныпта, тіпті бір партада отырады; тиісті қолдау мен қамқорлыққа ие болады.

Инклюзия - бұл балаларды олардың жыныстық, этникалық және дінге қатыстылықтары, оқудағы жетістіктері, денсаулық жағдайы, даму деңгейі, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен басқа да айырмашылықтарына қарамастан жалпы білім беретін үрдіске толық енгізу үдерісі, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқу қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалаптастыру идеологиясы жатыр.

Тәжірибе көрсеткендей, бүгінгі қатаң білім беру жүйесінен балалардың бұл бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Ал, инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырыды.

Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға



мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту - адамдармен қарым-қатынасқа қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру - бұл тәсіл, оның ортасында әртүрлі білімділік қажеттіліктері бар бала орналасады. Ендеше, инклюзивті білім беру барлық балалардың дамуындағы ауытқуларға қарамастан шынайы ортада бірдей бағдарламамен оқып, білім алуын қамтамасыз ететін тәсіл. Негізгі идеясы – барлық балалар бірдей қарым-қатынасқа мұқтаж. Олай болса, төменгі жастағы балаларды инклюзивті оқыту идеясының қандай артықшылықтары бар? Кімге пайда әкеледі?

Артықшылықтың сипаттамасы дамуында ауытқуы бар балалар сегрегация (қалыпты балалардан бөлек ұстау) салдарынан құтылады, оның ішінде «ақыл-есі аз» деген «мөр» тағылудан және қалыпты балалармен шектеулі байланыс әсерінен жағымсыз қарым-қатынастың қалыптасуынан құтылады. Олар басқа балаларға еліктеу арқылы бейімделудің жаңа дағдыларын, сәйкес үлгілерді меңгереді. Олар өз қатарластарының қалыпты ортасына түседі, олармен қарым-қатынасқа түседі, жаңа әлеуметтік дағдылар, коммуникативті дағдылар және әлеуметтік қолдау шеңберін игереді. Шынайы өмір тәжірибесіне ие бола отырып, олар ересек өмір сүру жағдайына қажетті дағдыларды алу мүмкіндігіне ие болады. Оларға дамуы қалыпты балалармен достасу мүмкіндігі беріледі [2,42-6].

Дамуында ауытқуы бар балалар отбасы

1. Олар қалыпты даму үстіндегі балалар өмірімен таныс болады.

2. Мүмкін олар өздерін қоғамның басқа мүшелерінен тым көп окшауланбағанын сезінер.

3. Оларда даму қалыпты балалар отбасымен достық қарым-қатынас қалыптасып, ол отбасы қажетті көмек көрсетуі мүмкін.

Дамуы қалыпты отбасы:

1. Оларда даму мүмкіндігі шектеулі балалар отбасымен достық қарым-қатынас қалыптасуы мүмкін. Отбасына қажетті көмек көрсетуі мүмкін.

2. Өз балаларына олардан ерекшеленетін балаларды сол қалпында өз қатарына қабылдауды үйрету мүмкіндігі туады.

Аталған артықшылықтардың көпшілігі жүзеге аспай жатады. Оны жүзеге асыру үшін мақсатты және сақтық шаралар қажет. Көп жағдайда ол инклюзивті білім беру бағдарламасының практика жүзінде іске асуымен тығыз байланысты.

Дамуы қалыпты балаларға мынадай мүмкіндіктер беріледі:

- өзі қатарлас-мүгедек балалар жөнінде неғұрлым толық және шынайы түсінік алу, оларды және айырмашылығын қабылдау олардан ерекшеленетін адамдарға жағымды қатынас қалыптастыру. Бөгет болатын кедергілерге қарамастан олардың табысқа жетуін қолдау, жалпы білім беретін мектептердегі үдеріске мүмкіндігі шектеулі балаларды енгізу еріксіз, шарасыздықпен, жүйесіз түрде іске асуда. Оның факторлары мыналар:

- Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру мекемелер санының аздығы (әсіресе ауылдық жерлерде);

- Ата-аналар өз балаларын арнайы білім беру мекемелеріне беруден бас тартады: олар арнайы мектептің алыстығын, балаларды тасымалдаудың қиындығын алға тартады, баласын интернат жағдайында тәрбиелегісі келмейді. Әрбір ата-ана өз баласын дамуы қалыпты балалар қатарынан көргісі келеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасына алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында



жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалады.

Инклюзивті білім беру негізіне баланы кез-келген дискриминациядан құтқаратын, барлық адамға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білімділік қажеттілікті талап ететін балаларға арнайы жағдай жасайтын идеология салынған. Кез келген қатыгез білімділік жүйеден балалардың белгілі бөлігінің шығып қалатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Өйткені, жүйе мұндай балалардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға дайын емес. Бұл салыстыру мектептегі барлық балалар санының 15% құрайды, шығып қалған балалар окшауланып қалады. Инклюзивті тәсілдер мұндай балаларды оқыту мен жетстікке жеткізуде қолдау танытады, жақсы өмір сүру мүмкіндігін береді.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту жұмысы 2015 жылға қарай аталған міндетті шешу үшін мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары; мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, әртүрлі бұзушылықтары бар балалар үшін интеграция нысандары анықталады; мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру ережесі әзірленеді. 830 мектепте мүгедек балалар үшін санитарлық бөлмелерде көтергіш құралдар, пандустар, арнайы құрылғылар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жарактандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалады (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық алып жүрудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы). Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техника мен компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

Жоба тиімділігін бағалау критерийлері

1. Балалардың түрлі даму деңгейіне сай, сыныптар мен топтардағы табысты жұмысты қамтамасыз етудің ұсынымдарын игеруі.
2. Дамуында ауытқуы бар балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмысты ұйымдастыра білуі.
3. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жайын бағалау жүйесін меңгеруі.
4. Оқыту мен тәрбиелеудің дара оқу жоспарларын құрудың әдіс-тәсілдерін меңгеруі.

Жобаны тиімді түрде жүзеге асыруда кездесетін кедергілер, қиындықтар болуы мүмкін. Ол жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық-түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады. Мектептің педагогтары мұндай категориялы балаларды оқыту тәсілдерін білмейді. Соның нәтижесінде бұл оқушылар үлгермеушілер, әлеуметтік бейімделмген оқушылар қатарына жатқызылады. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептің ортасына енгізу жекелеген фактілер мен тәжірибелер түрінде іске асыруда, әзірше ғылыми-әдістемелік негіздемесі, нормативті-құқықтық тұғырнамасы, кадрлық, материалды-техникалық, оқу-әдістемелік базасы жасалмаған.



Инклюзивті білім берудің Концепциясын күнделікті өмірімізге енгізу үшін қоғамның мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға оң жағдайдағы қатынасын қалыптастыру керек. Бұл мақсатта қоғамның көпшілік бөлігінің, БАҚ-тың, қайырымдылық ұйымдарының, коммерциялық құрылымдардың және т.б. күштерін біріктіру қажет.

Білім беру саласындағы психологиялық қызметтің тәжірибесінде жалпы мектеп жасындағы балалардың психологиялық саулығы өзекті мәселе деуге болады. Мұндай мәселелер жан-жақты қарастыруды және балалардың дамуының барлық кезеңдерінде, баламен психологиялық жұмыстардың тәжірибе деңгейінде қарастырылып, әрі зерттеуді талап етеді. Үйден оқытылатын балалардың психологиясын жеке бастың адамдық көріністерімен тығыз байланыстыра қарастыру керек. Даму мүмкіндігі шектеулі үйден оқытылатын баланы жалпы мектепте білім алып жүрген баламен салыстыруға болмайды. Мұғалім болайық мейлі психолог болайық, ол баланың диагнозын естен шығармағанымыз жөн.

Даму мүмкіндігі шектеулі үйден оқылатын балалардың да қоғам өміріне өздерінің дәрежелері жеткендерінше белсене араласуына ықпал ететін, өз қадір-қасиеттерін қамтамасыз ету жағдайында толымды өмірге дені сау балалармен бірдей құқығы барын, Қазақстан Республикасының балалардың құқығы туралы Заңында айтылғаны бәрімізге белгілі.

«Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні қаріп» деп білімді күннің нұрына, мынның күшіне балайды. Сол үшін де қандай диагнозы болмасын, бала үйден болса да оқып білім алуы керек.

Психокоррекциялық (түзету) жұмысы белгілі бір жастан үйден оқытылатын баланың психологиясын, дамуын есепке отырып адамның ішкі дүниесіне әсер етуге негізделініп жүргізілетін жүйелі іс-әрекеті мен операциялар жиынтығы болып табылады. Үйден оқытылатын балалардың бойындағы қиындықтарды дер кезінде анықтап, психокоррекциялық түзету жұмыстарын жүргізуде ата-анамен, оларға сабақ беретін мұғалімдердің де көмектері ауадай қажет. Мінез-құлқында қиындығы бар баламен түзету жұмыстарын жүргізу кезінде төмендегі факторларды есепке алмайынша, іс табысты болмайды. Отбасылық жағдайы, досы, бос уақытында кіммен және қалай, оның өзінің тұлғалық ерекшеліктері қандай т.б. осындай ерекшеліктерін есепке алу оған дұрыс әсер ететіні белгілі.

Кез келген үйден оқытылатын баланың арманы жалпы мектептегі балалармен бірге оқу болып табылады. Бірақ оған балалардың денсаулығы көтермейді. Жәй балалардың өздерінде әр түрлі психологиялық жағдайларға байланысты эмоциясы, мінезі жиі өзгеріп отырады. Балаға ортасының, жанұясындағы отбасы мүшелерінің тигізер кейбір кері әсерлері де аз емес. Жеке зерттеулерімнен байқалғандай, үйден оқытылатын баланың көпшілігінің көңіл-күйлері әрдайым қабақтары қатулы, жабырқау, селсоқ болып келеді. Сол үшін де, ең бірінші балалардың көңіл-күйлеріне мән беруіміз керек.

Баланың көңіл-күйін (ойын жаттығулармен, әңгімелермен) көтеріп, ойын бір жерге жинақтап барып жұмыс жүргізуге болады. Сабақтың басында түстерді таңдау арқылы көңіл-күйін қайталап анықтау арқылы байқауға болады.

Үйден оқытылатын балаға дәріс беретін мұғалім мен психологқа баламен жұмыс барысында жылы сезіммен, кішіпейілділік, имандылық керек. Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен өткізілетін әрбір сабақты балалар өз күштеріне сенімділігін сезінетіндей олардың оқуға деген ықыластарын арттырып, қызығушылықтарын тудыратындай етіп өткізу қажет. Жалпы диагнозы бар



баламен жаксы қарым-қатынаста болып, сыйластықпен ізеттілік орнатып, жүрек жылуы болуын қамтамасыз ету.

Даму мүмкіндігі шектеулі үйден оқылатын балаларды зерттеу жасағанда қарапайым сұрақ-жауап, сурет салу, сауалнама алу сияқты әдістерді қолданған тиімді. Сонымен қатар ойын-жаттығулар барысында да зерттеуге болады. Зерттеу кезінде мынадай қиындықтар анықталады: дұрыс қарым-қатынас жасай алмаушылық, қорқақтық, өзіндік бағалауы томен, жасқаншақтық. Осы анықталған қиындықтарды түзету мақсатында баламен рөлдік ойындар, сұрақ-жауап әдістері, тынығуға арналған жаттығулар, әңгімелер жүргізіледі. Үйден оқытылатын баламен жұмыс жеке жүргізілетіндігін ескере отырып, түзету жұмыстарында ойындар, тынығуға, демалуға арналған жаттығуларды пайдаланған өте тиімді. Мысалы: «Мен және менің эмоциям», «Толқын», «Мен және басқалар», «Ойлан тап», «Раушан гүлі», «Доп» т.б.

Үйден оқитын бала, сабақ беретін мұғалімдер мен психологтарды тағатсыздана күтіп отырады. «Балалы үйде ұрлық жатпайды» демекші барғаннан бала бар білген, естігенін жайып салады. Әсіресе бұндай жағдайлар бастауыш сынып балаларында көптеп кездеседі [3,74-б.].

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 26 қарашасының 2004 жылғы № 974 бұйрығында, оқытылатын бастауыш сынып балаларын психокоррекциялық түзету жұмыстарын педагог-психологке аптасына (8 сағат) деп көрсетілгенмен, коррекциялық сағаттар психологтерге төленіп отырған жоқ. Мектеп психологы үйден оқитын баланы тек қана динамикалық бақылауға ғана алып отыр. Егер көрсетілген сағаттар психологтерге төленіп, баламен коррекциялық түзету жұмыстары жүргізілсе балаға да, ата-анаға, мұғалімге де көп көмек болар еді.

Әрбір баланың толыққанды психикалық жеке тұлғаның дамуына әсер ететін жағдайын қамтамасыз етіп, әр жас кезеңіндегі балалардың тұлғаның интеллектуалдық дамуына қолдау қорсету, олардың бойында өзін тану және өзін жетілдіру қабілеттерін қалыптастырайық.

О.Н.Ерниязов

Особенности проведения психокоррекционной работы с учениками начальной школы обучающихся на дому

В статье рассматриваются проблема инклюзивного обучения и особенности психокоррекционной работы с учениками начальной школы обучающихся на дому.

Ключевые слова: Инклюзия, инклюзивное образование, психокоррекционная

O.N.Erniyazov

Features of psychocorrectional work with students of elementary school students at home

The article deals with the problem of inclusive education and especially the psychocorrectional of primary school students studying at home.

Key words: inclusion, inclusive education, psihokorrekcionala

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы Заңы. - Алматы. 2008.
2. Сұлтанова А. Мектеп психологінің жұмыс кітабы. - Алматы. 2008.
3. Мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған психодиагностикалық қызмет. - Алматы. 2003.



УДК: 378:115:59

Ерниязов О.Н., М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы,
педагогика магистрі.,
Шандозтегі А.Т., М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы
E-mail: Planeta_79@mail.ru

МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Аннотация. Мақалада мектептегі дене тәрбиесі сабақтарында оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланудың маңызы мен оқу үдерісінің үздіксіздігінің қағидалары қарастырылады.

Тірек сөздер. Дене тәрбиесі, денсаулық, шығамашылық, жаңа технология.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әрқашанда ортада өмір сүруге қабілетті, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесін алдыңғы орындарға қояды. Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі



міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда. Дене тәрбиесін жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындарды пайдаланудың да жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызы зор. Әсіресе, дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындары жүйелі пайдаланудың адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы орны ерекше. Бұл тақырыпқа қазақтың халық шығармашылығы туындыларында басты орын берілуі де кездейсоқ емес [1,48-б.].

Балалардың ойын кезіндегі ерекшеліктеріне қарап қазақ халқы олардың келешекте кім болатыны туралы болжаған. Болашақ батыр, көшбасшы, данышпандарды халық балалардың ойынына қарап ерте жастан анықтаған. Халық ертегілері мен аңыздар, басқа да фольклор түрлері мотивтерге толы [2,51-б.].

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің біліми саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына ерудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады. Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген мектептерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне бет алууда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен



кабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр.

Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;
ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;

б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді.

Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кішігірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы



меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, жалпы білім беру мектептерінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы (арнайылық) міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге, дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгертуге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру, дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру, дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту, релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту, психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады.

Ерниязов О.Н., Шандозтегі А.Т.

Использование инновационных технологии обучения на уроках физкультуры в школе

В статье рассматриваются важность использования инновационных технологии обучения на уроках физкультуры в школе и принципы непрерывности учебного процесса.

Ключевые слова: физическая культура, здоровье, творчество, инновационная технология.

Erniyazov O.N., Shandoztegi A.T.

The use of innovative learning technologies in physical education classes school

The article discusses the importance of the use of innovative learning technologies in physical education classes in school and principles of continuity of the educational process.

Keywords: physical education, health, creativity, innvatsionnaya technology.

Әдебиеттер:

1. Вилькин У. Откуда пошли олимпиады. – Минск, 1980.
2. Таникеев М.Т. История физической культуры в Казахстане (дореволюционный период) – Алма-Ата, 1977.



УДК 373.2

Калаханова С.Б. – педагогика және психология магистрі,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ аға оқытушысы
Муканова Н.Е. – педагогика ғылымдарының магистрі,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы
E-mail: Svetlaya_as@mail.ru

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҰРҒЫНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада құзыреттілік тұрғыны мектепке дейінгі білім беру ортасына ендіру ерекшеліктері айқындалып, мектеп жасына дейінгі бала бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылады.

Тірек сөздер: мектепке дейінгі білім беру, құзыреттілік, мектеп жасына дейінгі кезең, түйінді құзыреттіліктер, қалыптастыру.

Қазіргі білім беру тәжірибесінде құзыреттілік тұрғыны мектепке дейінгі білім беру ортасына ендіру үдерісі өзекті бола түсуде. Себебі, заманауи білім берудің мақсаттары мен нәтижесі көбінесе құзыреттілік түсінігімен байланыса қолданылады. Құзыреттілік, біріншіден білім берудің интеллектуалдылығы мен дағдыларын біріктіреді; екіншіден құзыреттілік түсінігінде білім берудің интерпретациясының мазмұн идеологиясы кірістіріледі (коммуникативті, ақпараттық, менеджмент және т.б.).

Мектепке дейінгі балалық шағында адам өмірінің алғашқы білімін жинақтайды. Сондықтан, бұл кезеңде тұлғалық білім беру траекториясын жасап, негізінде құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталу өзекті болып келеді. Мектепке дейінгі білім беруде және мектепке дейінгі жас кезеңінде түйінді құзыреттіліктің қалыптасуы бұл бастапқы жеке тәжірибені игеріп, ұғыну мәселесі, әмбебап іскерліктерді сандық жинақтау үрдісі. Сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге әкеледі, бірақ ол үшін баланың жеке тәжірибесіне негізделген белгілі бір сапалар жинақталу керек. Сандық өзгерістер бала өміріндегі жетекші ермегімен – танымында, әлеуметтік қатынасында, әрекеттерде көрінеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың түйінді құзыреттілігінің мазмұны болып не табылады? Біз түйінді құзыреттілікті басқа да құзыреттілік түрлерін, мысалы, кәсіби құзыреттілікті игеріп қолдану үшін негіз болып табылатын әмбебап және базалық ретінде анықтағап отырғандықтан, бұл басқа адамдар қоғамында өмір сүруге, әлеуметтік қоғамға енуге, келісімге келуге, ақпарат көздерін қолдануға және әрекет етуге дайындығымен және қабілетімен байланысты құзыреттіліктер болу керек.

Мектепке дейінгі шақтағы құзыреттілік мазмұны мен мәнін ашумен айналысқан ғалымдар қатарына Е.М.Алифанова, Н.И.Векцеркович, Н.В.Крулект, Е.Г.Юдина және т.б. жатады [1].

Қандай педагогикалық теория негізінде мектепке дейінгі білім беру үдерісіне құзыреттілік тұрғыны енгізу мүмкін екенін айқындау үшін теорияның ғылыми және педагогикалық қауымдастықпен мойындалуы, эмпирикалық мәліметтер мен фактілердің кең шеңберін түсіндіру мен түсінуде қажет күшке ие болуы, құзыреттілік негіздегі білім беруді жаңарту бойынша практикалық қадамдарды жүзеге асырудың продуктивті, шартталған, болжамды



мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі, технологиялық қасиетке ие болуы, білім беру қызметінің тәрбиелеу және оқыту мақсаттарын жүзеге асыра алуы қажет.

Отандық психологиялық-педагогикалық ғылымда перспективті теория, концепция және әдістемелік жүйелердің бірнеше түрі өңделген, олардың ішінде танымалдарына проблемалық оқытудың технологиясы мен теориясы (А.М. Матюшкин, Т.В. Кудряцев, М.И. Махмутов және т.б.), ақыл-ой әрекеттері мен түсініктерінің кезеңмен қалыптасуы (П.Я. Гальперин және оның ғылыми – педагогтың мектебі), дамыта оқыту (Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов), дамытушы дидактикалық жүйе (Л.В.Занков), Ш.А. Амонашвилидің гуманистік жүйесі, сонымен қатар тұлғалық бағдарлы оқыту (И.С.Якиманская, В.В.Сериков және т.б.) мен тұлғалық іс-әрекеттік тұрғы (И.А. Зимняя) жатады [2].

Бұл кеңінен танылған теориялар, концепциялар және әдістемелік жүйелерге құрмет корсете отырып, олардың білім берудегі құзіреттілік тұрғының ғылыми негізе алу мүмкін болады. Құзіреттілік тұрғыны жүзеге асырудың негізіне жатқызатын психологиялық-педагогикалық теория тек қана білім, білік, ептілік, әлеуметтік және функционалдық сапалардың жиынтығы ретіндегі оқудың прагматикалық мақсатына қол жеткізуге ғана емес, сонымен қатар тұлғалық- орталықтанған оқудың гуманистік принциптеріне де бағдарлану керек.

Ғылыми әдебиетте «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарына түрлі анықтамалар табуға болады, сонымен қатар, олардың құрылымдық күрделілігін, жүйелілігін, пәнаралығын, интегративтілігін, вариативтілігін, әлеуметтік және тұлғалық мәнін т.б. көрсетеді. Сондықтан, құзыреттілік тұрғысын дәстүрлі түсіндірмелі-иллюстративті оқытуда жүзеге асыру мүмкін емес.

Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік тұрғыны жүзеге асыру балалардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырумен сипатталады. Мектепке дейінгі білім беру ортасында балада түйінді құзыреттіліктің қалыптасуын біз іс-әрекетте қалыптасушы жеке әлеуметтік тәжірибемен, бала тұлғасының даму ерекшелігімен, жастық жаңа өзгерістермен байланысты құзыреттіліктің алғашқы белгілерінің пайда болуы мен даму үрдісін айтамыз. Мектеп жасына дейінгі түйінді құзыреттіліктің қалыптасуының негізгі айрықша ерекшелігі балалардың іс-әрекетті орындау үрдісінде құзыреттіліктің игеріліп, көрінісінің бірігуі болып табылады. Мысалы, коммуникативті құзыреттіліктің игерілгендігі және көрінуі тікелей қарым-қатынас кезінде жүзеге асады: сұрақ қоюда, ой білдіруде, өзінің сезімдері туралы айтқан кезде бала сұрақ коюды, пікірін білдіруді, өзінің жағдайын түсіндіруді үйреніп, өзінің іскерлігін бір нәрсені нақтылап, түсіну үшін және ақпарат алу үшін қолданады. Бала қарым-қатынас кезінде сөздік қорын арттырып, қана қоймай, сонымен қатар, өз-өзіне және басқаларға деген қатынасын қалыптастыруға, өз пікірін нақты және түсінікті етіп құруға үйрететін кері байланысқа ие болады.

Мектеп жасына дейінгі балада түйінді құзыреттіліктің қалыптасуын оның бастамашыл болуымен байланыстырамыз. Бастамашылдықты біз құзыреттіліктің екі негізі бойынша көріну көрсеткіші ретінде бөлгенбіз: Джон Равен бойынша бастамашылдық, а) құзыреттілікті болуын дәлелдейді және ә) нақты жағдайда құзыреттіліктің көріну сипаты туралы түсінік береді. Нақты жағдаяттарды шешу деп қалыптасқан жағдайдың жиынтығы мен осы жағдайдағы баланың шынайы әрекеттерін түсінеміз [3].

Бастамашыл болуы баланың белсенділігі, қызығушылығы, яғни жалпы ермегі туралы, соған сәйкесінше тәжірибенің игерілуі туралы мәлімет береді. Д.Равеннің анықтауы бойынша бастама негізінде баланың әрекеттерін мақсатты, мәнді ететін ішкі мотивация баланың ішкі резервтерін қуаттандырып, сыртқы



ресурстарына белсенді көңіл бөлінуіне, яғни құзыреттілігін көрсетуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ішкі мотивация бастаманы іріктеулі етіп, әр бала бұдан игеріліп отыратын түсініктерден, әрекеттерден және алынған нәтижеден өзінің тәжірибесін толықтырады. Жастық жана өзгерістер негіз құрап, көбіне бастаманың мазмұнын анықтайды. Бір жастағы бала белсенді әрекетке ұмтылады, өйткені бұл жаста ол өзінің іс-әрекетінің субъектісіне айналады. Л.И.Божович «Жеке Мен жүйесінің пайда болуы» ретінде анықталатын үш жастағы жүйелі жаңарулар балаға өзін іс-әрекеттің субъектісі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді, яғни іс-әрекетін өзінің қалауы бойынша жүзеге асыру ғана емес, сонымен қатар, осы іс-әрекеттің қоғамдық ортаға, өзіне және басқа адамдарға әсерін ұғына алады. Әлеуметтік Мен ішкі позициясының қалыптасуынан тұратын жеті жастағы жаңару балаға есеп көзін өзгертуге, басқа адамның пікірімен санасып, олардың позициясында қалуға мүмкіндік береді. Осыдан үш жастағы және бес-алты баланың бастамашылдығының айырмашылығын көреміз. Анағұрлым айырмашылық олардың бағдарының диапазоны кеңейіп, мазмұны өзгеретінінен тұрады. Бұл айырмашылық жақын заттардан, қоршаған орта құбылысынан, үш жасар баланың жақын адамдарынан алты жасар баланың анағұрлым кең кеңістігіне дейін аралықты қамтиды. Нәтижесінде бала әлем және өзі туралы кең түсінікке, басқа адамдармен және жануарлармен өзара қатынастың алуан түрлі тәжірибесіне, қандай да бір жағдайда өзін-өзі ұстау және мінез-құлық тәжірибесіне ие болады. Ал осы кезде құзыреттіліктің түрлері мен мазмұны өзгеріске ұшырайды ма, жоқ. Екі жасар, үш жасар немесе алты жасар бала да кезкелген ақпаратты алу үшін басқа адамдарға сұрақ қояды немесе кітапқа жүгінеді. Бұл жағдайда түйінді құзыреттіліктің түрлері емес, жастан жасқа қарай игеріліп, жүзеге асырылатын құзыреттіліктің мазмұны, заттарға, әрекетке, нәтижеге деген баланың қатынасы, мінез-құлық тәсілдері өзгереді [4].

Дж.Равеннің ізімен біз бөлген құзыреттіліктің когнитивті (интеллектуалды-танымдық), еріктік және аффективті компоненттері баланың әлеуметтік, когнитивті, ақпараттық, іс-әрекеттік құзыреттілігінде болып, баланың мінез-құлық және әрекет тәсілдері, өзіне, өзгелерге және қоршаған ортаның алуан түрлі көріністеріне қатынасы туралы, қоршаған орта мен оны тану тәсілдері жөнінде субъектіленген түсінігіндегі шешім қабылдаудың іс-әрекеттік негізі, қатынасы және мазмұны ретінде көрінеді.

Мектеп жасына дейінгі балада түйінді құзыреттіліктің қалыптасуындағы сапалық өзгерістерді біз рефлексияның, яғни баланың өзін өзінің әрекетін, жетістіктері мен мақсат-мүдделерін саналы ұғынуының дамуымен байланыстырамыз.

Мектепке дейінгі жаста түйінді құзыреттіліктің қалыптасып, көрінуінің айырықша ерекшелігі, біздің көзқарасымыз бойынша, екі үрдісті арнайы бөлуге болмайтындығында болып табылады. Бұлар білімді теориялық игеру процесі, мысалы қалай әрекет етуге болады, қалай сөйлеп, ақпарат көздерін қалай қолданған жөн және алынған білімді шынайы қолдануды жүзеге асыру процесі. Бұл процес кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда жүзеге асады. Мектепке дейінгі жаста түйінді құзыреттіліктің қалыптасуы іштей және белсенді іс-әрекет негізінде жүреді. Яғни ақпараттық немесе коммуникативтік құзыреттілікті игеру үшін балаға ақпарат көздерімен жұмыс жасап, қарым-қатынасқа түсуге тура келеді. Ол үшін бұны қалай жүзеге асырылатыны жөнінде білімнен гөрі іскерлік қажет. Бұл жағдайда біз А.Н.Тубельскийдің «әмбебап іскерлігіндегі түйінді құзыреттіліктің мәні шартты түрде танымдық әмбебап, коммуникативті әмбебап



және іс-әрекеттік әмбебап болып бөлінуі мүкін» деген идеясына жүгінеміз. Әмбебап іскерліктер игеру секілді. А.В.Хуторской «игеру жеке білім алудағы жетістікке жету мен бұрын адамзат қол жеткізген жетістіктерді игерудің біруақыттылығын білдіреді. Игеруге шынайылық және ол туралы білім жатады». Мектеп жасына дейінгі баланың түйінді құзреттілігінің құрылымы мен мазмұнын сипаттау үшін біз «әмбебап іскерліктер» ұғымын интеллектуалды танымдық және мінез-құлықтық негізді, баланың объектіге (жағдайға, құбылысқа, басқа адамдарға, өзіне деген) қатынасын, Дж.Равен бөлген когнитивті, аффективті, еріктік компоненттерді қоса қолданамыз.

Тандамалылық және субъективтілік түйінді құзыреттіліктің мазмұнын жасқа бөлу үшін негіз болып табылады. Бұл жағдай түйінді құзыреттіліктерді игеру көрсеткіштерін бөлу жөнінде ойлануды мәжбүрлейді.

Бұнда бірнеше негіз бар. Біріншіден, құзыреттілік тұлғалық сипаттама және мектепке дейінгі жаста тұлғаның алғашқы қарқынды даму процесі жүреді. Белгілі бір жасқа тән заңдылықтар мен белгілердің бары сөзсіз, бірақ та жеке қол жеткізген жетістіктері маңызды да мәнді болып табылады.

Екіншіден, мектепке дейінгі жасқа қатысты, біз түйінді құзыреттіліктің бастап қалыптасуын, яғни алғашқы белгілердің көрінуін айтамыз.

Үшіншіден, мектепке дейінгі білім беру балаға нормативті талаптар қойылмайтын жалғыз білім беру сатысы. Яғни бұл сатыда жетістіктерді саралап, бағалау жоқ.

Төртіншіден, қазіргі мектепке дейінгі білім берудің теориясы мен практикасы тұлғалық-бағдарлы деп анықталып, білім беру траекториясын жекелендіруді қамтамасыз ететін технологиялар өңделуде. Осыған қатысты түйінді құзыреттіліктің деңгейлерін сипаттау (төменгі, орта, жоғарғы немесе алғашқы, екінші, үшінші) дұрыс қадам болмас еді.

Мектепке дейінгі жаста және мектепке дейінгі білім беруде түйінді құзыреттіліктің бастап қалыптасуының нәтижесі ретінде біз баланың таным үрдісіндегі, әлеуметтік қарым-қатынасты орнатып, оны ұстануда ішкі әлеуметтік-бағдарлы мотивпен (білу, тану, қамқор болу және т.б.), баланың жеке құндылықтарымен және әлеуметтік ортақ құндылықтарымен (ең алдымен отбасының) шартталған іс-әрекетті ұйымдастырып, жүзеге асыруда бастаманың көрінуін, баланың өз жетістіктерін (бұлар балаға өз күшіне және мүмкіндігіне сендіреді), қиындықтар мен алдағы мақсаттарын ұғынуын қарастырамыз. Балалардағы түйінді құзыреттіліктің қалыптасып, көріну нәтижесінің сипаты құрастырушы түрінде болу керек.

Біздің болжам бойынша, мектепке дейінгі білім беруде бастама негізгі құзыреттіліктердің құрылуы ашық оқу жобалары формасы күйінде педагогикалық процесті ұйымдастыру есебінде қамтамасыз ете алынады. Оған қатысу, тақырыптар, мазмұны, іс-әрекеттің түрлері балалар мен ересектердің бірге талқылау барысында таңдалынады. Жаңа бағдарлама, стандарт осындай технологияның шектерін бергенімен, балалармен жұмыстары ұйымдастырудың әдістемесін толықтыруға болады. Әдістеменің болжауы, педагогтардың өздерінің педагогикалық функцияларын дәстүрлі түрде түсінуі, педагогтармен жұмыс істегенде негізгі мәселе болды, осыдан келген эксперименталды жұмыс барысында әдістемені жетілдіру қажеттігі себебі болды.

Бұл мәселені шешу үшін балалармен «жоспар – іс – талдау» жұмысын ұйымдастырдың әдістемесі жасалынады. Оған топтық жиын, бірлестік жоспарлау және қорытынды жиын енгізілді, оның шеңберінде мыналар жасалынды: а) топтық жиынның құрылымы және әрбір бөлігінің шамамен уақыттық



интервалдары; ә) балалардың белсенділігін ынталандыратын дамытушы сұрақтардың варианттары; б) балалардың айтқандарын ілтипатқа алу тәсілдері; в) топтық және қорытынды жиындарды өткізудің жағдайына, жоспарлау формасындағы талаптар.

Мәселені зерттеуде теориялық талдау және тәжірибелік жұмысты жүргізу мектепке дейінгі білім беру ортасында құзыреттілік тұрғыны жүзеге асыру туралы қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Зерттеудің қорытындысы бойынша мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік тұрғыны жүзеге асыру балалардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастырумен сипатталады.

2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың құзыреттілік тұлғалық мінездемесі, субъективті білімнің қабылдау деңгейін көрсетеді, қаблеттілік, білім, қатынас, қызметте өзін-өзін ұстауы, баланың өзіндік шешім қабылдауы және қызметіндегі белсенділікпен қалыптасады.

Түйінді құзыреттілік мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік, коммуникативтік, ақпараттық, қызметтік-әмбебап, белсенді өзіндік танымын қалыптастырады, сондықтан, әртүрлі деңгейдегі, әртүрлі бағыттағы әлеуметтік қатынастарын қалыптастыру және тұрақтандыру, қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін әртүрлі қызметтерді ұйымдастыру қажет.

Мектепке дейінгі балалардың құзыреттіліктерінің мәнді сипаттары-әлеуметтік, коммуникативті ақпараттық қызметі балаға әр түрлі жағдайларда субъективті қызмет түрін жүзеге асыруға мүмкіншілік береді, әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі бағыттағы әлеуметтік байланыстарды, қоршаған әлем мен өзіндік дамыту жүйесіне енуге көмектеседі.

Түйінді құзыреттіліктің қалыптастыру әр түрлі әлеуметтік контекстпен қалыптасу және даму процесінде қоршаған орта туралы субъектілік қызметі, тұлғаралық қарым-қатынас тәжірибесі, мінез-құлық және іс-әрекет амалдары негізінде жүреді.

3. Түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырудың педагогикалық-ұйымдастырушылық жағдайы, мектепке дейінгі білімнің құндылықты мақсатты құрылымы болып табылады: лабильді, динамикалық өзгеруі, балалардың қызығушылығы мен қажеттіліктеріне байланысты, **ортаны дамытушы** оқу тақырыбындағы жоба, орталық белсенділік, принципіне байланысты ұйымдастырылған, әртүрлі деңгейдегі тұрақты және өзгеруші материалдардан құралған; **педагогикалық процесті ұйымдастыру** мынадай түрде оқу проекттері балаға тақырыптарды өздері ұсынуға құрамын, қызмет түрлерін, өзіндік бағалау қызметін ұйымдастыру; **педагогикалық қолдау** педагогикалық бақылау негізінде және фасилитация кезінде баланың дамуы.

4. Алғашқы түйінді құзыреттіліктердің мектепке дейінгі жастағы және мектепке дейінгі білім алатын балалардың танымдық қалауынан көруге болады, әлеуметтік байланыстарды қалыптастыру және қолдау әртүрлі қызметтер ұйымдастыру барысында, ішкі әлеуметтік бағыттардың мотивтерімен шартталған (білу, түсіну, көмектесу, қарау, т.б), баланың тұлғалық қаблеттері мен және қоғамның әлеуметтік құндылықтармен (ең басты отбасы), баланың жетістіктерін түсіну (бұлардың балаға жеке күшіне және мүмкіншіліктеріне), мектепке дейінгі жастағы балаларда құзыреттіліктің қалыптасуының нәтижелері нормаға келтіре сипаттау үшін қолданылады.

5. Мектепке дейінгі білім беруде құзыреттілік тұрғыны жүзеге асыруға қажет етілетін өзгертулер барлық педагогикалық жүйе құрылымына ендіріледі: құндылықтар жүйесіне, оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты мен нәтижесіне, білім беру мазмұнына, мұғалімнің, тәрбиешінің, білім алушылардың іс - әрекетіне, білім



беру процесін технологиялық қамтамасыз етілуіне, білім берудің ішкі ортасының қоғаммен, БАҚ, мемлекеттік органдармен қарым – қатынасына т.б.

6. Құзыреттілік тұрғыны жүзеге асыру үшін талап етілетін ең жоғарғы деңгейдегі қаржылық, материалды – техникалық, білім беру жүйесін ұйымдастыру және кадрлық қызметпен қамтамасыз ету қажет;

7. Құзыреттілік парадигмасына өтуде жиналған инновациялық тәжірибелерге сүйену, дәлелденген білім беру теорияларын негізге алу маңызды болып табылады.

С.Б.Калаханова, Н.Е.Муканова

Особенности реализации компетентностного подхода в дошкольном образовании

В статье рассматриваются особенности реализации компетентностного подхода в дошкольном образовании и теоретические основы формирования ключевых компетенций у ребенка дошкольного возраста.

Ключевые слова: дошкольное образование, компетентность, дошкольный возраст, ключевые компетенций, формирование.

S.B.Kalakhanova, N.E.Mukanova

Particular implementation of the competency approach in early childhood education

The article considers particular implementation of the competency approach in early childhood education and the theoretical basis for the formation of key competence in the preschool child.

Key words: preschool education, competence, preschool age, key competencies, formation.

Әдебиеттер

1. Алифанова Е.М. Формирование коммуникативной компетентности детей дошкольного и младшего школьного возраста средствами театральных игр: Автореф. дисс... канд. пед. наук. - Волгоград, 2001.

2. Муханбетжанова А.У. «Бастауыш білім мазмұнын құзыреттілік тұрғыдан жобалаудың теориялық-әдіснамалық негіздері» монография. - Алматы, 2010.

3. Белоцерковец Н.И. Формирование социальной компетентности детей 3-7 лет в условиях открытого дошкольного образовательного учреждения: Автореф. дисс... канд. пед. наук. – Ставрополь, 2002.

4. Божович Л.И. Этапы формирования личности в онтогенезе. / Психология личности Т.2. Хрестоматия. – Самара: Бахрах, 1999.

УДК 530.1

Кадырова Г.М. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы
E-mail: gulsim_kadyrova@mail.ru

ФИЗИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ТҰРАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Мақалада сапалы білім беруде физикалық терминдерді жән басқа салалардың терминологиясын дамыту, қалыптастыру өзекті мәселе екені назарға алынған.

Тірек сөздер: Білім, ақпарат, лексика, термин, терминология, техника, принцип, физика.

Қазақстан Республикасы Конституциясының кіріспе бөлімінде «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» делінген. Өркениетті елдерде мемлекеттік тілдің қолдану аясы өте кең: кейбір зертеушілер тілдің 50 түрлі әлеуметтік функциялары бар екендігін айтады.



Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған соң қазақ тілінің қолдану аясы ұлғая бастады. Бұрын «отбасы – ошақ қасы» міндетін атқаратын, газет - журналдардың, ақпарат құралдарының қолдану тілі ғана болатын, қазақ тілі енді бала – бақшалардың, арнаулы және жоғарғы білім орындарының, кеңсе іс - қағаздарының тіліне айнала бастады.

Жаратылыстану ғылымдарының ішінде өзгелерінен гөрі жедел дамып, кеңінен қанат жайғаны да, күнделікті өмірде көбірек қолданыс тапқаны физика. Сондықтан бүгінгі таңда физика жалпы ғылымның дамуында шешуші роль атқаратын жетекші салалардың біріне айналып отыр. Физикада жыл сайын жаңа ғылыми ұғымдар пайда болуда, ғылыми тілі де, ғылыми стилі де үздіксіз баюда. Осыған орай, бірқатар жаңа физикалық терминдер мен терминдік тіркестер қосылып отыр. Бұларды дер кезінде игеріп, ғылыми тіл қажетіне жарату керек.

Табиғаттану ғылымдарының маңыздыларының бірі физика екендігі баршамызға белгелі.

Бірақ әлі күнге дейін қазақ тілінде жазылған оқулықтар, әдістемелік оқулықтар қанағаттанарлық емес. Негізгі себеп – физика терминдері тұрақтандырылмауы, бір ізге салынбағандығы, кей уақытта бір терминнің әр түрлі баламаларының ұсынылуы т.с.с.

Қазақ тілінде кірме сөздер көп. Академик Ә. Қайдаровтың зерттеулеріне қарасақ, қазақша терминдердің 70 пайызы тікелей орыс тілінен келген (поезд, слёт, колхоз, совхоз т.с.с.) және халықаралық терминдер (комитет, функция, анализ, геометрия, физика т.с.с.). Басқаша айтқанда терминдер қорында қазақ тілінің үлесі тек қана 30 пайыздай. Бұл жағдай терминологияда қазақ тілі өзінің « өзінділігін жоғалту тенденциясы бар» екендігін көрсетеді.

Мұндай үрдіске жол бермеуге бола ма ? Әрине болады. Бауырлас түрік елінің тіл саясаты оған дәлел. Түркияның бірінші президенті Мұстафа Кемал Ататүрік заманында түрік сөздері қорының 60 пайызы араб және парсы тілінен ауысқан сөздер еді.

Ататүрік түрік тілінен араб және парсы сөздерін аластатуы, көне түрік сөздерін пайдалануды, еуропалық тілдеріндегі терминдерді түрікше ықшамдау саясатын уағыздады. Мұндай тіл саясаты қазір өз жемісін көрсетіп отыр: араб және парсы сөздерінің үлесі қазір түрік тілінде 3 есе, яғни 20 пайыз төмендеді.

Қазақ тіліндегі аудармалық физика терминдері әлі күнге қалыптасу кезеңін бастан өткізіп, даму үстінде. Аударма терминдерге тән кең тараған кемшілік – бастапқы балама терминдердің дұрыс алынбай, термин жасауда дәйекті принциптердің болмауынан. Бұл бағыттағы тімді шаралардың бірі – физиканың түрлі саласын қамтитын терминдерді саралап, ғылым талабына сай жетілдіру. Сондай – ақ терминдерге үнемі байыпты талдау жасап, олардың қатарына ұғым мағынасын аша алмайтын әлжуаз тіркестердің еніп кетуіне жол бермеу, терминологияны «ластанудан» сақтау керек.

Физика терминдерінің қорын жасауда Әбдіуәлі Қайдаровтың терминология проблемасына қатысты 11 принципі еске алу керек. Біз төртінші принципті ұстанып: «Термин шығармашылығында туысқан түркі тілдерінің, (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау моделдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану принципі» жадымыздан шығармауымыз керек [1].

Еуропа елдерінде физика ғылымының алғашқы терминдері қалыптаса батағанда, олар қонне грек, латын тілдерінен енген сөздер еді. Мысалы: газ, атмосфера атом, молекула сияқты терминдер.



Осы сияқты терминдер халықаралық терминдер тобына жатады. Олар көптеген тілдерге тарағанына қарамастан қазақтардың байырғы сөздеріндегі қарапайым ғана сөздер: ғаз –хаос – ретсіз, атом – бөлінбейтін, атмосфера – тыныс сферасы – тыныс аумағы. Әрине мұндай тұжырым « ғылым – білімнің бәрін қазақшалау керек» деген қорытынды жасауға болмайды.

Академик Ә.Қайдаровтың қазақ терминологиясының проблемасына « жаңаша көзқарас қажеттігін айтқан көлемді, уәжді мақаласына» ғалым Рабиға Сыздықова да қосылады. Ғалым « салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің тол және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану» деген айдар тағылған үшінші принципке жете тоқталып, бұл принципті жақтаушылар аз емес екенін сөз етіп, «орыстанып» кеткен тілімізді «қазақыландыру» мақсатын «орыс тілі арқылы енген кірме сөздерді біртіндеп ығыстыру арқылы жалпы орыс тілі ықпалынан құтылу» деп түсіндіреді [2].

«Орыс тілінің ықпалынан құтылып» басқа тілдердің ықпалына ығысуымыз ғажап емес. Сондықтан қазақ тіліндегі ғылыми терминдер қорын жасағанда, әр түркі тілінің сандық үлесін сақтау қажет. Олай болмайынша «арийлік физика» кебін киіп қалуымыз ғажап емес.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары Германия үкіметін басқару фашистердің қолына түскені белгілі.

Фашисттік идеолгтар немістер арийлердің ұрпақтары, сондықтан олар бүкіл дүние жүзіне үстемдік жүргізуі керек, ғылым тілі тек қана неміс тілі бола алады-деп даурықты. Физика ғылымынан «интерференция», «дифракция», «поляризация», «магнит» сияқты терминдер аластатылып, олардың орнына қонне және жаңа неміс тілдерінен баламалар ұсынды , сөйтіп «арийлік физика» курсы пайда болды. Мың жыл өмір сүруді көздеген фашизм талқандылып, «арийлік физика» атымен жоғалғаны бәрімізге белгілі.

Көршілес Қытай Халық Республикасында физикалық терминдердің барлығы таза қытай сөзі екені бзді қуанта алмайды. Себебі дүние жзіндегі ғылыми сыйлықтардың біреуі болатын Нобель сыйлығының лауреаты атағын оқымыстылар арасында тап-таза қытай мектептерін бітіріп, тап-таза қытай тіліндегі ғылым орталықтарында қызмет істеп сыйлыққа ие болған ешкім жоқ.

Бұл тұжырымдар кейбір қазақ зерттеушілерінің, «ғылыми терминдерді жаппай қазақшылау керек» деген үрдістің келешегі жоқ екенін айқын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі алғашқы фзика оқулықтары өткен ғасырдың 20 –шы жылдары жарық көре бастады.

Әлихан Бөкейхановтың аударуымен Қыр баласы деген атпен К. Фламарионның Астрономия әліппесі 1924 жылы Москвадан, сондай – ақ Елдес Омаровың түпнұсқада жазылған Пішіндеме, Физика атты оқулықтары 1927, 1928 жылдары Қызылордада жарық көрді. Бірақ мектеп бағдарламасына сай келетін алғашқы оқулық Елдес Омаровтың аударуымен 1931 жылы басылып шықты (Цингер А.В. Физика, 1931, 1- бөлім. Е. Омаровтың қамалуына байланысты 2 – бөлім шықпай қалған.) Сол кездің өзінде – ақ көптеген тың терминдер мен жаңа сөз тіркестері жасалды, талай ескірген сөздер жанданып, жаңа мағынаға ие болды. Термин жасауда оның қарапайым халыққа түсінікті болу жағы басшылыққа алынғаны байқалады. Жаппай сауатсыздықтан енді ғана арыла бастаған тұста бұл үдерісті құптамасқа болмайды. Осы принцип негізінде орыс тіліндегі және итернационалдық терминдер түгелдей дерлік аударылды. А.В. Цингердің орыс тіліндегі нұсқасында да талай халықаралық терминдердің аударылып алынғаны байқалады.



Инерция – екпін, масса – маңыз, объектив – ауыздық, катушка – шырмауық, рычаг – бұрау, полюс – төбе, ферромагнит – темірмагнит, окуляр – кездік, паравоз – атарба тәрізді ана тілінің мүмкіндіктеріне сәкестендіріп алынған терминдер жасу тек бізде ғана емес, барлық одақтас мемлекеттердің алғашқы адармаларында кездеседі. Әрине халықтың өсу, өркендеу тұрғысынан қарағанда, термин қабылдаудың бұл тәсілінде табиғи заңдылық басшылыққа алынғаны байқалады. Шынында да халықтың білімге деген құштарлығы енді ояна бастаған сол шақта термин екен деп шетелдік сөздерді дәл қазіргідей қаптатып жібергенімен ешнәрсе шықпаған болар еді. Халықтың ол кездегі мәдени дәрежесі, ой - өрісі бұл терминдер мағынасын түсінуге жетпегені былай тұрсын, тіпті ондай сөздерді дұрыс айтудың өзі едәуір қиындық келтірген болар еді. Жана ұғымдардың қай тілде болса да бірден қалыптасып, өз атауын дөп басып дәл таба бермейді. Ол кезең – кезеңнен тұратын ұзақ жылдардың еншісіне тиетін аса күрделі жұмыс.

Алғашқы жылдар аудармаларына тән тағы бір кемшілік – орыс не шетел тіліндегі терминдерді басқа бір тілдегі баламамен алмастыру. Мысалы, градуировка – шкалалау, двигатель – машина, зарядка – электрлену. Аударма термин жасаудың бұл тәсілі де өздігінен тумағаны байқалады. Осы іспеттес аудармалар орыс тіліндегі оқулықтарда да кездеседі: температура – градус теплоты. Тұңғыш жасалған қадам болғандықтан, бұл адарма оқулықта бұлардан басқа да талай олқылықтар мен жаңсақтықтар кездесіп отырады. Кейде бір ұғымды білдіретін термин басқа бір ұғымның шылауында кетіп, өзгере салады: температура – жылулық, энергия – қуат, атмосфера – ауа.

Жоғарыда көрсетілгендей кемшілігі бола тұрса да, ол аударманың үлгі аларлық жақтары да баршылық. Ең бастысы Е.Омаров – ана тілін жете меңгерген зиялы қауым өкілі. Аударманың тілі түсінікті, әсерлі шыққан. Орыс тілінің жетегіне көзсіз ілесіп кете бермей, сөзбе – сөз адармадан сақтанып, физиканы ана тілінде сөйлетуге айрықша көңіл бөлген. Мәселенің бұл жағы бізде әлі күнге ақсап келе жатқаны белгілі.

Соңғы оқулықтардағы терминдер арасында да жаңартуды, жақсарту түсуді қажет ететін баламалар кездеседі. Бұларда да термин қалыптастыру, оның мағынасын саралауда біраз кемшіліктер бар. Бір термин әр оқулықта әр түрлі аталып, синонимділікке жол берілген: трубка–түтік, трубка, түтікше; изображение – кескін, бейнелеу; углерод – көміртегі, көміртек.

Бір термин бір оқулықтың ішінде түрліше аударылып, диалект тугызу жайы да кездеседі: подставка – тұғыр; тормыз – тежеуіш, тежегіш; дефект – кемістік, ақау; структура – құрылым, структура т. б. Терминнің орыс тіліндегі сырты кейпіне еліктеу нәтижесінде ұғымдық мәні тар, құлаққа тосын естілетін сөздер де бар. Мысалы, кулачковый механизм – жұдырықты механизм деп сөзбе – сөз алынған. Өз тілімізде ежелден келе жатқан ұршығы тайыпты деген тіркес бар. Олай болса ұршықты механизм болып алынғаны дұрыс еді.

Кейінгі кездері термин жасауда сөзбе – сөз аудармадан мағыналық аудармаға көшу үрдісі байқалады. Мысалы, темное пространство – қараңғы кеңістік дәл аударма, последовательные соединения – тізбектей қосу, последовательные фазы – тетелес фазалар, тонкая структура спектров – спектрдің нәзік түзілісі, тонкие опыты – мұқият жасалған тәжірибелер, глубокий вакуум – терең вакуум, глубокие охлаждение – мейлінше салқындату қатары да мағыналық аудармаға жатады және мұндай аудармалар сөздік қорымызды байытып, оқулық тілін жақсарту түседі.



Ғылым мен техника саласына қызмет ететін зиялы қауым өкілдері терминді аударуға байыппен қарағаны жөн.

Қазақша физика терминдерін тұрақтандыру үшін қазақша физика терминдерін топтастырып, оны үш топқа жатқызуға болады деп ойлаймын.

I топ – қазақша баламалары бар терминдер.

II топ – Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілдері – ағылшын, неміс, француз, ислам, араб тілдері арқылы (қысқаша халықаралық тілдер) енген терминдер.

III топ – Түркі тілдес ұлттар мен ұлыстардың тілдері арқылы енгізген және қалыптасқан терминдер.

Жетілдірілген, жүйеленген терминологиялық лексиканың қалыптасуы – ұлт тілінің дамығандығының, кемелденгендігінің ең басты белгілерінің бірі. Бұл лексикалық қабат дұрыс қалыптастырылмаса, халықтың білім алу, ғылымды игеру мен дамытудың, ақпарат алу және оны тарату қажеттіліктері толық істелмейді. Қоғамдық және ғылыми ой – сананың жетілмей, кенжелеп қалуына жол беріледі. Сол себепті ғылыми – техникалық және басқа да салалардың терминологиясын дамыту және қалыптастыру мемлекеттік маңызы зор іс болып табылады.

Кроме сочинения, среди учащихся был проведен конкурс иллюстраций к текстам с описанием природы в разное время года, в частности, зимой. Учащимся были предложены следующие тексты *«Проказы старухи-зимы»* и *«Снеговик»*. Выбор этих текстов был неслучаен. Каждый из них красочно характеризовал основную мысль, высказанную авторами. От учащихся требовалось нарисовать те образы, которые они «увидели» за этими строками. Затем им нужно было устно объяснить выбор образов для своих рисунков. Для убедительности приведем эти тексты.



1. Проказы старухи-зимы. Разозлилась старуха-зима, задумала всякое дыхание со свету сжить. Шлет мороз за морозом, один другого злее. Заволокли морозы узорами окна. Малые ребята зимы не боятся. Катаются себе на коньках, в снежки играют, баб лепят, горы строят. Щиплет старуха-зима со злости одного мальчугана за ухо, другого за нос, даже щеки побелеют. Мальчик схватит снегу, давай тереть - разгорится у него лицо, как огонь. Плачет зима. (По К.Ушинскому)

2. Снеговик. Стоит чудесный зимний день. Падает легкий пушистый снег. Деревья одеты в белые шубки. Спит пруд под ледяной корой. Вот вышла группа ребят на улицу. Они стали лепить снеговика. Глазки сделали ему из светлых льдинок. Рот и нос из морковки, а брови из угольков. Хорош снеговик!

Учащиеся экспериментальных классов (групп) довольно быстро справились с заданиями. Они продемонстрировали хорошее владение лексическим материалом, иллюстрации к текстам были яркими, продуманными в соответствии с заданными описаниями. Было видно, что подобная работа им нравится, им хочется выразить в рисунках свой взгляд, свое видение. Приведем отдельные устные рассуждения учащихся, которые выразили желание поделиться своим мнением.

Азамат: Я нарисовал картину, увиденную в тексте «Проказы старухи-зимы». В моем представлении старуха-зима не такая уж злая, просто ей не хочется уходить так скоро. Разве может быть зима без морозов, красных щек? На то она и зима, чтобы всем было весело.

Аружан: Совсем недавно мы с сестренкой и братишкой слепили снеговика, очень похожий на тот, который описан в тексте «Снеговик». Правда, он у нас получился смешнее. Мы ему вместо рук вставили ветки, а на голову надели старое ведро. Вот такой у нас получился снеговик.

Марал: У меня старуха-зима получилась не такая уж страшная, скорее, добрая. Ей хотелось развеселить детей, вот она и разукрасила им щеки, нос. А потом без морозов зимой так скучно. Пусть зима оставит о себе хоть такую память.

Диас: Мой рисунок посвящен первому тексту. Я помню, как в первый день зимы мы с братом целый день катались на катке, заливали водой горку. Пусть было морозно, но мы ничуть не пожалели об этом. Нам было очень весело, мы так не хотели возвращаться домой.

Кадыржан: Этой зимой было мало снега. Но мы с друзьями все-таки успели покататься на катке, даже пытались слепить снеговика. Правда, он у нас получился не такой как в тексте. У него вместо носа и глаз были пуговицы, а на голове старый тазик, который мы нашли в сарае. Вот такой смешной снеговик вырос в нашем дворе.

Ислам: Почему зима названа старухой? Она что старая? Никакая она не старая. Наоборот, она юная, потому и веселит всех, особенно детей. Я лично очень люблю зиму: можно кататься на коньках, на санках. А еще можно девочек забросать снегом. Это так здорово!

Как видим из отдельных работ учащихся экспериментальных классов, заметно вырос уровень адекватного понимания заданий, элементы творческого подхода к их выполнению. Особенно удачным следует признать устные рассуждения учащихся по предложенным темам. Конечно, и здесь есть еще определенные недостатки: речевые ошибки, повторения слов и выражений. Однако в общем содержании можно увидеть положительные сдвиги. Ответы учащихся выстроены логически правильно, чувствуется движение мыслей,



образность и выразительность в выборе определений. Самое главное, что учащиеся на уроках с применением инновационных технологий получили возможность рассуждать, научились понимать, как нужно чувствовать слово, находить у слова новые смыслы, работать со словом.

Г.Б. Байжігітова, Г.Ж.Муқанова

Орыс тілі сабағындағы оқушылардың сөйлеу қабілетін қалыптастыру жұмысы

Бұл мақалада «Орыс тілі» сабағында оқушылардың сөйлеу қабілетін қалыптастыруда өткізілген тәжірибе нәтижесі қарастырылған.

Тірек сөздер: Коммуникативтік құзырлылық, тілдік формалары, үйлесімділік, инновациялық әдістер.

Bayzhigitova G.B., Mukanova G. Zh.

Run on formation of pupils' communicative competence at 'russian speaking' lessons

The article represents a material of an experimental run on formation and development of pupils' communicative competence at Russian Speaking lessons in Kazakh schools. The article provides extracts from creative works by 6-7th-year pupils who have taken part in the experiment. The work contains an interesting material that validates the idea raised by the authors.

Key words: communicative competence, linguistic form, co-occurrence, innovative methods.

Список литературы

1. Мильруд Р.П. Компетентность в изучении языка/Р.П.Мильруд //Иностранные языки в школе. 2004. - № 7. – С. 30-36.
2. Мынбаева А.К. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие / А.К.Мынбаева, З.М. Садвакасова. – 4-е изд., доп. – Алматы, 2010.- 344 с.
3. Нефедова Е.А., Узорова А.В. Как научиться писать сочинения по картинкам.- М.: Астрель, 2005.- 183 с.
4. Тажимуратова А.Е. Инновационные методы обучения и нормы русского языка в Казахстане // Современные наукоемкие технологии. –2012.-№ 7. - С. 51-53.

УДК 82-1(0)

Ш.С. Әбішева - ф.ғ.к., доцент

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті,
E-mail: abisheva_sharapat@mail.ru

Ж.Т.Қобланов - ф.ғ.к., доцент

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті
E-mail: koblanov64@mail.ru

СОПЫ АЛЛАЯР – СОПЫЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Аннотация. Мақалада сопылық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі болған Сопы Аллаярдың поэзиясына жан-жақты талдау жасалған. Автор ақын өлеңдерін Қожа Ахмет Йассауи туындыларымен салыстыра отырып, оның өзіндік қолтаңбасын айқындайды.

Тірек сөздер: сопылық әдебиет, діни дүниетаным, араб әдебиеті, парсы әдебиеті, ғазал, бейнелеу тәсілдері

Түркі халықтарының орта ғасырлар кезеңінде біржола араб жазуына көшуі олардың өміріне көптеген ғылыми жаңалықтарды алып келді. Сонымен қатар бұл



дәуірлерде Шығыста сопылық ағымның күшейіп, кең қанат жая бастаған кезі еді. Бұл кезең Орта Азия мұсылмандары үшін де аса жауапты уақыт болатын. Елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты көксеген, соны ту етіп көтеріп, өз шығармаларына арқау еткен ақын-шайырлар тобы тарих сахнасына шықты. Солардың арасында ерекше талантымен көзге түскендер хорезмдік Ахмет Йүгнеки, Ахмет Йассауи, Сүлеймен Бақырғани тағы да басқа сопылық ағымның ірі қайраткерлері болды.

Сопылық ағымның түркі тілдес тармағының негізін қалаушы Қожа Ахмет Йассауи. XII ғасырда көне түркі тілінде жазылған «Диуани Хикмет» кітабының авторы да осы - Қожа Ахмет Йассауи. ислам дініндегі сопылық ағым YII-YIII ғасырлардан бастау алады. «Диуани Хикметте» негізінен төрт нәрсеге ерекше көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тарихат, мағрифат және хақиқат. «Шариғат» – ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы, «тарихат» – сопылықтың идеясы, «мағрифат» - дін жолын танып, оқып игеру, «хақиқат» – Алламен бірігу, оған жақындау. Ахмет Йассауидің пікірінше, шариғатсыз, тарихатсыз, мағрифатсыз хақиқаттың болуы мүмкін емес. Ақын мұны өз өлеңінде былай өрнектейді:

...Өтті өмірім шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым.
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтер достар...

Ахмет Йассауи озбырлық пен зұлымдыққа қарсы, дүниекоңыз, жемқор, дүмше молдаларды әшкерелеп, сынға алады. Аллаға ғашық бола тұрып, байлықтан безінуді, атақ пен мансапқа қызықпауды тілейді. Адам дүние-мал, атақ, дәреже үшін құл болып, пендешілікке салынса, онда оның ниеті де бұзылады, дейді. Ондайлар нағыз пасық жандар. Шын иманды адам болсаң елге шапағатынды тигіз, момындар мен кедейлерді қолда, деп үгіт-насихат айтады.

Ертелі кеш бұл дүние,
Барша жаннан өтпес пе?
Дүние малың бір күні,
Қолдарыңнан кетпес пе?
Қайдакеттіойлашы,
Ата-анатуыстар?
Төртаяқтыағашат
Саған да біркүнжетпеспе?
Мінгізіпсеніжүгіртіп,
Салсапарыплақатқа
Кірсеекітергеуші
Лақатқа сұрақ-жауапқа,
Дүниеүшінқамжеген,
Не депжауапбересің?

Дүние-мүлікқызығынаберіліп, өміррахатына бой алдырған, ешнәрсені қанағат қылмай, тәубеден безгендерді ол өте жек көреді. Өзі тойса да, көзі тоймайтындардың тамұқтағы қиямет күніндегі тағдырларына назар аударады.

Ахмет Йассауидің діни ағартушылық істерін одан ары қарай жалғастырған, сопылық әдебиеттің ірі өкілдерінің бірі –Сопы Аллаяр. Ол ХҮІ ғасырлардың аяғында Самарқанның Жаңақорған ауданының Мыңдар ауылында дүниеге келген. Ол мұсылмандық сауатын алғаш рет Самарқанда ашқан. Соңынан Бұхараға келіп, шейхтарға қызмет етеді, өзі де шейх дәрежесіне дейін көтеріледі. Қожа Ахмет Йассауи бабамыз сияқты жастайынан табиғат сыйлаған ақындық



талантын сопылық ағымды насихаттауға арнайды. Оның Сопы Аллаяр атануы да осыдан.

Сопы Аллаяр «Мурад-уларифин», «Тухарат-ул-талибин», «Маслак-ул-муттахин» атты кітаптарын араб және парсы тілдерінде жазған. Ол сопылықты жергілікті халыққа тереңірек түсіндіру мақсатында түркі тілінде де кітап жазады. Бұл кітап «Сабат-ул-ажизин» деп аталған. Осы кітабы XIX ғасыр мен XX ғасырлардың басында бірнеше рет баспадан шыққан. Сол негізде «Сабат-ул-ажизин» 1991 жылы Ташкент қаласында қайтадан баспадан шықты. Кітаптың негізгі мұраты халықты сабырлылыққа, төзімділікке үндеу болып табылады. Мысалы:

Ей, адам, болсаң егер ер сияқты,

Салмақты болғайсың сен жер сияқты [1, 107 б.].

Енді бір топ ғазалдарында «Алланың жасаған істеріне риза бол» деп адамдарды тағдырға қарсы шықпауға, оған бағынуға шақырады:

Кел, ей пенде, өзінді арна Аллаға,

Қазаға риза бол, сабыр қылып налаға [1, 107 б.].

Ал енді, кейбір ғазалдарында Сопы Аллаяр адамзатты жолдан адастыратын екі нәрсе бар дейді. Олардың біріншісі, тамаққа қанағатсыздық яки дәмді асты көбірек жеуге құмарлық. Міне, осы асты көп табамын деп адамдар күнәға белшесінен батады. Екіншісі, адамның нәпсісі. Адам нені аңсамайды десеңізші?! Жаксы киім, сұлу әйел. Әрине, бұларға барлық адамның қолы жете бермейді. Сансыз байлық, сұлулық адамды арбап, тұзағына түсіреді. Адам күнәға батады.

Адамзатты әлек етті екеуі,

Бірі – тамақ, бірі – оның нәпсісі [1, 107 б.].

Сопы Аллаяр XVI-XVII ғасырларда Орта Азияда ислам діні мен діни әдебиетінің дамуына үлес қосқан ірі тұлғалардың бірі болды. Сопы Аллаярдың туындылары туралы арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Оның ғазалдары ақынның діни дүниетанымын, ішкі жан толқыныстарын, тағылымын танытады. Аллаға сыйына отырып өз замандастарын дін жолынан таймауға, иманды болуға, нәпсіге бой алдырмауға үндейді. Дүние, жаратылыс туралы ойларын қасиетті «Құран» ережелері негізінде баяндайды. Дінді әбден меңгерген сопы ақынның көптеген ойлары өмірге жақын болғанымен, тағдырға бас иіп, әрбір ойын тұйыққа тіреді, «жалған» өмірден безінуге, о дүниенің рақатына шақырады. Қиял дүниесінің өзі мұсылман дінінің ережелерімен ұштасып, о дүние мен бұл дүние, жер-су, табиғат, адамзат, жан-жануар, барлығы да Жаратушының әмірінің нәтижесі ретінде танытылған ақын пікірінің түйіні – бұл дүниеден жақсылық жолмен өту, ешбір зәбір, зұлымдық, қиянат жасамау, дүниеқор, баққұмар, мейірімсіз болмай, кедейлерге, жетім-жесірлерге, міскіндерге рақымдылықпен қарау, Алла жолы осы деп мойындау.

Жер мен көктің Иесі Хакқа арнаңыз мадақты,

Тамшы судан гауһардай пәк қып сізді жаратты.

Тіреуі жоқ көкті көр, аңда әлемнің бітімін,

Бар жаһанға көрсетті Ол өзгермейтін үкімін.

Нән балықтың үстіне орнатты да жер шарын,

Осы жерден таратты ырыздығын баршаның.

Төрт мезгілді пайда ғып,

Әрбірінің келбетін

Әрбір түрге енгізіп ажарлады жер бетін,

Таңғажайып тағдыр бұл!



Қандай ғажап сәттілік?!

Күлше нандай жалғыз күн тұр ғаламды тоқ қылып [2, 46 б.].

Дүние –мүлік қызығына беріліп, өмір қызығына түскен, ешнәрсені қанағат тұтпай, тәубеден безінгендерді ол жек көреді. Өзі тойса да көзі тоймайтындардың тамұқтағы қиямет қиян тағдырларына көңіл бөледі. О дүниенің жұмағы бұл дүниенің рақатынан әлде қайда артық, шипалы, нәрлі. Бұл дүниенің қуанышы жалған, о дүниенікі мәңгілік. Осылайша ақын дүниеқоңыздар мен қызыққұмарларды жұмақтың қызығы мен тәттісіне қызықтырмақ болады.

Қияметте хауызын пайғамбардың хақ қылды,

Шыншылдардың Патшасы бар сипатын жад қылды.

Ол хауыздың суы бар, түсі, тіпті сүттен ақ,

Хош иісі есті алар шексіз жұпар-құт тарап.

Бір айлық жол сол көлдің арғы-бергі көлемі,

Зейініннен өшіріп ала көрме сен оны.

Арман қалмас бір жұтым жұтқан одан пендеде еш,

Анық білгін, ол пенде ешқашанда шөлдемес [2, 75 б.].

Сопы Аллаярдың түсінігі бойынша, адамдар бұл дүниеде өздерін еркін ұстайды. Күнәмды ешкім білмейді деп көп қателіктер жібереді. Бірақ Алланың олардың үстінен күзетіп тұрғандығын байқамайды. Сол үшін бұл дүние адамзатты сынау дүниесі. Әрқандай адам о дүниенің есігіне барғанда өзінің істеген әрбір әрекетіне жауап береді. «Сабат-ул-ажизин» кітабы міне осы идеяны насихаттауға арналған.

Бар кәпірге туады қабірдегі аза-күн,

Алайда кей мұсылман тартар қабір азабын.

Көп білікті кітаптар шығармайды теріске,

Бәрі жазды кірерін қабірге екі періште...

Сокқысына олардың таудың өзі шыдамас,

Ал бір уыс топырақ қалай шыдар?!

Құлақ ас.

Құрт-жегісі тозақтың толар қабір ішіне,

Өкінгенмен пайда жоқ еткен бағзы ісіне [2, 69 б.].

Ақын дүниедегі әділетсіздіктердің барлығына қарсы. Ол осы әділетсіздіктермен бұл дүниеде күресуге болмайды дейді. «Мейлі, ол сенің жаныңды қинай берсін. Сонда да сен шыда. Сен өлген соң мұндай әділетсіздіктен құтыласың. Жаратушы оларды қатты жазалайды. Олар істеген істеріне Алла алдында жауап береді. Ал сенің ол жақта екінші бақытты өмірің басталады».

Сұлтан пасық болса да –

Үкімдері шығарған

Шарифатқа сай келсе – тыс тұрады құманнан.

Қанағатсыз сұлтанға қосты Алла тағдырмен,

Бас ұрамыз бәрібір, мойынсұнып жан-ділмен [2, 64 б.].

Сопы Аллаярдың пікірінше адамзаттың ең үлкен жауы – нәпсі. Егер адамның барлық тілегі орындалса, онда бұл дүние тозаққа айналар еді. Сондықтан әрқандай нәпсінің шегі болуы тиіс, адамның нәпсісі жасырын орындалса, ол ұрлық болады. Мұны, әрине, Алла көріп тұр. Сол үшін мен Алла жағындамын дейді.

Заттарының жаратқан – үлкен иә кіші ме,

Мәлім оған өткені һәм болатын ісі де.

Тұруың мен жүруің, жақсылық пен жамандық,

Оған аян –



Жетсе егер кімге қаза, амандық.

Нені мұрат тұтқаның, көңілге не алғаның

Тыс қалмайды бір сәтке газарынан Алланың [2, 52 б.].

Жалпы, Сопы Аллаярдың бұл туындылары Орта Азияда түркі халықтарының арасында ислам дінінің Қожа Ахмет негіздеген сопылық бағытын кең түрде насихаттауда үлкен маңызға ие болды.

Ш.С. Абишева, Ж.Т.Кобланов

Суфи Аллаяр – видный представитель суфийской литературы

В данной статье рассматриваются поэтические наследия виднейшего представителя суфийской литературы Суфы Аллаяра. Авторы сопоставляя произведения поэта с поэзией Ходжа Ахмета Яссави, определяют своеобразный подтекст мастера слова.

Ключевые слова: суфийская литература, религиозная мировоззрения, арабская литература, персидская литература, газал, методы описания.

Sh.S.Abisheva, Zh.T.Koblanov

Sufist Allayar – prominent representative of Sufi literature

The article is devoted to the discussion of one of the famous representative of sufist literature Sufist Allayar's poetry. The author comparing the poet's poems with the works of Kozha Akhmet Yassavi and verifies his own manuscript.

Key words: sufist literature, religious world outlook, Arabic literature, Persian literature, gazelle, description method.

Әдебиеттер

1. Карасаева Х.О. Кобланов Ж.Т. Шығыс әдебиетінің тарихы. «Фолиант», - Астана. 2001.
2. «Әлем әдебиеті» журналы, - №3. - Астана, 2012.
3. Дербісалин Ә. Дәстүр және жаңашылдық. - Алматы, 1976.

УДК 82-1(0)

Ж.Т.Қобланов - ф.ғ.к., доцент

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инженеринг университеті

E-mail: koblanov64@mail.ru

ЮНУС ЭМРЕ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СОПЫЛЫҚ ТАНЫМ

Аннотация. Мақалада түрік әдебиетінің белгілі өкілі Юнус Эмре өлеңдері қарастырылған. Әсіресе, Юнус Эмре поэзиясындағы өлең өрнегі, тіл күдіреті, дәуір көрінісін ашудағы қаламгер шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Тірек сөздер. ислам діні, сопылық ағым, лирикалық өлең, кейіпкер, образ, идея, бейнелеу тәсілдері

Түрік халқының ұлы ақындарының бірі – Юнус Эмре. Ол шамамен 1240 жылдары туып, 1302 жылдары қайтыс болды. Халық арасында оның өлеңдері кең таралған. Ақын өлеңдерінде өзі өмір сүрген заман көрінісі анық көрінеді. Сондықтан болса керек, Юнус жырларында сол кезеңдерде белең алған сопылық дүниетаным да басымырақ көзге түседі.

Ислам дініндегі сопылық ағым VIII-VIII ғасырларда туғандығы тарихтан белгілі. Түркі әлемінде осы ағымның қанат жаюына мол үлес қосқан көрнекті тұлға – Қожа Ахмет Йассауи. Оның XII ғасырда көне түркі тілінде жазған «ДиуаниХикмет» кітабы осы сопылық ілімді уағыздайды. Бұл кітаптың



түпнұсқасы сақталмаған. Бізге дейін жеткені ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы көшірмелері ғана. Көшірмелері өте көп. Олар негізінен Ыстамбұлда, Қоканда, Ташкентте, Мәскеуде және Алматыда сақтаулы тұр.

«Диуани Хикметте» негізінен төрт нәрсеге ерекше көңіл бөлінеді. Олар: шариғат, тарихат, мағрифат және хақиқат. «Шариғат» - ислам дінінің заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы, «тарихат» - сопылықтың мұраты, сопылық мүддесіне жеткізетін жол, «мағрифат» - дін жолын танып, оқып білу, «хақиқат» – Аллаға жақындау болып табылады. Ахмет Йассауидың пікірінше, шариғатсыз, тарихатсыз, мағрифатсыз хақиқаттың болуы мүмкін емес. Мұны ол өз өлеңінде былай өрнектейді:

Өтті өмірім шариғатқа жете алмадым,
Шариғатсыз тарихатқа өте алмадым.
Хақиқатсыз мағрифатқа бата алмадым,
Қиын жолдар пірсіз қайтіп өтер достар...[1, 146 б.]

Йассауи озбырлық пен зұлымдыққа қарсы, жемқор, дүниеқоңыз, дүмше молдаларды қатты сынға алады. Аллаға ғашық бола тұрып, дәулет пен мансапқа қызықпауды тілейді.

Дүние-мүлікке құмартып жаһан малын жиғандар,
Құзғын жемін жегендер арамға әбден батпақшы.
Молла, мүфти болғансып жалған дұға қылғандар,
Ақты қара дегендер тамұққа барып жатпақшы.
Қазы, имам атымен қол қойса нақақ жалаға,
Сол үкімнің салмағы өздерін басып қалмақшы.

Арам жеген әкімдер, құныққандар параға,
Өз бармағын тістелеп өкініш отқа жанбақшы [2, 9 б.].

Адам мал-дүниеге, атақ-даңққа құл болса, онда оның ниет-ықыласы Аллаға емес, байлыққа ауады. Ондайлар надан, пасық жандарға айналады. Иманың бар нағыз адам болсаң елге, халыққа шапағатыңды тигіз, момындарды, жетім-жесірлерді жебеп, қорған бол деп үгіт-насихат айтады.

Пірге қызмет еткенсіп «мен тәліппін» деп жүрер,
Жаман, арам заттарды хұжыраларға енгізер,
Көздерінде сәуле жоқ, жанары пәс мөлдірер,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік
Зікіршіл боп төс қағар, көздерінен жас тамбас,
Жүректері дір етпес, түкке олар таң қалмас,
Қулық толы іштері, көкірегінде ар қалмас,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.

Тәліппін деп айтады-ау, қуыс көкірек, құр кеуде,
Нағыз тәліп кісінің іші толыдүрлерге,
Нахка аян сырлары, ойлары асыл білгенге,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.
Сырты сұлу, іші арам, қияметтен хаупі жоқ,
Тазаруға күнәдан көңілі мен зауқы жоқ,
Тәспілері үзілсе, жылап-енірер қалпы жоқ,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.
Маржан тәспі үзілсе, белбеу жіпті алыңыз,
Алла разы болады ынтызар боп барыңыз,
Махшар күні болғана жақсылық көрер жаныңыз,

Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік.
Кәміл ғашық пендесі нақ дидарын көрмек те,



Муса сынды махшарда һаққа сауал бермек те,
Мәз көңілмен мадақ айтқан жетер даусы жер-көкке,
Арыстан бабам сөздерін тыңдаңыздар, тәбәрік [2, 56 б.].

Міне,осындай ой-пікірлерді Юнус Әмре де қолдайды. «Ақырзаман хақындағы диуанында» ол:

Ақырзаман – ол болар,
Ал, ей, ұлық сен хабар:
Шын мұсылман аз қалар –
Кұманға ол да жем болар.
Жалған сопы молдалар –
Жамағатты күнде алдар;
Ұқпас халық шын жолды, ал,
Саңырауша сандалар.
Жетім хақын жеп келген
Қайыр кетер бектерден;
Кеуде – нәжіс кептелген,
Ұрттағаны қан болар[3, 8 б.].

Ал, енді Йассауи «Диуани Хикметінде» малқұмар, мансапшылдарды бұл дүние өткінші, өлім әркімге де ортақ, одан қашып құтыла алмайсың. Сондықтан естеріңді жиыңдар, дейді. Әділет жолы – нақақ іс қылмай, әлсізді қорламай, рақымшыл, мейірімді болу.

Ертелі кеш бұл дүние,
Барша жаннан өтпес пе?
Дүние малың бір күні,
Қолдарыңнан кетпес пе?
Қайда кетті ойлашы,
Ата-ана, туыстар?
Төрт аяқты, ағаш ат,
Саған да бір күн жетпес пе? [4, 101 б.]

Юнус Әмре акын «Сабақ ал...» дейтін өлеңінде мұны былайша толғайды:

Адам-пендем, бір сабақ,
Алғың келсе өлімнен.
Тірлігінде пұл санап,
Босқа өтпегін өмірден.
Аруақтың көрдегі,
Қалды қандай амалы?
Осыны ойла сен де бір,
Тірлік етіп саналы.
Байлар қайда бұрынғы,
Байлығына сыйынған?
Оларға бүгінгі,
Бейіттен жер бұйырған.
Ханзадалар қайда асты,
Хан сарайға сыймаған?
Көрге олар да жайғасты,
Құм төсегін жимаған... – дейді [3, 28 б.].

Сопылық ілімде ерекше назарға ілінетін нәрсенің бірі – нәпсі. Адам нәпсіні тыймай адалдыққа, имандылыққа жете алмайды. Нәпсіге ерген жан күнәға белшесінен батады. Бұл мәселе де Юнус Әмрені қатты толғандырады. «Нәпсі» атты өлеңінде ол былай дейді:

Жаман кара ниетті арқандасам деп едім,



Тыйып Нәпсі қалауын талқандасам деп едім.

Қасиетін Алланың терең ұғып, білмеп ем,

Тазартатын кез жетті жан мен тәнді кірлеген [3, 28 б.].

Юнус Эмренің лирикалық шағын өлеңдері ақынның көңіл-күйін, лирикалық тағылым-талғамдарын таныта алатындай туындылар. Аллаға сыйына отырып, ол өмір мәселелерін, әлеуметтік жайттарды да жырға қосады. Өз тұсындағы сана-сезім тұрғысында ой түйіп, қоғамына сын айтып отыратын жерлері де баршылық. Өзін «еркін ойдың» өкілі санаған тәубешіл ақын жастық шер мен мұңды айтуға тартынбайды.

Ғашықтар ғана бөлейді Тәңір ұжмағын жұпарға,

Жұмақ деген бір тұзақ қой – көбелек-жанды тұтарға.

Ғашықтан өткен міскін жоқ – еркі жоқ көңіл жығарға,

Тақ тұрар әрбір бұйрыққа, ойында жалғыз бір Алла.

Шын ғашық құлдар ұмтылмас жәннатта әсте жатпаққа,

Жәннаттан да өтер ілгері – негізін оның таппаққа.

Келгендер, білдік кетерін, қонғандар, көрдік көшерін,

Ғашық шарабын ішкендер көпке ермес, емдер кеселін.

Юнустың жаны бағынбас тозақ не жұмақ заңына,

Хақ жолға түсіп, асылын табады – жетіп жарына! [2, 22 б.]

Жалпы Юнус Эмре өлеңдерінің барлығына тән болған ортақ пікірлер – адамгершілікті, әділеттікті, ақылмен іс қылар даналықты, Аллаға шын ықыласпен құлшылық етуді, адал болуды, махаббатты таза ұстауды, қастерлеуді насихаттау. Сонымен қатар, зұлымдық атаулыға, надандыққа, дүниеқорлық-нысапсыздыққа, мансапқорлыққа, адам атын қорлауға лағнат айтып, қарсы шығу. Ел мүддесіне, мақсатына, хақ жолына адал қызмет ету.

Юнус Эмре өлеңдерінің тілі қарапайым, түсінікті әрі ойнақы болып келеді. Оқырман жүрегіне тез жол тауып, ерекше сезімге бөлейтіндей өте әсерлі. Сондықтан да ұлы ақын өлеңдері ғасырлар тасқына төтеп беріп, біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Юнус Эмре өлеңдері өзінен кейінгі көптеген ақындардың шығармашылығына ықпал етті.

Ж.Т. Кобланов

Суфийское познание в стихотворениях Юнуса Эмре

В данной статье рассматривается языковое мастерство в произведениях известного поэта турецкой литературы Юнуса Эмре.

Ключевые слова: исламская религия, суфийское течение, персонаж, образ, идея, лирическое стихотворение, методы описания

Zh. T. Koblanov

The sufis knowledge in the poems of Yunus Emre

This article runs about well-known poet of Turkish literature Yunus Emre and language mastership in his works.

Key words: islam religion, sufistic direction, lyrical poem, character, figure, idea, description method.

Әдебиеттер

1. Қазақ. Оқу құралы., - Алматы: «Білім», 1994.
2. Қожа Ахмет Яссауи. Хикметтер, - Алматы: «Атамұра», 1995.
3. «Әлем әдебиеті» журналы. №5. - Астана. 2012.
4. Қарасаева Х.О. Қобланов Ж.Т. Шығыс әдебиетінің тарихы. - Астана, 2001.



УДК (075)

Сәдуакас Н.Ә. – филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің доценті
E-mail: nurbol_saduakas@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ КОГНИТИВТІ АСПЕКТІДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Аннотация: Бұл мақалада когнитивті лингвистиканы зерттеу мен осы саладағы ғылыми терминдер анықтамалары берілген және көрсетілген. Қазақ тіл білімінің дамуына, танымдық лингвистиканың дамуы мен қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген ғалымдардың зерттеулері когнитивтік аспектіде талданған. Сонымен қатар ғылыми-теориялық тұжырымдар тіл мәселесіне, тіл мен мәдениеттің байланысына, тіл мәдениетінің ұлттық ерекшеліктеріне негізделген.

Трек сөздер: когнитивтік лингвистика, ғылыми-теориялық тұжырым, тіл мәдениеті, тілдік дүниетаным, ғалым, тілдік зерттеулер, қазақ тіл білімі, лингвистикалық зерттеу.

Адамның өзін қоршаған дүниені тануы, ой-санасы, білімі, мәдени және этникалық өзгерістері, «әлемнің тілдік бейнесі» тіл арқылы қалыптасады. Ғылым дамуы барысында соңғы кезеңде тіл білімі саласында да тілді зерттеудің жаңа бағыттары пайда бола бастады. Адам өзін қоршаған ортада болып жатырған құбылыстарға назар аударып, оны ұғынып, танып қана қоймай, өз дүниетанымын келесі біреуге жеткізу жолында тілді таным құрал ретінде пайдалануы тіл білімінде тілді басқа қырынан қарастыруды талап етті. Тілді адам дүниетанымының кілті деп қабылдап, оның таным құралы ретіндегі қызметі зерттеу нысанына алынды. Қазіргі тіл білімі тілдің ішкі құрылымдарын қарастыру аймағынан асып, адам ой-санасын, оның танымдық қабілетін, рухани-мәдени танымдарын тіл арқылы зерттеу бағытын, антропоцентристік бағытты, қалыптастырды. Адамның зердесі мен ойлау қабілеті, парасат-пайымы, ментальді әрекеттері тілдік бейне арқылы тіл білімінің жаңа бір зерттеу аспектісінде қарастырылды. Бұл бағыт тілді таза грамматикалық тұрғыдан ғана емес, тілді танымдық негізде философиялық, логикалық, этномәдени т.б бағыттарда бірлікте алып зерттеу жолын көрсетті. Ұлттық тілдің болмысын толық танып-білу үшін оның грамматикалық заңдылықтарын зерттеп қою жеткіліксіз екендігі, сол халықтың ғасырлар бойы игерген құндылықтарын, ой-танымдарын, тарихын, мәдениетін, дәстүрін, ұлттық менталитетін тіл арқылы зерттеу қажеттігі анықталды. Сондықтан XX ғасыр лингвистикасында тіл тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, тіл ұлттық мәдениеттің бір бөлігі, адамзат дүниетанымының бір көрінісі ретінде де танымдық қызметі жағынан зерттеуге алынды. Сөйтіп, тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттейтін тіл білімінің бір саласы «когнитивті лингвистика» дүниеге келді. Когнитивті лингвистика (лат «cognitio»-білім түсінік, көзқарас)-тіл біліміндегі бағыт [1.181]. Когнитивті лингвистика, яғни танымдық лингвистика, тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, жаратылыс пен қоғамдық құбылыстарды танып-білу жолдарын ғылыми тұрғыда қарастырады. Когнитивті лингвистиканың ғылым жүйесіндегі маңызы туралы В.А.Маслова жан-жақты түсінік береді.[2.6]. Демек, когнитивті лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздеп, адамның таным процесіне қажетті білімін тереңдетеді, тілді жалпы танымдық механизм ретінде қарастырады. Тіл мен таным арақатынасы, тілдік заңдылықтар мен танымдық дүниетанымдардың адам санасындағы көрінісі басты назарда болады. Адам



зердесі, дүниетанымы, ойлау қабілеті мен ментальді әрекеттері, мәдениеті, дәстүрі, тарихын тілімен байланыста қарастыру мәселесі когнитивтік лингвистика аясында жүзеге асады. Когнитивті лингвистика - адам ақыл-ойының, танымының тіл арқылы көрінісін қарастыратын, антропоцентристік бағыт шеңберінде қалыптасқан тіл білімінің бір саласы.

Ғалымы Е.С.Кубрякованың басшылығымен шығарылған еңбекте «Когнитивная лингвистика - это лингвистика направление, в центре внимания которого находится язык как общий когнитивный механизм, как когнитивный инструмент-система знаков, играющих роль в репрезентации (кодировании) и трансформировании информации», - деген анықтама беріледі. [4.53]. Когнитивті ғылым немесе когнитология адам білімі мен танымдарының құрылымы мен қызметін зертеу барысында инженерлік пәндер негізінде қалыптасты. Яғни, когнитивті лингвистика алғашқыда нейролингвистика саласында, жасанды интеллект және инженерлік ғылымдар аясында зерттеле бастаған. Адам өзінің көргені мен білгенін, естігенін, таныған дүниесін миы, ой-санасы арқылы өткізіп, көкірегіне түйгенін тілі арқылы ұрпағына жеткізеді. Сөйтіп әлем тіл арқылы танылып қана қоймай, сол тілде ұлт өкілдерінің бүкіл өмірлік тәжірибесі, әдет-ғұрпы, ұлттық сана.т.б. ерекшеліктері астасып жатады. Ал тіл болса ойлау, сөз, оның мағынасы, ұғым, сөзді айту, есту, жазу, қабылдау т.б. құбылыстармен байланысып жатады. Адамның таныған дүниесі оның тілі арқылы таңбаланады. Егер адам танымы философияда антропоцентризм категориясы арқылы түсіндірілетін болса, адамның танымы мен тілі де осы концепция аясында бірлікте қарастырылады. Тіл адамның танымында өз қолтаңбасын қалдыра отырып, әлемнің тілдік бейнесін жасайды. Адам тіл үшін емес, тіл адам үшін қажет. Тілді жасағанда адам тілді өзіне қызмет етсін деп жасаған. Сондықтан тіл арқылы адамның барлық қасиеті, болмысы, өмір тіршілігі, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы, арманы, т.б. көрініс табады. Демек әлемді сана, ақыл-ой арқылы танысақ, сол дүниетаным тіл арқылы бейнеленеді, таңбаланады. Тіл танылған дүниені тілдік бірлікке айналдырады, яғни вербалдайды, дүние туралы ұғым, түсінік қалыптастырады. Дүниенің бейнесі дегенде объективті(шынайы) бейне, концептуалды (ғылыми) бейне, тілдік бейне-үшеуі бір-бірімен тығыз бірлікте қарастырылады.

Когнитивті лингвистиканың басты зерттеу бағыты сан ғасырлық білім, танымдар адам миының жемісі ретінде бағаланып, тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан кешенді қарастыруға негізделді. Адамның зердесі, ой-таным қабілеті, ментальді әрекеттері когнитивті ғылым саласынан көрініс табады. Бізді қоршаған ортадағы барлық мәліметтер адам танымында өңделіп, санада тілдік формадағы білімдер жиынтығын қалыптастырады. Тілді адамның танымдық іс-әрекетіне қатысы тұрғысынан қарастыру когнитивті лингвистиканың басты нысаны болып табылады. Когнитивті лингвистикаға қатысты мәселелер алғаш рет шетелдік ғалымдар еңбектерінде көрініс тапты. Американдық ғалымдар, профессор Дж.Бруннер мен Дж.Миллер екеуі 1960 жылы Гарвард университетінде когнитивті зерттеу орталығын ашады. Дж.Миллер өз еңбегінде когнитивтік ғылымды «XX ғасырдың 50 жылдарында дүниеге келген ақпараттар теориясының симпозиумы» деп бағалайды. Осы ғалымдардың зерттеу орталығы әлемде когнитивті лингвистика ғылымының негізі қаланып, қалыптасып дамуына айтарлықтай ықпал етті. Когнитивті ғылымның теориялық жағынан дамып, қалыптасуына үлес қосқан шетелдік ғалымдар Дж.Миллер, М.Джонсон, Р.Лэнакер, Г.Н.Кент, Т.Ван Дейк, Дж.Лакофф, Ф.Унгерер, Х.И.Шмидт т.б. атап айтамыз. Ал орыс тіл білімінде когнитивті лингвистиканың әр түрлі мәселелері



Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, Ю.С.Степанов, И.А.Стернин, В.Н.Телия, В.А.Маслова, Н.Н.Болдырев, А.Н.Баранов т.б еңбектерінде қарастырылды. Когнитивті лингвистиканың қалыптасу, даму кезеңдеріне назар аударатын болсақ, оның алғашқыда «когнитивтік грамматика», «когнитивтік семантика» деп аталғандығын байқаймыз. Алғаш рет «когнитивті грамматика» термині 1975 жылы Дж.Лакофф пен Г.Томпсон жазған «Когнитивті грамматиканы таныстыру» деп аталған мақалада қолданылды [3.22]. Алғашқыда когнитивті лингвистика бағытындағы ізденістер бір-бірімен байланыссыз, жекелеген ғылыми мақалаларда ғана сөз етіліп, көпшілік ғалымдар арасында белгісіз болып келді. Ал 90-жылдардың ортасында шетел ғалымдары Ф.Унгерер мен Х.И.Шмидт авторлығымен «Когнитивті лингвистикаға кіріспе», Б.Хайненің «Грамматиканың когнитивтік негіздері» атты оқулықтары жариялана бастады. Орыс тіл білімінде когнитивті лингвистика мәселесі алғаш рет В.И.Герасимовтың 1985 жылы жарияланған «Когнитивті грамматиканың қалыптасуы» атты мақаласы арқылы танылды. Кейіннен 1980 жылы тіл білімінде когнитивті аспектіде зерттеу мәселелері қарастырылған «Шетел лингвистикасындағы жаңалықтар» атты жинақ жарияланады. Орыс тіл білімінде когнитивті лингвистиканың дамуына ерекше үлес қосқан еңбек Ю.С.Степановтың 1997 жылы шыққан «Константы: словарь русской культуры» деген еңбегі болды. Осы еңбекте орыс мәдениеті, құндылықтары «махаббат», «соз», «ғылым», «интеллигенция», «от», «су», «нан», «жазу», «уақыт», «үй», «тіл» т.б константтары арқылы сипатталды [4]. Е.С.Кубрякованың редакциялық басшылығымен жарияланған «Краткий словарь когнитивных терминов» (1996ж.) деген еңбегінде когнитивті лингвистиканың ғылыми зерттеу мәселелері, терминдері мен негізгі ұғымдары, когнитологияның жалпы мәселелері жөнінде жүйелі түрде талдау жасалды.

Қазақ тіл білімінде де когнитивті лингвистикаға қатысты әр түрлі мәселелер Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Н.Уәли, Г.Гиздатов, Қ.Жаманбаева, Э.Сүлейменова, Г.Смағұлова, Б.Момынова, А.Салқынбай, М.Құштаева, А.Әмірбекова, Г.Әзімжанова, Э.Оразалиева, А.Ислам, Н.Айтова т.б еңбектерінде зерттелді. Жалпы алғанда, қазақ тіл білімінде танымдық білімнің алғашқы ізденістері А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Аманжолов т.б еңбектерінен бастау алады. Кейінгі кезеңде академик Ә.Қайдардың этнолингвистикаға қатысты ойлары қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистиканың қалыптасуына негіз болды. Ғалым «этностық таным» мәселесін көтере отырып, қазақ тіл білімінде тілді қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық психология, салт-сана, өсу-өркендеу жолымен байланыста қарастырып, тіл арқылы халықтың барлық тұрмысын, өмірін, мәдениеті мен болмысын, рухани құндылығын, ұлттық дүниетанымы мен менталитетін көрсете білді. «Тіл әлемі» - этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы» екенін, этнос туралы мол деректерді өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алатын» тіл екендігін айта келіп, академик Ә.Қайдар «...этностың дүниеге келуіне ұйтқы болған да –тіл, рухани мәдени өмірдің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де-сол тіл», - деп тілдің танымдық қызметіне жан-жақты түсінік берді [5.11]. Ал қазақ тілін когнитивті аспектіде қарастырған алғашқы еңбектер қатарында Г.Гиздатовтың «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік моделдер: типология мен динамикасы» атты зерттеуін айтуға болады. Ғалым қазақ тіліндегі сөйлеу қызметінің когнитивтік астарына терең барлау жасап, санадағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері құрылымы мен динамикасы, когнитивтік моделдер типологиясы т.б мәселелерді



жүйелі қарастырады [6]. Осы бағыттағы жазылған келесі маңызды еңбек авторларының бірі Э.Н.Оразалиева «Когнитивті лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» атты зерттеуінде қазақ тіл біліміндегі когнитивті бағыттың қалыптасуы мен дамуы мәселелерін ғылыми парадигмаларға, теориялық тұжырымдарға сүйене отырып талдап, қазақ тіл білімінде танымдық ұғымдарды қалыптастыруға үлес қосқан ғалымдар еңбектерін когнитивті аспектіде қарастырады [7].

Когнитивті лингвистиканың алғаш қазақ тіл білімінде қалыптасуына үлес қосқан еңбектердің бірі Қ.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты зерттеуінде қазақ тілі деректері негізінде адамның ментальді әрекеттері мен зердесі, ойлау қабілеті, ұлттық таным-түсініктерінің көрінісін, тілдік сананың құрылымын анықталып, эмоция, символ, тілдік сана концептілеріне талдау жасалып, гештальт теориясына түсінік беріліп, қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистика ұғымдарының қалыптасуына ықпал етті. Ғалым когнитивтік құрылымның концептуальды көрінісі, күрделі жүйе тудыру ерекшеліктері, экстремалды күй т.б мәселелерді қарастырған. Қазіргі кезде тілші ғалымдар «әлемнің тілдік бейнесі» деген мәселеге ерекше көңіл бөліп отырса, дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлшегі боып табылатын дүниенің ғылыми бейнесі туралы, дәлірек айтқанда, қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі туралы монографиялық еңбегінде ғалым Б.Қ.Қалиев әлемнің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің ортақ және айырма белгілері туралы: «Тілдік бейне мен ғылыми бейненің айырмашылықтары шамалы. Екеуінің де негізі-концептуальды (шынай) бейне. Екеуі де ұжымдық бейне. Екеуі де тілде көрініс табады. Жалғыз-ақ айырмашылықтары бар. Ол-егер тілдік бейне ұлт өкілдерінің бәріне ортақ болса, ғылыми бейне мамандар мен ғалымдарға ортақ. Тілдік бейне тілдік бірліктер (сөздер, сөз тіркестері, сөйлем, фразеологизмдер т.б) арқылы жасалса, ғылыми бейне ғылыми терминдер арқылы жасалады», - дейді [8.27]. Тілді ғылыми тұрғыда терең тану үшін оның терминдерін, сол терминдер негізінде жасалған ұғымдарды, концептілер мен фреймдерді білу қажеттігін ескертеді.

Когнитивтік бірліктердің ұсынылу (репрезентациялану) ерекшеліктеріне қатысты мәселелер ғалым Б.Момынованың «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси (әлеуметтік бағалауыштық) сөзжасам» атты зерттеуінде, қазақ тіліндегі мәдениет лексикасының ұлттық сипатына барлау жасап, тілдің халық тұрмысымен, мәдениетімен, ой-танымдарымен байланысы ғалым Ж.Манкееваның «Мәдениет лексикасының ұлттық сипаты» атты еңбегінде жан-жақты талданды. Қазақ сөз мәдениетінің негізгі теориялық қағидалары мен басты ғылыми принциптері, «сөз мәдениеті» ұғымына анықтама беру, әдеби тіл нормаларына талдау жасау, тілдік жүйе және дағды (узус), дискурс, когнитивтік код, тілдік білім мәселесі, сөздің функционалдық типтері және олардың айырым белгілері, сөз мәдениетінің когнитивтік аспектісі т.б. мәселелер танымдық тұрғыда ғалым Н.Уәлидің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты зерттеуінде баяндалды. Ғалым когнитивті тұрғыдан «егіз козыдай», «егіз тамшыдай» деген фреймдік құрылымдарға талдау жасап, қазақ сөз мәдениетінің танымдық ерекшеліктерін көрсетеді [9.14]. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, сөз мәдениетінің ұлттық ерекшеліктері мен тілдік және тілдік емес норма, олардан прагматикалық ауытқу түрлері мен типтері т.б. мәселелердің когнитивті негіздерін қарастырады. Қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистиканың әр түрлі мәселелері, қазақ тіліндегі концептілерге қатысты ізденістер М.Т.Құштаева, А.Ислам, М.Б.Абдрахманова, А.Б.Әмірбекова т.б. зерттеулерінде қарастырылды.



Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде когнитивті (танымдық) лингвистикаға қатысты зерттеулер жан-жақты жүргізіле бастады. Когнитивті лингвистика мен когнитологияның терминдерін қазақ тілінде қалыптастыруға да көңіл бөлініп отыр. Себебі когнитивтік лингвистика ғылыми пән болып қалыптасатын болса, оның ғылыми танымдық аппараттары, яғни терминологиясы да бір жүйеге түсуі керек болады. Сонымен бірге қазақ тіл білімінде когнитивтік аспектіге қатысты басқа да ғылыми бірліктер қатарында коғниция, концепт, фрейм, гештальт, сценарий, скрипт, схема т.б атаулардың мән-мағынасы, қызметі туралы бірдей көзқарастар қалыптасып келеді. Зерттеуші В.А.Маслова бұл бірліктерді адам танымындағы ақпараттарды сыртқа шығаруда қолданылатын тілдік құрал деп таниды. Ғалымдар арасында «концепт» терминіне көзқарастар бір арнаға тоғысып келеді. «Концепт» латын тілінде де бірнеше мағыналы екен. «Концепт» туралы анықтамалар көп, сол анықтамаларда оның ұғым, мағына, бейне, таңба, символ т.б ұғымдармен ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауға назар аударылады. Концепттің жасалуына ұғым емес, заттық образдар негіз болып, тілдік санада концепт форматына түскен бұл құрылым лингвокреативті ойлаудың негізінде әрі қарай өңдеуден өтіп, ұлттық мәдени концепті пайда болды. Сондықтан концепт ұлттық ұғым, ұлттық түсінік, ұлттық дүниетанымның бірлігін қажет ететін, бір бүтін ұғым түрінде кіші ұғымдарға бөлшектене алатын, сол бөлшектердің қайта бірігіп, ірі бүтін ұғымға айналуға қабілетті бірлік деп түсінеміз. Ал фрейм-концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын, концептінің ең жақын семаларынан құралатын, адам миында белгілі бір стереотипті жағдаяттың көрініс табуына арналған белгілі бір ақпарат құрылымы. Ақиқат өмірдегі стереотипті ситуация адам санасында фреймдік құрылым түзеді. Біздің түсінуімізше, әр концепттің бойында оның құрамдас бөлшектері, яғни фреймдері болады. Ал гештальт ойлауға тән ұғым ретінде образ, форма, тіпті бір ғана сөзде де болуы мүмкін. Дара тұлға, эмоция түрлері, ішкі қажеттілік, тілдік сана, бүкіл шығармашылық үдеріс гештальт арқылы жасалады, гештальт арқылы формаға өтеді. Гештальт - сан тарапты нәрсенің ұзын ырғасын біртұтас, жалпы құрылым арқылы корсету. Когнитивті лингвистикада сценарий, схема, ойсурет (скрипт) ұғымдары санада белгілі бір құрылым үлгісінде сақталатын, бірінен соң бірі келетін сатылы әрекет ретінде танылады. Скрипт арқылы санадағы бүтін концептіні (мәтінді) модельдеуге болады. Скрипт-мәтінді тануда басқа бір оқиғаларды ой елегінен өткізіп, одан концептінің бір қырын танытатын фрагменттерді автоматты түрде салыстырып, не ұқсатып ойша табуға деген ептілік. Сценарий концептінің идеясын танытатын сюжеттерден құралатын болса, схема санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі. Ал ойсуретті адам санасындағы заттың өзіне тән ерекше бейнесінің табиғи тұрғыдан қабылдағаннан ғөрі, ішкі көзқараспен өз үйлесімін тапқан бейненің ізі деп қабылдаған жөн. Егер санада фантазиялау таланты басым болса, ойсурет құрылымын таныту да жоғары болады.

Тіл - ұлттық мәдениеттің ең маңызды және күрделі құралдарының бірі. Тіл-халық қазынасы, асыл мұрасы. Сондықтан когнитивті лингвистика саласындағы ғылым жетістіктері нәтижесінде қазір қазақ тілінің ұлттық-танымдық тереңін танытатын зерттеулерге жол ашылды.



Садуакас Н.А.

Исследование казахского языка в когнитивном аспекте

В этой статье даны и указаны определения исследования когнитивной лингвистики и научные термины этой сферы. Проанализированы на когнитивных аспектах исследования ученых вложивших большой труд на развитие казахского языкознания, становления и развития познавательной лингвистики. Рассмотрены, опираясь на научно-теоретические выводы проблемы языка, связь языка и культуры, национальные особенности культуры слова.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, научно-теоретическое заключение, культура языка, языковое мировоззрение, лингвистическое исследование

Saduakas N.

Investigation of kazakh language in the cognitive aspect

There are researches of cognitive linguistic in the article, and there are given scientific concepts and definitions of terms to this field. There are analyses in cognitive aspect of scientists researches who promote to the development of cognitive linguistic in Kazakh language, progress of cognitive notions. There are shown interaction between language and culture, national differences of the word culture and scientific theoretical conclusions of languages issues.

Key words: cognitive linguistics, scientific-theoretical illation, culture of language, lingual ideology, linguistical research.

Әдебиеттер

- 1 Тіл білімі сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1998. - 544 б.
- 2 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. - Москва: Наука, 2004. - 296 с.
- 3 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика учебное пособие. - Минск: ТетраСистемс, 2004. - 256 с.
- 4 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов. - Москва: Наука, 1996.-245 с.
- 5 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1998.-304 б.
- 6 Гиздатов Г.Когнитивные модели в речевой деятельности. - Алматы: Ғылым, 1997.-134 с.
- 7 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. - Алматы: Ғылым, 2007. - 312 б.
- 8 Қалиев Б. Қазақ тіл білімінің ғылыми бейнесі. - Алматы: 2008. - 92 б.
- 9 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. ДДА. - Алматы, 2007. - 49 б.

УДК 811. 512

Ниязғалиева А.Ә. – фил.ғыл.кан.,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті;

Ботағалиева А.Қ. – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік

университетінің 2-курс магистранты

E-mail: alfia_86@mail.ru

ШАМҒАЛИ САРЫБАЕВТЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Аннотация: Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы басқа ғылымдарға қарағанда кенжелеу дамып келе жатырған ғылым. Оның негізгі бастауында А.Байтұрсынов, Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиевтар секілді ғалымдардың тұрғаны белгілі. Ал осы ғалымдар еңбектерін саралау мен зергітеп, зерделеуде қазіргі таңда атқарылып жатырған істер жетерлік. Осы орайда белгілі әдіскер-ғалым Шамғали Сарыбаевтың алатын орны ерекше. Мақалада Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың әдістемелік мұрасы, яғни, әдістеме саласының негізін қалауға бастау



болатын еңбектері қарастырылып, талданады. Ғалым еңбегінің қашан да әдістеме ғылымынан алатын орнының ерекше екендігі көрсетіледі.

Трек сөздер: әдістеме ғылымы, педагогика, психология, қазақ тілін оқыту әдістемесі, әдіскер, орыс мектептеріндегі қазақ тілі, қазақ тілін үйрету, салыстыра оқыту

Қай ғылым болмасын өзінің даму жолдары мен кезеңдері бары анық. Ал сол ғылымда дамытуда белгілі бір ғалымдар ерекше орынға немесе рөлге ие болмақ. Біз ғылымның даму тарихын біле отырып, оның негізін қалаушыларды да білеміз.

Ал бүгінгі біз қарастырып отырған қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының да өзіндік даму жолы мен қалыптасу тарихы бар. Ал оның тарихын зерттеуге тәуелсіздік алғанға дейін көңіл бөлінбей келді. Ең алғашқы зерттеу, біздің қарастыруымызша, профессор А.С.Қыдыршаевтың «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты (1995) кандидаттық диссертациясынан басталады [1]. Бұл жұмысқа әдістеме ілімі тарихына қатысты тұңғыш деп кезінде ғалымдар баға беріп кеткен болатын. Бұған дейін осы салаға байланысты ғылыми жұмыс жазылмаған еді.

Ғылымның осы саласына Ахаңнан бері қарай бірнеше ғалымдар зерттеп, өз үлестерін қосуда. Олардың қатарында Т.Шонанов, Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев сияқты қазақ тілі әдістемесінің қалыптасып, өркендеп дамуына зор үлес қосқан, осы ілімнің негізін қалаған ғалымдарды атауымызға болады. Олар А.хмет Байтұрсыновтан кейінгі әдіскер ғалымдар тобына жатады. Сондай-ақ аталмыш ғылымның даму тарихына елеулі еңбек сіңірді. Осындай ғалымдардың ішінде Шамғали Харесұлы Сарыбаевты ерекше атауымызға болады. Ол қазақ тілі әдістемесінің жүйелі ғылым ретінде қалыптасуына өзіндік үлес қосты.

Шамғали Харесұлы Сарыбаев қазақ тілі ғылымының жекелеген мәселелерінің ғана зерттеушісі емес, ол қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Сондықтан да Шамғали Сарыбаевтың әдістемелік мұрасын зерттеу осы ғылым тарихы үшін өте қажет. Ал қай ғылымның да тарихын білмей бүгінгі күнгі сол ғылымның дамуына баға бере алмайсыз.

Жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы екіге бөлінеді. Ол ана тілін оқыту әдістемесі және өзге ұлттарға қазақ тілін оқыту әдістемесі болып [2]. Ал осы ретте ғалымның қай салаға елеулі еңбек сіңіргенін және жан-жақты зерттегенін көреміз. Ол осы салалардың жүйелі ғылым ретінде қалыптасуына еңбек етті.

Ш.Х.Сарыбаев – қазақ тілін орыс мектебінде оқыту әдістемесі бойынша тұңғыш ғылым кандидаты. Ол 1944 жылы «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту методикасы» деген тақырыпта алғаш рет кандидаттық диссертация қорғады. Ал бұған дейін қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми диссертация қорғалмаған болатын. Сондықтан да Шамғали Сарыбаев тұңғыш ғылыми дәрежелі ғалым әдіскер болып саналады.

Ш.Х.Сарыбаев - қазақ мектебінде қазақ тілін оқыту әдістемесін алғаш рет жазып, ғылыми негізде жүйелеген ғалым. Оған оның 1956 жылы жарық көрген «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» атты алғашқы кітабы дәлел. Ал екінші кітабы 1959 жылы жарық көрген болатын. Ал бұған дейін Мағжан Жұмабаевтың «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы» атты еңбегі жарық көргенімен, аталмыш еңбек бастауыш мектепке арналған еді. Ал Ш.Х.Сарыбаевтың еңбегі орта мектепке байланысты жазылған.

Ш.Х.Сарыбаев оқулық, оқу құралдары, тілді оқытуға байланысты әдістемелік нұсқаулар, ғылыми зерттеуге байланысты маңызды еңбектер жазып қана қоймай, осы ғылымның барлық мәселелеріне орай үнемі ғылыми мақалалар



жазып отырған. Ғалымның осы мәселеге қатысты 50 ге тарта еңбектерін саралай отырып, оның қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымына қосқан өлшеусіз еңбегін көреміз.

Ұлт зиялылары жаңа әліпбидің еліміздің мәдени саласын көтеруде аса қажет екендігін насихаттап, жазудың маңыздылығын түсіндірмекке талпынды және жаңа әліппешілер қозғалысына қолдау көрсетуге шақырды. Мәселен, 1929 жылғы “Жаңа мектеп” журналының № 4 санына Ораз Жандосовтың “Жаңа әліп аттанысы” атты мақаласы жарияланып, ол әліппешілер қозғалысының мақсаты мен маңызын былайша түсіндірді: “Аттаныстың негізгі мақсаты – ауылға жаңа әліпті (алфавитті) жаю. Бірақ бұл аттаныстың маңызы тек жаңа әліппен түгелденбейді. Бұл аттаныстың ерекше саяси, терең маңызы бар. Ауылға қарай жаппай мәдениет аттанысын ашу, ауылдағы болып жатқан шаруашылық пен жұртшылық өзгерістерінен туып отыр. ... Жаңа әліпті алу мәселесі шешілген. Әрине, әлде де елге жаңа әліптің маңызын түсіндіру керек. Жаңа әліпті халыққа түсіндіру жұмысында мәдениет аттанысы теңдіру керек. Ендігі жұмыс жаңа әліпті қайткенде іске асыру, күнделік тұрмысымызда жүзеге шығаруда”. Автор бұдан әрі ауылдағы арта калушылықты жою үшін мәдениетімізді ілгерілетуіміз қажет екендігін баса көрсете отырып, жаңа әліпбидің араб әрібінен ерекшелігін түсіндіруге тырысады. “Сауатсыздықты жою жолында жаңа әліп сенімді, жеңіл құрал (халық) екеніне сенеді. Жаңа әліпті алу, жаңа әліп аттанысын жүргізудің өзі қалың еңбекшілерге төңкеріс істерін береді. Бұ жағын қатты ескеру керек”, – дейді [11, 1-5-66.].

1929 жылдың 24 қаңтарында Қазақстан ОАК-нің төрағасы Е. Ерназаровтың қол қоюымен жаңа әліпби бекітілді және бұл әліпби “Еңбекші қазақ” және “Советская степь” газеттеріне жариялау ұсынылды. Ал 1929 жылдың 26 ақпанында жаңа қазақ әліппесін енгізудегі Қазақ АКСР-ның IV сессиясының шешімдерін уақытында орындау мәселесі қаралып, 1929 ж. 1 сәуірінен бастап бүкіл мекемелерге жаңа әліпбиді енгізу, осы мекемелердің қызметкерлеріне 1 маусымына дейін жаңа әліпбиді үйренуді міндеттеу және осы жаңа әліпбиді үйренуде оқу кітаптарын, қосымша құралдар шығару, жаңа әліпбиді үйрететін орындар (пункттер) ашу турасында қаулы қабылданды [12, 93,97-66.].

1929 ж. 25 шілдеде ҚАКСР ОАК-нің жаңа қазақ орфографиясын бекіту жөніндегі, ал 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариатының бүкіл мектептеріне енгізу турасында қаулы қабылданды [12, 140,163].

Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 ж. 23 қаңтардағы қаулысы бойынша осы жылдың 15 ақпанынан бастап барлық баспасөз басылымдары толықтай, ал газеттердің бір беті латын әрпіне көшірілді. Бір мезгілде, эксперимент ретінде «Жаңа мектеп», «Жаршы» және «Қызыл әскер» газеттері сияқты мерзімді басылымдар 1928 жылдан жаңа әліпби негізінде шығарыла бастады. 1930 жылдың ақпан айынан «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» және басқа мерзімді басылымдар түгелдей жаңа әліпбиге көшірілді.

Латын әліпбиін енгізуді жүзеге асыру туралы мемлекеттік бағдарлама негізіндегі ҚазАКСР үкіметінің қарарлары бойынша жергілікті өкімет пен халық ағарту органдары жаңа үйрету жұмыстарын жан-жақты жүргізді. Ол үшін әр түрлі оқыту әдістері, соның ішінде алыс ауылдар мен қыстауларға мәдени жорықтар да қолданылды. Жаңа латын әліпбиін халық арасында белсенді түрде енгізу барысында ауылдар, аудандар, округтар, оқытушылар бірлестіктері мен қоғамдық ұйымдар арасында социалистік жарыстар өткізу әдісі қолданылды. Қазақстанның еңбекші табы бұл мәдени жорыққа белсенді түрде қатынасты.

Қазақстанда латын әрібі енгізілгеннен кейін де баспасөз беттерінде әліпби мәселесі жөнінде түрлі мақалалар жарияланды. 1933 жылы “Большевик Казахстана” журналына Ғаббас Тоғжановтың “Жаңа әліпби қозғалысының тарихы және оның қазақтар арасындағы жеңісі” атты мақаласы басылды. Бұл



мақаласында ол қазақтар арасында жаңа әліпбидің қызығушылық туғызарлық екі себебін атап көрсетті. Оның бірі, Қазақстанның РКФСР –дегі автономиялық республикалардың ішіндегі алып жатқан территориясы мен халқы жағынан аса ірі республика екендігі, ал екіншісі, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруде ескі әліпбиді (араб жазуына) жоғалтып, оны қолдаушыларға соққы берілуі.

Ғ. Тоғжанов қазақ жазуының тарихы болған емес деп, оның тарихының бастауын XX ғасырға жатқызды отырып, 20-шы жылдың ортасына дейін қолданып келген араб жазуын “Қазақ” газетімен тығыз байланыстырды. Ол қазақтың Сәдуақасов, Қожанов сияқты жікшілдері жаңа әліпбидің қабылдауын құптамай, кеңес өкіметіне жат элементтерді қарсы қойды деп жаза отырып, жаңа әліпбиді қозғалысына мынадай қорытынды жасайды:

Біріншіден, арабшы-ұлтшылдардың, молда, орыс шовинистерінің сондай-ақ, партияның ішкі жаулары оппортунистердің қарсылығына карамастан, жаңа әліпби жоғары оқу орындарына, мерзімді баспасөз орындары мен ұлттық баспаханаларға енгізілді.

Екіншіден, жаңа әліпби практика араб әрібіне қарағанда игеруде қарапайымдылығы және жеңілдігімен өзін дәлелдеді. Бұны жаңа әліпбиде қазақ басылымдарының ұлғаюымен, қазақ газеттерінің көбеюімен және сауатсыздықты жоюымен түсіндіруге болады.

Үшіншіден, бұрынғыдан қарағанда және қазақ тілін және оның орфографиясын ғылыми салада сараптауда алға жылжыды.

Бұл аталған жетістіктермен қатар Ғ. Тоғжанов кемшіліктерді де атайды. Бұған іс қағаздарды жүргізуде және халық тұрмысына әлі де болса латын жазуының толықтай енгізілмеуін, газеттер мен кітаптарда шығаруда қателіктердің орын алуын, қазақ орфографиясында қателіктердің болуы және т.б. жатқызды [13, 8-17-бб.]

Қарап отырсақ, елімізде 20-30 жылдары латын жазуына көшуде тұтас дайындықтар жүргізілген екен. Міне, сондықтан бұрынғы өткен тәжірибелерді зерделеп, сол тәжірибелерге де сүйену тиімдірек сияқты.

Жазуды латын әліпбиіне ауыстыру мәселесі өте күрделі. Ол Шығыс елдеріндегі тіл факторын дамыту тәжірибесінің негізінде кешенді зерделеуді талап етеді. Қазақстан үшін тағылым аларлығы және пайдалысы латын әліпбиіне көшкен елдердің елдерінің тәжірибесі бола алады. Қазақ жазуын латын графикасына көшіру Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түседі.

20-30-шы жылдардағы сияқты қазіргі кездеде латын жазуына көшу мәселесі көтерілгені белгілі. Бұл мәселе төңірегінде қызу жұмыстар атқарылып, баспасөз беттерінде мақалалар, ой-пікірлер жариялануда. Ғалымдар қазақ халқының түркілік бірегейлігін нығайтудың маңызды тетігінің бірі – қазақ жазуының латын графикасына көшуі болып табылмақ деген тұжырымға келіп отыр. Латын әліпбиінің ондаған жобасы жасалынып, көпшілік назарына ұсынылды.

Латын әрібіне көшуде XX ғасырдың 20-30-жылдарында ұлт зиялыларының әліпби мәселесіне қатыстыайтқан пікір, тұжырымдарын кеңінен пайдалану, қазақ тілді оқытушыларға арналған оқулықтарды дайындау және шығару, латын графикасын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу сияқты мәселелерді қолға алған дұрыс сияқты.



Абжанов Х., Смагулова С.

Вопрос алфавита латыни и интеллигенция нации

В статье рассмотрены проблемы перехода на латинский алфавит и оно подробно описаны трудами казахской интеллигенции в начале XX века, таких как, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамбетов и Н. Төрекулов и т.д.

Ключевые слова: Язык, алфавит, казахская нация, интеллигенция, государства.

Abzhanova H., Smagulova S.

Question of alphabet of latin and intelligentsia of nation

In article are considered problems of transition to the Latin alphabet and described in detail by works of Kazakh intellectuals at the beginning of the XX century, such as A. Baytursynov, H. Dosmukhambetov and N. Torekulov and etc.

Keywords: language, alphabet, Kazakh nation, intellectuals, states

Әдебиеттер

1 Жаңа әліпби жолында. Басқарушылар Тоқтабайұлы К., Мырзақұлы М. – Қызылорда, 1927.

2 Төреқұлов Н. Жаңа әліпби неге керек? М., 1924. 38-39, 45-46, 51-б.

3 Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартуші Ахмет Байтұрсыновқа арналады (Құрастырушы В.Қ. Күзембаева). – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001.

4 Ахметов Қ. Қазақстан мәдениетінің қилы тағдыры (XX ғасырдың 20-30 жылдары). – Алматы, 2002.

5 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384-б. 163-б.

6 Ақ жол. 1924. № 435.

7 Еңбекші қазақ. 1928. №137.

8 ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 915-іс. 23- п.

9 Әліппе айтысы. Қызылорда, 1927.

10 Жаршы. 1929. №1.

11 Жаңа мектеп. 1929. №1.

12 Систематическое собрание законов, С. 93, 97.

13 Большевик Казахстана. 1933. №6. с. 8-17.

УДК 94(574)

Аққали АХМЕТ - т.ғ.д., доцент

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ТҰЛҒАТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Статъяда халқымызда елдің өткен тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу таным-түсінігінде қалыптасқан үрдіс екендігін жан-жақты баяндалады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табатындығы және тарихшылар жеке тұлғалар өмірі арқылы тарихты зерделеп, қоғам дамуының үрдістеріне назар аударылады. Тарихымызда болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалардың болғаны да және олардың қоғамдық-саяси қызметтері де сан түрлі болғандығын тарихи әділдікпен жазылуы керек екендігі бүгінгі күннің проблемасы статъяда атап өтіледі. Сондықтан жеке тұлғаның еңбегін тарихымызда айшықтап көрсете білуіміз керек.

Кілт сөздер. халық, тарих, тұлға, батырлар, билер



Тарихта жеке тұлғалардың тарихын зерттеу мен зерделеу қай қоғамның болмасын өзекті мәселесі болғаны анық. Әсіресе, қоғам дамуын тұлға дамуымен барынша тығыз байланыстырып отырған қазіргі Қазақстан Республикасы жағдайында бұл аса өткір мәселелердің біріне айналып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының нағыз азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - деген сөзінде қоғамның дамуында жеке тұлғалардың феномені ерекше орын алатындығы нақты көрсетілген [1].

Тарихымызда өзіндік айрықша орыны бар тарихи тұлғаларды тану, білу үзіліссіз процесс. Тарихи тұлға дегеніміз кім? Бұған көптеген ғалымдар әр түрлі жауап береді. Оның себебі тарихи тұлға феномені өте күрделі. Тұлға тарихи, сондықтан да тарихтан тыс тұлға жоқ. Тұлға тарихи дамудың, әлеуметтік, қоғамдық факторлардың құрылуының өнімі болып табылады. Тарихи тұлға дегеніміз – жағдайға байланысты және жеке басының сапасына орай танылғандар деп келетін жалпылама анықтама белгілі. Әрбір тарихи кезең қайталанбас тұлғаларын өмірге әкеледі. Сол тұлғаларға қоғамдағы тарихи орнына, атқарған еңбегіне орай әркімге баға беріледі. Тарихи тұлғаны біржақты бағаламай, тарихтағы шынайы бейнесін тану күрделірек мәселе. Бұған дейінгі тарихтың даму белестері кезінде кейбір ірі саяси тұлғалар саясаттың ықпалына орай, идеологиялық шеңбердің аясында бағаланды. Көптеген тарихи тұлғаларымыздың жарқын бейнелері, халыққа сіңірген өлшеусіз еңбектері жөнінде жан-жақты талданып, оларға тарихи тұрғыдан баға берілмеді.

Отандық тарих ғылымында тарихи тұлғалардың шығармашылық ғұмырнамасы мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу тәуелсіздік жылдары батыл қолға алынды. Кеңестік дәуірде Сырым батыр, Кенесары сұлтан бастаған ұлт-азаттық көтерілістер белгілі дәрежеде өзіндік бағасын алса, бүгінде олардың қатарына Батырұлы Қайып хан, Арынғазы, Қаратай, Қайыпқали сұлтандар, Жанқожа, Есет батырлар, Мұхамеджан Сералин, Тұрар Рысқұлов, Барлыбек Сыртанов, Смағұл Садұақасов, Сұлтанбек Қожанов, Бакытжан Қаратаев т.б. өмірі мен қоғамдық қызметтерінің тарихы соны деректермен зерделенді. Тарихи тұлғалар тағдырын зерттеу, оны бүгінгі көзқарас тұрғысынан пайымдау оңай шаруа емес. Өйткені, олардың қоғамдық-саяси қызметін саралау алдымен тікелей мұрағат құжаттарының іздестіріліп, табылуына және сол тарихи дерек арқылы қоғамдағы орнының объективті бағалануына байланысты.

Бүгінгі таңда ел тарихы жан-жақты зерттеліп, зерделеніп, талданып һәм сараланып жазылар тұста ұлтымыз үшін жан аямай еңбек еткен, тәуелсіздік жолында жанқиярлықпен күрескен тарихи тұлғалардың еңбегі жеке-жеке талданып жазылса деген ой бар.

Халқымызды ұлттық мемлекеттік идеясы төңірегінде топтастыру формалары мен әдістері, осы жолда ұланғайыр қызмет атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы мағлұматтарды ғылыми арнада жүйелеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу егеменді еліміздің ішкі, сыртқы саясатына толықтай сай келеді.



Қазақ тарихындағы тұлға тану мәселелерінде өз арыстарымызға өз деңгейінде тарихи бағаларын беруді үйренетін кезі келгені даусыз әрі басы ашық мәселе деп қараған жөн.

«Тағы бір көңіл қояр мәселе түрліше деңгейдегі пікір алыс барысында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов бастаған алаш азаматтарын Қазан революциясы мен Азамат соғысында, социалистік құрылыста, Кеңес өкіметін нығайтуға белсенділік көрсеткен Т.Рысқұлов, Ә.Жанкелдин, О.Жандосов, С.Асфендияров, А.Иманов, С.Садуақасов, С.Сейфуллин, С.Мендешов және олардың серіктес-замандастарынан алшақтатып, екі топтың арасынан бітіспейтін идеялық қайшылық іздеп, жақындатпас меже табу әрекеті бой көрсетіп қалатындығы», - туралы кезінде тарихшы-ғалым З.Алдамжарда атап өткен болатын [2, 22 б.]. Осы тақырыпқа байланысты ғалым-тарихшы тарихи тұлғаларға көзқарас қандай болу керектігі жөнінде мәселе қозғаған болатын.

Сондықтан да еліміздің өткен тарихында өзіндік орыны бар тарихи тұлғаларға кеңестік жүйе кезеңнен қалыптасып қалған қасаң да қатып қалған біржақты баға беруді доғару қажет-ақ. Ең бастысы бұрынғы ескі тұжырымдар мен атүсті көзқарастар негізге алынбауы керек. Осыған орай әрбір тарихи тұлғаның өз заманында елі мен халқы үшін атқарған оң істері мен жіберген кемшіліктері бірдей тарих таразының басына түскені жөн болар. Тарихи тұлғаларға жаңаша баға беру, жаңаша түйін жасау қазіргі күннің тарих ғылымының алдына қойып отырған басты талаптарының бірі екендігін естен шығармаған жөн деп білеміз. Сонда ғана келешек ұрпақ олар туралы толықта, жан-жақты мағлұмат алып, тарихтың шын бағасын бере алмақшы. Бұрын тарихқа материалистік көзқарас тұрғысынан қарадық, ал бүгінгі күні тарихқа көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындап отыр. Маркстік методология болған тарихи оқиғаларды, оған қатысты тарихи тұлғалардың еңбектерін есепке алумен ғана шектелді. Оқиғалардың негізгі себептері, қозғаушы күші және тұлғалардың шығу тегін қарастыра отырып, таптық қайшылықтар көрсетілді. Яғни, тарихты зерттеу біржақтылық сипат алды. З.Алдамжар: «Ал, шын мәнінде, біртұтас халықты қарама-қарсы екі топқа бөліп, оның бір бөлігін бай немесе әлді шаруа, би, батыр, старшын, болыс деп тәркілеп, құқығынан айырып, оны халықтың екінші бөлігі – кедей табына берем деумен біртұтас ұлттық халықтық көлемде тең құқық та, тәуелсіз мемлекетте, егемен елдік те шешілмейтін еді», - деп әділ түйіндейді [2, 24 б.].

Жеке тұлғалар тарихы ешқашан халқынан бөлінген емес, керісінше ұлтымыздың әйгілі қайраткерлерін тану арқылы тұтастай еліміздің тарихы жазылады. Түптеп келгенде, өмірдің мәні де, сәні де ұрпақтар сабақтастығында, өзара байланыста жатыр. Бұл арада Нұрсұлтан Әбішұлының: «Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда», - деп жазуы [3, 22 б.] өте орынды.

Халқымызда елдің өткен тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу таным-түсінігінде қалыптасқан үрдіс екендігі белгілі. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Өткен тарихымызға көз жіберсек Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Құрбанғали Халид т.б. сияқты тарихшылар жеке тұлғалар өмірі арқылы тарихты зерделеп, қоғам дамуының үрдістеріне ден қойғаны ақиқат. Халқымыздың шежірелік зердесінде адам – тарихтың басты тұлғасы, ал адам сапасы – тарихтың негізгі қозғаушы күші. Тарихымызда болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалардың болғаны да және олардың қоғамдық-



саяси қызметтері де сан түрлі болғандығы да шындық. Ал, өз кезегінде тарихта жағымды, әрі жағымсыз із қалдырған тарихи тұлғаларда аз емес. Сондықтан жеке тұлғаның еңбегін тарихымызда айшықтап көрсете білуіміз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ, бұл мүмкіндік қана, ол шындық, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» - дейді [3, 292-293 б.б.]. Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы танып білу заңдылық. Ұлттың атақты тұлғаларын төл тарихымызбен танып-түсіну, ең алдымен – тарихи ақиқатқа бастар жол.

Қазақ тарихындағы тұлғатану мәселесі қарастырылғанда зерттеудің методологиялық іргетасын тарихи процестерді анықтайтын факторлардың бірнешеуі екендігі туралы теория және оған негізделген плюралистік зерттеу әдісі құрайды деген пікірдеміз. Бірақ отарлық жағдайдағы халықтың қоғамдық дамуы мен саяси өмірінде этникалық фактордың басым ықпал жасайтындығын танумен сипатталады. Басқаша айтқанда, халықтың жалпы мәдениетінің қай бағытта дамитындығы. Тарихты зерттеу методологиясы сөз болғанда объективтілік, тарихилық, сұрыптау, салыстырмалық және талдау сияқты ғылыми таным принциптері басшылыққа алынуы қажет. Маусым айында өткен Ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында Мемлекеттік хатшы М.Тәжин тарих ғылымына феноменология және герменевтика әдістерінің енуі тарихи зерттеулердің сипатын едәуір өзгертіп жібергендігіне басты назар аударды. Бұл әдістер яғни, феноменологиялық тәсіл мән мен мағынаның адамдар арасындағы рухани ықпалдастығы мен санадағы өзгерістерінің қаншалықты екендігін анықтайды. Ал, герменевтикалық тәсіл құбылыстар мен мәтіндердегі шешілуі қиын мәселелерді шешу, түсіндіру жолдарын көрсетеді. Тарихшы ғалымдардың пайымдауынша жаңа методологияның негізі, халық, екіншіден көшбасшы, көсемдер, яғни тарихи тұлғалар болса, онда тұлғатану мәселесі толық ашылар түсер еді деген пікірдеміз. С.Сартаевтің пікірі бойынша қазіргі методология дегеніміз – ол марксизм-ленинизм классиктері емес, ол халықтың өзі, жан-дүниесі. Тарихты халық, тұлғалар және геосаяси факторлар жасайды. Белгілі тарихшы Х.Әбжанов: «Біз тарихқа материалистік, идеалистік, формациялық, өркениеттік, т.б. с.с. көзқарастарды жоққа шығармаймыз. Дегенмен, өткеннің барысын, тағылымы мен тәлімін тұлға, халық, геосаяси фактор аясында, солардың ықпалдастығына орайластыра зерттесек, Отан тарихының жаңа мазмұны мен келбетін дұрыс әрі тартымды қалыптастырамыз деген ойдамыз», - деп тұжырымдаған пікірі құптарлық [4]. Бізде осы пікірге қосыламыз. Себебі, өзінің төл тарихына өзгенінің көзімен емес, қазақтың көзімен қарауына мүмкіндік берері сөзсіз.

Сондықтан да халқымыздың рухани, ұлттық санасының қалыптасуына зор үлес қосқан тұлғалардың қызметтерін зерттеу отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. Тарихи тұлғалардың қызметтерін кеңінен зерттеу, ұстанған бағыттарын айқындап көрсету және олардың қайраткерлігіне, еңбегіне объективті баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағын рухани және саяси тұрғыдан тәрбиелеу үшін аса қажет.



Аққали Ахмет

Проблема познания личности в казахской истории

Статья рассказывает о том, что понимание истории народа путем познания известных личностей – это укоренившийся процесс в сознании. Автор акцентирует внимание на отражение бытия личностей в политическо-социальном, культурно-духовном положении среди общества и историки познавали информацию по жизням личностей. В истории очень важно, чтобы жизнь и общественно-политическая деятельность известной личности была многогранна и была передана справедливо. Поэтому надо уметь показать труды и заслуги личности.

Ключевые слова: народ, история, личность, батыры, би

Akkali Akhmet

Problem cognition of personality in Kazakh history

Article tells that the understanding of history of the people by learning famous personalities is the taken roots process in consciousness. The author focuses attention to reflection of life of persons in political and social, cultural and spiritual situation among society and historians learned information on lives of that persons. It is in the history very important that life and political activity of the famous personality was many-sided and it was transferred fairly. Therefore it is necessary to be able to show works and merits of the personality.

Keywords: people, history, personality, batyrs, bis

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. 1998. 16 желтоқсан.
2. Алдамжар З. Тарих: пайымдау мен тағылым Алматы: Арыс, 2002. -288 б.
3. Н.Назарбаев Тарих толқынында -Алматы, 1999, -296 б.
4. Қорғанбек Аманжол Ұлттық тарих: ақтаңдақтан – ақиқатқа // Егемен Қазақстан. 2013. 16 шілде.

УДК 28-24

A. M. Nurgaliyeva - Doctor of History, Professor W.K.S.U.

E-mail: agilan2009@rambler.ru

THE MYSTERIOUS PEOPLE OF AD MENTIONED IN THE QURAN

Abstract: The article discusses the problem: whether the results of the archaeological research confirm the authenticity of the events described in the Koran.

Keywords: Quran, people of 'Ad, Iram, Ubar, legendary lost city, Atlantis of the Sands, Shisr, excavations

Who were these people of 'Ad? The 'Adid are mentioned in the Quran as being the people to whom the Prophet Hud was sent by Allah to guide them back to the righteous path of faith. It was mentioned in the Quran that The 'Ad built the largest building ever built and they were the most powerful humans ever; and that they built very huge buildings just to show off their power.

Hud said to the people of 'Ad while warning them:

Do ye build a landmark on every high place to amuse yourselves? And do ye get for yourselves fine buildings in the hope of living therein (for ever)? (Surat ash-Shu'ara: 128-129)

In the Quran, interesting information is given in one of the verses recounting 'Ad. They lived in a fertile land of gardens and springs. While warning his people,



Prophet Hud draws their attention to the springs and gardens with which Allah had endowed them: *Now fear Allah, and obey me. Yea, fear Him Who has bestowed on you freely all that ye know. Freely has He bestowed on you cattle and sons,- And Gardens and Springs. Truly I fear for you the Penalty of a Great Day.* (Surat ash-Shuara: 131-135)

The Quran mentioned that the people of ‘Ad behaved arrogantly in the earth without any justification and said: *“Who is mightier than we in power? Do they not see that Allah, Who created them, is mightier than they in power? Still they continued to deny Our Signs. So We sent upon them a furious wind for several ominous days, that We might make them taste the punishment of humiliation in this life. And the punishment of the Hereafter will surely be more humiliating, and they will not be helped”.* (Surat Fussilat: 16-17)

The people of the ‘Ad were surrounded by sand dunes, as is mentioned in the Quran, *“Make mention of the brother of ‘Ad, when he warned his people among the sand-hills — and Warners there have been before him and after him — saying, ‘Worship none but Allah. I fear for you the punishment of a Great day”.* (Surat al-Ahqaf: 22)

In the Quran, ‘Ad are said to have perished through a furious wind. The Quran describes in detail the calamity that hit the people of ‘Ad. In the verses of the Quran, it is mentioned that this furious wind lasted for seven nights and eight days and destroyed ‘Ad totally. Allah destroyed not only the people of ‘Ad, but the entire city as well.

“The ‘Ad (people) (too) rejected (Truth): then how terrible was My Penalty and My Warning? For We sent against them a furious wind, on a Day of violent Disaster, Plucking out men as if they were roots of palm-trees torn up (from the ground)”. (Surat al-Qamar: 18-20)

“And the ‘Ad, they were destroyed by a furious Wind, exceedingly violent. He made it rage against them seven nights and eight days in succession: so that thou couldst see the (whole) people lying prostrate in its (path), as they had been roots of hollow palm-trees tumbled down!” (Surat al-Haqqa: 6-7)

Though warned previously, the people had paid no attention to the warnings whatsoever and continuously refuted their messengers. They were in such delusion that they could not even understand what was happening when they saw the destruction approaching them and continued with their denial. *“Then, when they saw the (Penalty in the shape of) a cloud traversing the sky, coming to meet their valleys, they said, This cloud will give us rain!. Nay, it is the (Calamity) ye were asking to be hastened! - A wind wherein is a Grievous Penalty!”* (Surat al-Ahqaf: 24) 46

In the verse, it is stated that the people saw the cloud that would bring them calamity, but could not understand what it was and thought that it was a rain cloud. This is an important indication as to how the calamity was as it drew near to the people, because a cyclone proceeding along whipping up the desert sand also seems like a rain cloud from a distance. It is possible that the people of ‘Ad were deceived by this appearance and did not notice the calamity [1].

The most important evidence showing, that ‘Ad were buried by a sand storm, is the word ahqaf used in the Qur’an to signify the location of ‘Ad. The description used in Surat al-Ahqaf is as follows: *“Mention (Hud) one of ‘Ad’s (own) brethren: Behold, he warned his people about the winding Sand-tracts: but there have been warners before him and after him: Worship ye none other than Allah: Truly I fear for you the Penalty of a Mighty Day”.* (Surat al-Ahqaf: 21).

Ahqaf means sand dunes in Arabic and it is the plural form of the word hiqf which means a sand dune. This shows that ‘Ad lived in a region full of sand dunes,

which provided the most logical ground possible for the fact that they were buried by a sand storm. According to one interpretation, *ahqaf* lost its meaning of sand hills and became the name of the region in south Yemen where ‘Ad lived. This does not change the fact that the root of this word is sand dunes, but just shows that this word has since become peculiar to this area because of the abundant sand dunes in the region [2].

The destruction that befell ‘Ad from a sandstorm must have annihilated the entire people in a very short time, people who were until then living by cultivating fertile lands and building dams and irrigation channels for themselves. All of the fertile and cultivated fields, irrigation canals and dams of the community living there were covered by sand. After the people were destroyed, desert spread there in time and covered them leaving no trace.

The Quran mentions the people ‘Ad and Iram, also called Aram, Iram, Iruma, Irem, Erum or City of the tent poles. Iram is a reference to a lost city, tribe or an area:

6: Have you not considered how your Lord dealt with ‘Aad - 7: [With] Iram - who had lofty pillars, 8: The likes of whom had never been created in the lands 9: And [with] Thamud, who carved out the rocks in the valley? 10: And [with] Pharaoh, owner of the stakes? - 11: [All of] whom oppressed within the lands 12: And increased therein the corruption. 13: So your Lord poured upon them a scourge of punishment. 14: Indeed, your Lord is in observation. (Surat al-Fair: 6-14).

Quran emphasis that ‘Adid had built a significant city with very huge pillars (Surat al-Fair: 89:7). But at the time of Quran revelation from 1400 years there was no sign to this city, so some people have questioned this city and said it was a legendary city.

In addition to what the Quran says, there were some clues in the library's climate-controlled vaults, references in the Arabian Nights and Greek and Roman histories, and the works of Islamic geographers. But nothing gave Ubar's (Irem's) exact location, or proved it was real.

In 1975, there was an archaeological discovery in the city Ebla, which had itself been discovered only the decade before. There, a library of more than fifteen thousand tablets was found. Some of these tablets mentioned Irem by name, taking it out of the realm of legend and giving it a historical foundation [3]. Zia Shah writes: “Interestingly enough, we will find the details in the National Geographic of 1978 which confirm that in those tablets the city of Iram is mentioned” [4].

There are several explanations for the reference to “Iram - who had lofty pillars”. Some see this as a geographic location, either a city or an area, others as the name of a tribe.

As an area it has been identified with the biblical Aram, son of Shem and the biblical region known as Aram [5, p. 180].

It has also been identified as a tribe, possibly the tribe of ‘Ad, with the pillars referring to tent pillars [6, p.26].

Those identifying it as a city have made various suggestions as to where or what city it was, ranging from Alexandria or Damascus to a city which actually moved or a city called Ubar [7, p. 151]. “Very gorgeous are the descriptions given of Irem, the City of Pillars (as the Koran styles it) supposed to have been erected by Shedad, the latest despot of Ad, in the regions of Hudramaut, and which yet, after the annihilation of its tenants, remains entire, so Arabs say, invisible to ordinary eyes, but occasionally, and at rare intervals, revealed to some heaven-favoured traveler”, is listed in the Encyclopedia Britannica [8].

The City of Pillars is mentioned in the “*1001 Arabian Nights*”; and in Omar Khayyam's *Rubaiyat*. In these, Irem, Iram, or Irām appears as a city destroyed ages before and lying buried somewhere in the desert sand. Its many columns, pillars, or



towers are frequently mentioned. In the classic storybook, “1001 Arabian Nights”: “Anyone who tries to find the road to Ubar will go crazy.” Iram is used in quatrain 5 of the *Rubaiyat* to describe the brevity of human endeavors [9].

The historian, Al-Hamdani, writing in the sixth century A.D., hailed Ubar as “*first among the treasures of ancient Arabia*”. According to a 13th century historian, Rashid al-Din, Ubar was a city created as an imitation of paradise. It prospered beyond all measure from the frankincense trade. Ubar was the pride of a prideful king – Shaddad, son of King Ad, grandson of Noah. Great was the splendor of Shaddad's city, with its sumptuous palace and magnificent gardens – too great in the eyes of a prophet, who decried the king's arrogance and impiety, and the wickedness of his subjects/ But the Ubarites were too dissolute to pay heed to the prophet. They were too drunk to hear his words, too licentious to care. And so God punished the people of Ubar with a great wind and a terrible noise from the clouds, which struck them dumb. Then, a voice rang out, “You shall perish!” When morning came, there was nothing to be seen except ruins. From that day on, Ubar belonged to evil creatures, each with a single arm, leg, and eye. And it was written that anyone who ventured near would be driven mad with fear [10].

The lost city of Ubar has long been associated with the lost people of 'Ad. “Ubar is the name of the land which belonged to Ad in the eastern part of Yemen. Today it is an untrodden desert, owing to the drying up of its water. There are to be found in it great buildings which the wind has smothered in sand”. (Nashwan bin Said Himyari, eleventh century). Unfortunately, the Islamic historians did not know where this lost land was, as is illustrated by the quotes below:

“Wabar is between the land of the Beni Sa'ad, El shahr and Mohra” (Yaqut); “The land of the 'Ad is “from the sands of Alaj to the trees of Oman” (Al Baidawi); “Al Akaf (of 'Ad) is sand between Oman and Hadhramout” (Ibn Ishak, cited in Yaqut); “Al Akaf (of 'Ad) is a valley between Oman and Mahra land” (Ibn Abbas, cited in Yaqut); “Irem dhat al hmad (Irem of the towers) is in the wilderness of Abyan” (Al Handani) [11].

English adventurers in the last century made a vocation of entering the desert to try and scout out the location of this legendary lost city, including Bertram Thomas and later his friend, the infamous T.E. Lawrence (“Lawrence of Arabia”), the discovery sadly eluded them both.

In 1930, the explorer Bertram Thomas had been approaching the southern edge of the Rub al-Khali (“The Empty Quarter”). As he began his camel journey, he was told by his Beduin escorts of a lost city whose wicked people had attracted the wrath of God and had been destroyed. Along the way, he encountered an ancient caravan route over 100 yards wide. As Thomas wrote later, a Bedouin guide called it “the road to Ubar”. While Thomas mapped his position, the Bedouin explained that Ubar was a great city. He found no trace of a lost city in the sands, but Thomas later related the story to T.E. Lawrence who regarded Ubar as the “Atlantis of the Sands”. Thomas marked on a map the location of track that was said to lead to the legendary lost city of Ubar and, although he intended to return to follow it, he was never able to. Thomas, who showed great interest in the subject, died before being able to complete his research. T. E. Lawrence planned to search for the location of a lost city somewhere in the sands, telling a fellow traveller that he was convinced that the remains of an Arab civilisation were to be found in the desert. He had been told that the Bedu had seen the ruins of the castles of King Ad in the region of Wabar. In his view the best way to explore the sands was by airship, but his plans never came to fruition [12]. But before he could return to Arabia, he died in 1935.



Over time, explorers have combed this region of Dhofar looking to find a trace of this mythical city. The Shisr Fort site was explored by Thesiger in the 1940's. British officers photographed the area in the 1950s. In 1953 oil man and philanthropist Wendell Phillips searched along present-day camel caravan routes in the Rub al Khali desert, but as well met with failure. Hoping to find and follow the road that Bertram Thomas described, Phillips ventured into the Rub al Khali. His expedition of trucks pushed on through the shifting sands, until finally it reached a caravan route with 84 parallel camel tracks. Thomas' road to Ubar, as it must have looked for centuries. But Ubar itself eluded him. The caravan route led into a region of impassable dunes. "From here, I knew we were through," wrote Phillips, "for there is no barrier so great as billowing, immeasurable sands, stretching as far as the eye could see, in cruel and sublime grandeur [13]".

It was not secluded and unknown. However, the size and the extent of the ruins were not understood until the excavations which began in 1992.

Finally, in California, at the Huntington Library, a writer, filmmaker and amateur archeologist named Nicholas Clapp decided to try again. For years, he searched among books, documents, and maps for clues to Ubar's location. Finding the fabled city became his obsession.

One day, while leafing through a newspaper, Clapp came across a story about how an aerial radar system had located Mayan ruins buried beneath a dense jungle in Central America. It was as if he had been struck by lightning: if modern satellite technology could do this, could it locate caravan routes buried under a thousand years of drifting sands? Could the technology of the future fast-forward him to the past? Could it find Ubar?

The questions had barely formed themselves when Clapp decided to call the Jet Propulsion Laboratory of NASA to find the answers. Clapp contacted Dr. Ronald Blom of NASA's Jet Propulsion Laboratory for help.

Nicholas Clapp made that fateful phone call to NASA's Jet Propulsion Laboratory in Pasadena, California back in 1983. What Clapp didn't know then was that he was about to embark on a 10-year odyssey. And that his "amateur" efforts would culminate in what Time magazine heralded as "one of the three major scientific events" of the 1990s [14].

Images taken from the Space Shuttle Challenger in October of 1986 turned out to show distinct tracks through the desert, identified as old caravan routes, converging at Ash Shisr.

Two expeditions to Oman were mounted in 1990 and 1991. The expedition team included British polar explorer Sir Ranulph Fiennes, archaeologist Dr Juris Zarins, George Hedges, a noted Los Angeles attorney with a passion for archaeology, Blom and Clapp.

In the summer of 1990, the team embarked on their first mission to Oman. They were able to determine that ancient roads identified from space were indeed the paths made by caravan traders on long overland treks. The team also succeeded in narrowing down the possible Ubar sites to five. One of them was located around the small village of Shisr.

The excavations uncovered a large octagonal fortress with thick walls ten feet high and eight tall towers at the corners. The archaeologists also found Greek, Roman, and Syrian pottery, the oldest of which was dated at more than 4,000 years old.

In February 1992, the New York Time announced a major archaeological discovery in the following terms: "Guided by ancient maps and sharp-eyed surveys from space, archaeologists and explorers have discovered a lost city deep in the sands



of Arabia, and they are virtually sure it is Ubar, the fabled entrepôt of the rich frankincense trade thousands of years ago [15]”. When news of this discovery spread quickly around the newspapers of the world, there seemed few people willing or able to challenge the dramatic findings, apart from the Saudi Arabian press [16].

The ruins at Shisr were not very big, the size of many smaller villages or towns in Nabataea. Thus the team did not at first believe it was Ubar. But once they started digging they began to change their minds. It had what Ubar was supposed to have, towers and a well and ruins! However, most of the center of the fortification had been destroyed by a large sink-hole, apparently formed when an underground cave collapsed.

Nicholas Clapp claimed that the discovery of the remains of towers at the excavation site supported the theory that this was the site of Ubar, the city of 'Ad with "lofty pillars" described in the Quran [17]. There was no question. This was Ubar -the Atlantis of the Sands. As Clapp says: “Before the discovery, all that was known of Ubar was its myth and legend and that there was a road out in the desert that just might lead to the lost city”. “The lore of Ubar proved to be a striking match for its reality. Ubar was in the right place, it was of the right age, and it had been destroyed exactly as the myth had described”.

So was this really the lost city of Ubar? Well, there is no definitive answer.

The author of the article "Shisr in South Arabia" does not agree with this conclusion. He writes: “But Shisr fort was destroyed differently. First of all, Shisr Fort was not a full-sized city, but rather a large fortified area. Second, it was destroyed by a sink-hole when the land caved downward due to a collapsing underground cave that was hollowed out by water action. Islamic writings tell us that the people of 'Ad ('Ud) were destroyed by a great wind. According to this evidence, I do find it hard to believe that Shisr is Ubar. 'Ad I believe was in another place, and we will post an article about it in the next couple of months” [11].

H. Stewart Edgell contended that Ubar is essentially mythical and makes arguments against any significant historical role for Shisr beyond that of a small caravansary. Edgell suggested that the building was small and used by a few families at most. He believed that all the “discovery” of Ubar showed was how easily scientists can succumb to wishful thinking [18].

In an article on the Shisr excavations entitled “On the Incense Trail: The Empty Quarter to the Indian Ocean, In Search of the City of Ubar”, Professor Barri Jones wrote: “The archaeological integrity of the site should not be allowed to be affected by possible disputes regarding its name” [19, p.17].

Even a lead archeologist on the team from 1992, Dr Juris Zarins, one of the original archeologists eventually concluded that Shisr was not Ubar [20, p.51-53]. More recent works point to it being one of a series of desert caravansaries that supported the incense trade. He basically admits to this fact in an interview NOVA did with him: “There's a lot of confusion about that word. If you look at the classical texts and the Arab historical sources, Ubar refers to a region and a group of people, not to a specific town. People always overlook that. It's very clear on Ptolemy's second century map of the area. It says in big letters “Iobaritae” And in his text that accompanied the maps, he's very clear about that. It was only the late medieval version of The One Thousand and One Nights, in the fourteenth or fifteenth century, that romanticized Ubar and turned it into a city, rather than a region or a people [21]”.

In a more recent paper he suggested that modern Habarut may be the site of Ubar [22, p.35-49].



Over time, explorers have combed the Dhofar region looking to find a trace of this mythical city. By 2007, following further research and excavation, they drew the following conclusions [23]:

a) A long period of widespread trade through the area of Shisr was indicated by artefacts from Persia, Rome, and Greece being found on the site. More recent work in Oman and Yemen indicated that this fortress was the easternmost remains of a series of desert caravansaries that supported incense trade.

b) As far as the legend of Ubar was concerned, there was no evidence that the city had perished in a sandstorm. Much of the fortress had collapsed into a sinkhole that hosted the well, perhaps undermined by ground water being taken to irrigate the surrounding oasis.

c) Rather than being a city, interpretation of the evidence suggested that “Ubar” was more likely to have been a region – the “Land of the Iobaritae” identified by Ptolemy. The decline of the region was probably due to the decline of the frankincense trade caused by the conversion of the Roman Empire to Christianity, which in the early days did not use the incense for its rituals. Climatic changes led to desiccation of the area, and sea transport became a more reliable way of transporting goods.

d) The archaeological importance of the site was highlighted by satellite imagery that revealed a network of trails, some of which passed underneath sand dunes 100 m tall, which converged on Shisr. Image analysis showed no further evidence of major undocumented sites in this desert region, which might be considered as alternate locations for the Ubar of legend.

No matter what this place is recognized as a UNESCO World Heritage Site. A report for UNESCO states: “The Oasis of Shisr and the entrepots of Khor Rori and Al-Balid are outstanding examples of medieval fortified settlements in the Persian Gulf region” [24].

The existence of the so-called ‘Atlantis of the Sands’ has divided historians, archaeologist and explorers for years, a debate that rages even to this day. But there is great hope of further discovery, as a forgotten people and their lost city take their rightful place in history.

Нургалиева А.М.

Жұмбақ халық Коранда жаңағы тозақ

«Құрандағы тозақ атты құпия халық» атты мақалада мынадай мәселе талқыланады: археологиялық зерттеу нәтижелері Құранда айтылған оқиғаны растайды ма...

Кілт сөздер: Құран, тозақ халық, Ирам, Убар, жоғалған аңыз қала, Шизр, археологиялық қазба, құмдар атлантидасы.

Нургалиева А.М.

Загадочный народ Ад, упомянутый в Коране

В статье «Загадочный народ Ад, упомянутый в Коране» обсуждается проблема: подтверждают ли результаты археологических исследований подлинность событий, изложенных в Коране.

Ключевые слова: Коран, народ Ад, Ирам, Убар, легендарный затерянный город, Атлантида песков, Шизр, археологические раскопки

Список литературы

1. www.themuslimtimes.org/2011/11/countries/saudi-arabia/
2. Harun Y. Perished-Nations // harunyahya.com/en/books/904
3. www.webcitation.org/
4. Zia Shah. The people of ‘Ad to whom the prophet Hud was sent // www.themuslimtimes.org/2011/11/countries/saudi-arabia/



5. Al-Tabari. The History of Al-Tabari: The Sassanids, the Lakhmids, and Yemen / Charles Edmund Bosworth, ed. - State University of New York Press, 1999.
6. Glassé Cyril/ Huston Smith. The New Encyclopedia of Islam / Revised edition. - AltaMira Press, 2003
7. Noegel Scott. The A to Z of Prophets in Islam and Judaism. - Scarecrow Press, 2010
8. Encyclopedia Britannica, Under the Category of: Arabia, II-255
9. Iram of the Pillars // en.wikipedia.org/
10. Lost City of Arabia. - PBS Airdate: October 8, 1996 // www.pbs.org/wgbh/nova/
11. Shisr in South Arabia // nabataea.net/shisr.html
12. Lawrence T. E. The letters of T.E. Lawrence. - London: Spring Books, 1964
13. Phillips W. Unknown Oman. - Librairie Du Liban Publications, 1972. – June
14. Revealed from outer space - Atlantis of the sands // www.guidedones.com/issues/
15. Wilford J.N. On the Trail From the Sky: Roads Point to a Lost City. - New York Times. – 1992. - 5 February
16. Fiennes R. Atlantis of the sands. - Harmondsworth: Signet, 1993
17. Clapp N. The Road to Ubar: Finding the Atlantis of the Sands. - Souvenir Press Ltd, 2000
18. The Myth of the “Lost City of the Arabian Sands” / Proceedings of the Seminar for Arabian Studies. – 2004. - 34:105-20.
19. Jones B. On the Incense Trail: The Empty Quarter to the Indian Ocean, In Search of the City of Ubar. - Minerva. - Vol. 3. - No. 4. – 1992. - July–August
20. Jurins Z. “Atlantis of the Sands” in Archaeology. – 1997
21. Interview with Dr Zarins on the Ubar Expedition / Nova Online. – 1996. - Sept.
22. Environmental Disruption and Human Response // Environmental Disaster and the Archaeology of Human Response, Anthropological Papers. - Albuquerque: Maxwell Museum of Anthropology, University of New Mexico. - 2000. - 7.
23. Blom R., Crippen R., Elachi C., Clapp N., Hedges G., Zarins J. Southern Arabian Desert Trade Routes, Frankincense, Myrrh, and the Ubar Legend / Remote Sensing in Archaeology, Interdisciplinary Contributions to Archaeology. – 2007
24. Original Decision Document – World Heritage – UNESCO. - UNESCO. – Retrieved. – 2012. - 24 May

УДК 316.42 (574)

Малыбаева Б.С. - к.и.н.,
доцент КазУТБ, г. Астана
E-mail: Malybaeva_banu@mail.ru

СОЦИАЛЬНЫЙ ФОН ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ КАРАГАНДЫ В 1930-е ГОДЫ

Аннотация. Статья посвящена исследованию социального фона повседневной жизни населения Караганды в 1930-е годы. На основе анализа архивных документов и периодической печати выявлено влияние процесса индустриализации на социальные условия населения Караганды; показаны жилищные условия, уровень медицинского обслуживания, образования, продовольственного снабжения горожан.



Ключевые слова: социальное развитие, повседневность, Караганда, Карагандинский угольный бассейн, индустриализация, жилищные условия, медицинское обслуживание, продовольственное снабжение.

Сегодня история повседневности становится актуальным объектом изучения казахстанских исследователей, в том числе и в региональном аспекте, что получило свое отражение в современной историографии [1].

Изучение повседневности дает новое понимание прошлого как «истории снизу», дает слово «маленькому человеку», ведь «чтобы понять исторические события и явления, надо решить двусединую задачу – показать и человека и обстановку» [2, с. 132].

Цель данной статьи заключается в исследовании социального фона повседневной жизни, влияния событий общественной жизни на повседневность населения Караганды в 1930-е годы, то есть того, что окружало и опосредовало их жизнь изо дня в день, условия жизни, трудовую деятельность, потребности (в жилище, питании, одежде, лечении), возможности их удовлетворения.

Социальное развитие населения Караганды в 1930-е годы было обусловлено реализацией триединой программы модернизации СССР под руководством партии большевиков, которая схематически выразилась в следующих мероприятиях – индустриализации, коллективизации и культурной революции. Центральным звеном, которому были подчинены остальные, явилась индустриализация. Именно она обусловила в наибольшей степени радикальные изменения в жизни населения, как местного, так и прибывавшего, так как задала совершенно новую направленность социально-экономического облика не только Караганды, но и всего Центрального Казахстана.

Особенностью Караганды было то, что это была промышленная новостройка. Гигант социалистической индустрии – Карагандинский угольный бассейн, строился в условиях нехватки жилья, питьевой воды и многих других бытовых удобств. Наличие здесь крупной угольной базы определило стратегию развития Караганды, и следовательно – особенности повседневной жизни населения.

До начала индустриализации Караганда прошла в своей истории два этапа. Первый берет начало в 1854 году, с обнаружения и начала разработки угольных месторождений русскими промышленниками, далее – английским «Акционерным обществом Спасских медных руд». Второй этап в развитии охватывает с 1920 по 1930 год, когда после национализации Советской властью, Караганда находилась на консервации. К началу возобновления работ весной 1930 г. здесь не имелось ни оборудования, ни рабочих кадров, ни сколько-нибудь пригодной жилплощади [3, с. 29].

Обеспечение людей жильем в СССР целиком и полностью находилось в системе государственного распределения наряду с другими статьями жизненных потребностей: продукты, вещи, медицинское обслуживание, льготы в системе образования [4] и использовалось как фактор закрепления рабочей силы на предприятиях, как мощный рычаг воздействия на человека и его социальное поведение.

Со всей остротой жилищная проблема проявилась в первые годы развития Карагандинского угольного бассейна: «на 10 февраля 1932 г. строительство стандартных домов развернуто только на площади 35664 кв.м и то с недоделками» [5, с.35]. В 1930 г. на 1 трудящегося приходилось 4,0 кв. м, в 1931 г. – 7,2 кв. м, и в 1932 г. – 7,5 кв. м жилой площади. При среднем коэффициенте семейности по бассейну свыше 2, это дает на одну душу населения около 3 кв. м



[6]. К началу 1934 г. из 303 тыс. кв. м жилого фонда Караганды 72% составляли саманные дома, мало пригодные для жилья и только 18% - деревянные стандартные дома, каменных было всего 3%. Треть этого жилого фонда располагалась вблизи шахт, а 2/3 в стороне, вне выходов угольных пластов, чтобы не терять угля, который пришлось бы оставлять под этими постройками. Например, рабочие шахты им. Калинина жили в 5-6 км от нее. Это, по словам самих шахтеров, создавало неудобства – «автобусов нет, приходится много энергии затрачивать на ходьбу это, конечно, сказывается на производительности» [6].

Жилище рабочих Караганды, как и по всему СССР в начале 1930-х годов представляло собой «одноэтажные бараки, состоявшие из больших комнат с рядами железных коек или поделенные на маленькие комнатки, как правило, служили жильем для холостых рабочих в новых промышленных городах» [7, с.62].

Специфика миграционного потока в Караганду в начале 1930-х годов заключалась в том, что огромное количество мужского населения прибывало в Караганду, но бытовые условия проживания превращали их жизнь в настоящую проверку на выживание: «в жилищах шахтеров не было элементарных удобств, не было электричества, воду привозили, но зачастую она была не пригодна для питья – очень соленая и грязная» [6]. В публикациях газеты «Большевистская кочегарка» отразилась вопиющая картина антисанитарных условий, в которых жили шахтеры: «Рабочие бараки в очень плохом состоянии: грязь, развалившиеся печи. Не лучше дело обстоит в показательном общежитии: койки негодные, постельные принадлежности не меняются» [8], «... в помещении где мы живем производится уборка только через 3 дня на четвертый. Воды как правило не дается. В общежитии холодно», «... как на шахте 3/26 выполнялись обязательства администрацией по созданию бытовых условий холостякам, ударникам-шахтерам. Образец: барак №18 грязь лезет во все щели... нет музыкальных инструментов, радио. Часть инвентаря растащена» [9].

Постоянно растущая рабочая сила требовала решения не только жилищного вопроса, но и проблемы снабжения продовольствием и промышленными товарами. Курс на форсированную индустриализацию привел к обострению продовольственного дефицита и стал причиной утверждения централизованного нормированного распределения товаров и ресурсов. С 1931 года решением ЦК ВКП (б) в СССР было установлено 4 списка снабжения (особый, первый, второй и третий). Преимущества в снабжении имели особый и первый списки, куда вошли ведущие индустриальные предприятия Москвы, Ленинграда, Баку, Донбасса, Караганды, Восточной Сибири, Дальнего Востока, Урала. Жители этих промышленных центров должны были получать из фондов централизованного снабжения хлеб, муку, крупу, мясо, рыбу, масло, сахар, чай, яйца в первую очередь и по более высоким нормам [10, с.124].

В 1931 г. в Караганде развернул свою деятельность «Карагандинский Центральный рабочий кооператив», включавший 2 пекарни, пропускной способностью около 4000 кг печеного хлеба, 3 столовых, готовящих до 1000 обедов в день, 7 продтарьков и палаток, но положение было очень сложным [11, с.94]. Так, если в 1930 г. «в Караганде насчитывалось 4-5 тыс. человек, то в январе 1932 г. уже около 100 тыс. человек, из которых до 20 тыс. кадровых рабочих» [5].

В 1933 г. наркомат снабжения СССР установил контингенты населения, снабжаемого в централизованном порядке и прикрепленного на снабжение к



лавкам отделом рабочего снабжения (ОРС). Заводские (фабричные) магазины и ларьки ОРС стали строго закрытыми для не работающих на этих предприятиях рабочих и служащих, и обслуживали только рабочих, ИТР, учащихся ФЗУ и служащих фактически работавших. Остальные группы населения, состоявшие до этого на снабжении, должны быть откреплены и переданы на снабжении через потребкооперацию или государственную торговлю [12]. Это навело некоторый порядок в снабжении. Специально по Карагандинскому району в 1935 г. принимается постановление Казкрайкома ВКП(б), которое обязало Наркомснаб КазАССР ликвидировать практику урезки отпускаемых Караганде фондов и принять необходимые меры к своевременному отпуску фондов по хлебу, по крупе и другим продуктам, обеспечив их полную реализацию. При этом на одного строительного рабочего, например, в 1932 г. месячная норма муки составляла 16,8 кг, а для прочих категорий населения (служащих, инвалидов) – 6,420 кг; по крупе соответственно 1 и 0,2 кг [13].

Централизованное снабжение распространялось только на работающих людей, остальное население, учитывая острый дефицит в государственной торговле и неналаженность кооперативной сети, было предоставлено своей судьбе.

Таким образом, власть не только предписывала образ жизни, она определяла для каждого человека в зависимости от его социальной принадлежности, что и сколько ему есть, что одевать, сколько платить за это и какими способами получать пищу и одежду. Каждый человек в глазах государства имел свою цену и ощущал это. Снабжение в первой половине 30-х гг. было реальным проявлением и орудием осуществления власти социалистического государства над обществом [10, с.9].

Однако решающую роль играла постановка дела снабжения и общественного питания на самих предприятиях. Рабочие Карагандинских шахт неоднократно подвергали критике работу столовых – «На новостроящемся поселке шахт 17, 19, 20 столовая №7 работает безобразно плохо. Качество питания низкое. В столовой беспорядок и антисанитария»; рабочие жаловались в свою газету, в «Большевицкую кочегарку»: «Хлеб не выдается по несколько дней», были и случаи передачи премиального хлеба заведующим столовой на продажу в продовольственном ларьке [14], «на фабричной кухне, где мы получаем обед в одной только очереди простаиваешь 4 часа. Это подсчитано точно. Если так будет продолжаться, то с шахты сбегут», часто оказывалось, что повара работали без спецодежды, ставились неправильные расценки на питание [9]. Проверяющая бригада выявила в столовой шахты №18, что «с потолка течет вода прямо в котел, спецодежды у повара нет, расценки на питание неправильные, продукты в кладовой лежат прямо на полу» [8].

Несколько улучшило положение то, что с 1 января 1935 г. отменялась карточная система по хлебу, муке, крупам и повышалась зарплата рабочим, служащим, стипендии студентов и пенсии пенсионеров. Постановление СНК вышло 30 ноября 1934 г., в соответствии с которым вводились также единые розничные цены на хлеб, муку и крупу. По КазССР (без Южно-Казахстанской области), хлеб из ржаной муки стоил 90 копеек, из пшеничной – 1 руб. 80 коп., крупа пшеничная – 2 руб. 40 коп., перловая – 3,8, гречневая – 4,75, макароны – 4,8, рис – 10 руб. за 1 кг [15]. После отмены карточного распределения рабочие и служащие смогли реализовать свой заработок на колхозном рынке, с его свободными ценами и в государственных магазинах, где при фиксированных ценах имелась известная возможность потребительского выбора.



Имелись проблемы и в промышленном снабжении. Для того, чтобы рабочие могли обзавестись одеждой, обувью и другими необходимыми товарами выдавалась промкнижка на установленную сумму, в зависимости от качества работы. Рабочий Винников Я. жаловался в «Большевицкую кочегарку»: «Администрация 26-й шахты не правильно распределяет промкнижки в универмаг. Я... норму выполняю на 500%. Зарабатываю в среднем по 507 рублей в месяц. Так вот, вместо того, чтоб выдать мне полагающиеся на книжку в универмаг на 120 рублей – мне выдали на 50 рублей» [16].

Трудности с жилищными условиями, питанием, общим санитарно-гигиеническим состоянием приводили к вспышкам эпидемических заболеваний. Учреждения здравоохранения работали в напряженном ритме: «...неудовлетворительно идет строительство культурно-бытовых учреждений. В 1931 г. построены – поликлиника, клуб, отведены здания для 2 врачебных пунктов (вместо 6), два барака для особых групп больных и заканчивается стройка бани [5, с.35].

В 1933 г. в Караганде было шесть больниц, имеющих 680 коек. Дополнительно было развернуто 3 барака на шахте №11. Имелись специализированные хирургическое, гинекологическое, родильное, глазное, терапевтическое и инфекционное и детское отделения. Работали 9 здравпунктов, из них 3 – подземных, на 4 из них велся амбулаторный прием врачей. Все они обеспечивали круглосуточное оказание помощи. Как отмечено в «Отчете о работе горздрава г. Караганды» за 1933 г.: «Больницы обеспечены твердым инвентарем на 40%, мягким на 40% и инструментарием на 30% и медикаментами на 40%. В начале весны мы еще столкнулись с эпидемией сыпного тифа и оспы. Борьба с оспой велась прививками ... Оспа к 1933 г. полностью была ликвидирована. Против брюшного тифа сделано 963 прививки первичных, а всего прививок 94000 (вторичных и третичных). Брюшной тиф также ликвидирован полностью (за полугодие было 5 случаев). Против сыпного тифа вели систематическую кольцевую санобработку. Заболевания сыпным тифом в 1933 г. уже стали единичными (за полугодие было 578)» [17]. Однако повышение заболеваемости шло за счет цинги, за полугодие было зарегистрировано 956 случаев. В целом, против 1932 г. наблюдалось снижение заболеваемости [17]. Цинга снижалась, по мере того как открывались столовые и улучшалось питание.

В начале 30-х гг. постепенно стало налаживаться положение в Карагандинском районе в школьном образовании По данным «Отчета о работе Карагандинского района с 1 апреля по 1 августа 1931 г.» Тельманским районо передано в наше распоряжение 4 школы, которые находятся в Большой Михайловке, Тихоновке, Новой Узенке, Зеленой Балке. Бюджет по всем видам расходов на народное просвещение передан в сумме 18 тыс. рублей. На 1931-32 учебный год предполагалось расширить школьную сеть, примерно в таких размерах: в Караганде открыть 17 школ первой ступени и одну ФЗС, по одной школе первой ступени в вышеперечисленных поселках. Открывались школы и при шахтах: «Для шахты 4/11 построены будут 2 здания на 320 детей, для шахты 5 построены будет одна школа на 8 групп, для шахты 18 – одна школа на 8 групп. По селам района предполагается построить по одной школе 4-хлетке. К постройке зданий не приступлено, но обещано на днях приступить к постройке фабрично-заводского училища в Караганде». Большая работа проводилась по ликвидации неграмотности взрослого населения. Карагандинским районо был произведен учет неграмотных: «На производстве рабочих всего учтено было



1835 чел. Открыто 33 ликбеза с 100% охватом. Районо обязалось к 1 января 1932 г. ликвидировать неграмотность» [18].

Специально для нужд угольной промышленности был создан Карагандинский горно-угольный техникум, который являлся средним специальным учебным заведением и ставил своей целью подготовку практических работников. С первого июля по первое сентября 1931 г. уже был начат прием учащихся на первый курс. Правила приема были следующие: «В техникум принимаются лица обоего пола не моложе 17 и не старше 25 лет, по выдержании приемных испытаний по русскому языку, обществоведению с географией, математики с элементами графики, по физике с элементами химии. Окончившие техникум обязаны прослужить в угольной промышленности не менее 3-х лет» [19].

К 1936 году население Караганды составило 119000 человек. В городе появилось электрическое освещение, водопровод (протяженностью 30 км), почтово-телеграфная контора, телефонизация (на 665 номеров, из них – 587 домашних), но по-прежнему отсутствовали канализация и газификация. Улучшилось медико-санитарное обслуживание: работали 4 больницы (на 305 коек), поликлиника с диспансером, роддом, 4 специализированные амбулатории. Врачей – 30, акушеров – 7, фельдшеров – 3.

Число школ выросло до 32, из них начальных – 14, неполных средних – 12, средник – 6, и велось строительство еще четырех. Розничная торговля велась 20 протоварными и 13 продуктовыми магазинами, ежедневно работал рынок и 10 столовых. В городе был открыт Исторический музей, действовало 15 клубов, кинотеатр на 500 мест, 13 библиотек, 8 кино клубов и 3 кинопередвижки, а так же театр «Союза Угольщиков» на 700 мест, выходила газета «Большевистская кочегарка» [20]. Как отмечали сами рабочие, ...«улучшились бытовые условия и рабочие, инженеры и техники прочно оседают в Караганде», уменьшилась текучесть кадров на предприятиях [5].

Первая половина 1930-х годов – начальный период индустриализации – был очень напряженным в повседневной жизни строителей Караганды. Ценой невероятных усилий, преодоления материально-бытовых трудностей, люди выжили в практически экстремальных условиях. Их ежедневный трудовой подвиг создал основы превращения Караганды из рабочего поселка в город.

Б.С. Малыбаева

1930-е жылдардағы Қарағанды халқының күнделікті өмірінің әлеуметтік реңі

Мақала 1930-шы жылдардағы Қарағанды халқының күнделікті өмірінің әлеуметтік реңін зерттеуіне арналған. Архив құжаттар және сол уақыттағы мерзімдік басылымдар анализінің негізінде индустриализация үдерісінің Қарағанды халқының әлеуметтік шарттарына ықпалы айқындалған; тұрғын шарттар, медициналық күтудің деңгейі, білімнің, қала халқының, азықпен қамтамасыз етуілігі көрсетілген.

Кілттік сөздер: әлеуметтік даму, күнделікті өмір, Қарағанды, Қарағанды көмір бассейні, индустриализация, тұрғын шарттар, медициналық қамсыздандыру, азықпен қамтамасыз ету.

B.S. Malybaeva

Social background of the everyday life of the population of Karaganda in 1930 's

The article is devoted to the social background of the everyday life of the population of Karaganda in the 1930 's. Based on the analysis of archival documents and periodicals revealed the impact of industrialization on the social conditions of the population of Karaganda; housing conditions, health care, education, food supply were shown..

Key words: social development, everyday life, Karaganda, Karaganda coal basin, industrialization, housing conditions, health care, food supply.



Список литературы

1. Козина В.В., Елеуханова С.В. О повседневной жизни населения Центрального Казахстана в годы Великой Отечественной войны // Вестник КарГУ. – 2010. – № 3; Козина В.В., Елеуханова С.В. Повседневная жизнь населения Центрального Казахстана в первые послевоенные годы // Вестник КарГУ, –2011. – №2; Абрахманова К.К. Повседневный досуг городского населения Центрального Казахстана в послевоенный период // Вестник КарГУ. – 2009. – №2.
2. Поляков Ю.А. Человек в повседневности (исторические аспекты) // Отечественная история. – 2000. – № 3.
3. Чуканов Н.А. Караганда. Итоги строительства и перспективы Карагандинского бассейна // Народное хозяйство Казахстана. –1935. – № 10.
4. Меерович М.Г. Наказание жилищем: жилищная политика в СССР как средство управления людьми (1917-1937 годы). – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд Первого Президента России Б.Н. Ельцина, 2008. – 303 с.
5. Акимов В. Уроки жилищного и культурно-бытового строительства Караганды за 1931 год // Народное хозяйство Казахстана. –1932. – № 2-3.
6. В рабочих бараках нет света //Большевистская кочегарка. – 1933. – 5 апреля.
7. Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы: город / Ш. Фицпатрик; [пер. с англ. Л. Ю. Пантина]. – 2-е изд. – М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН); Фонд Первого Президента России Б.Н.Ельцина, 2008. – 336 с.
8. Галкин А. Улучшены вопросы культбытового обслуживания неблагополучно // Большевистская кочегарка. – 1933. – 2 апреля.
9. Больше внимания молодому шахтеру // Большевистская кочегарка. – 1934. – 9 декабря.
10. Осокина Е.А. За фасадом «сталинского изобилия»: Распределение и рынок в снабжении населения в годы индустриализации. 1927-1941 гг. – М.: Российская политическая энциклопедия, 2008. – 351 с.
11. Мурзин Г. Караганда. Их записной книжки бригадира // Народное хозяйство Казахстана. –1931. – № 5.
12. Инструкция Наркомснаба СССР об установлении контингентов населения, снабжаемого в централизованном порядке и прикрепленного на снабжение к лавкам отделом рабочего снабжения (ОРС) и ЗРК // Большевистская кочегарка. – 1933. – 9 апреля.
13. Центральный государственный архив Республики Казахстан. – Ф.787. – Оп.1. – Д.2447. – Л.13.
14. Дерич Л. В столовой №7 неблагополучно // Большевистская кочегарка. – 1933. – 1 апреля.
15. Государственный архив Карагандинской области (ГАКО). – Ф.15. – Оп.1. – Д.3. – Л.319.
16. О введении единых государственных цен на хлеб и крупу. Постановление СНК СССР //Большевистская кочегарка. – 1934. – 14 декабря.
17. Не правильно распределяют промтоварные карточки в универмаге (Письмо рабочего) // Большевистская кочегарка. – 1934. – 5 апреля.
18. ГАКО. – Ф.15. – Оп.1. – Д.12. – Л.12-12 об.
19. ГАКО. – Ф.341. – Оп.1. – Д.33. – Л.68.
20. ГАКО. – Ф.596. – Оп.1/10. – Д.2. – Л.3,52.



УДК (470) (091)

Мулдашева Г.Б. – филос.ғ.к.,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің доценті,
E-mail: Kabgulu-65@mail.ru

Н.А.БЕРДЯЕВ ФИЛОСОФИЯСЫНДА АДАМДЫ ҚЫЗЫҚТЫРУ МЕН ҚҰЛДЫҚҚА САЛУ НЫСАНДАРЫ

Аннотация: Мақалада Н.А.Бердяев еркіндіктің қарама-қарсылығы ретінде құлдықты санайды және оның пікіріне сәйкес, еркін болу қаншалықты қиын болса, құл болу соншалықты жеңіл. Құлдықтың ең бастапқы нысаны ретінде Н.А.Бердяев адамның болмыстығы құлдығын атады. Болмыс – бұл онтология болуға ұмтылатын пәлсапалық категория. Н.А.Бердяев пікірінше, жек көрушілік те ұнамайтын адамды еркіндігінен айырып, құлдыққа салуға ұмтылыс болып табылады. Құдай және адам ақыл-ойының өнімі болып табылатын Құдай идеясын ажырату қажет. Құдай мен адам арасында ерекше делдал, яғни адамның объективтіленген санасы тұр. Құдай тұтастық емес, сол сияқты, ол болмыс немесе абсолют те емес. Мұның барлығы –абстрактылы ойлау өнімдері. Н.А.Бердяевтің пікірінше, оның біртұтас Құдайдың бар екендігін абсолютті ақиқат ретінде мойындауында.

Түйін сөздер: адам, құлдық, патшалық, болмыс, Құдай, Абсолют, Рух, жеке тұлға, теология, табиғат, ғарыш.

Н.А.Бердяев адам мазмұнының маңызды атрибуттарының бірі ретінде еркіндікті санайды. Бірақ адам, өз-өзімен тұрақты егесте жүретін, қарама-қайшылықты тіршілік иесі. Н.А.Бердяев еркіндіктің қарама-қарсылығы ретінде құлдықты санайды және оның пікіріне сәйкес, еркін болу қаншалықты қиын болса, құл болу соншалықты жеңіл. Тіпті адам кей кездері құлдықты да ұнатады. Сонымен, адам бойында еркін болу мүмкіндігі салынған, бірақ, сол сияқты оның бойында қарама-қарсы мүмкіндік құл болу мүмкіндігі де бар.

Н.А.Бердяев Гегельдің «Рух феноменологиясы» еңбегінде қожайын мен құл, үстемдік пен құлдық диалектикасы анық көрсетілгенін еске салады. Н.А.Бердяевтің пікірінше, үстемдік пен құлдық тек екі қарама-қарсы әлеуметтік жағдай ғана емес, бұл және де сананың екі түрі де. Үстемдік саналы болса, құлдық санасы да бар. Гегель көрсеткендей, құл өзінің ішкі диалектикасының арқасында, өз қарама-қарсылығына өтіп қожайын бола алатын болса, мырза да құлға айналуы мүмкін. Н.А.Бердяевтің бекітуі бойынша, еркіндіктің тек құлдықпен ғана емес, сол сияқты үстемдікпен де ұштасу нүктесі жоқ. «Еркін тұлға, - деп жазды Н.А.Бердяев, - өз алдына тіршілік етеді, өз бойында қарама-қайшылықсыз сапаларды сақтайды» [1]. Пәлсапашының еркін адам «құл-қожайын» қарама-қайшылығы үстінен ғана емес, жалпы кез-келген қайшылықтар үстінен тұр, яғни оған қайшылықты ештеңе де жоқ деген ойымен келісуге бол ма? Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл олай емес. Еркіндік шын мәнінде де үстемдік пен құлдық қайшылығынан жоғары тұр. Себебі, тек құл ғана емес, қожайын да еріксіз, ол құлсыз тіршілік ете алмайды. Бірақ, еркіндік те тек қана оң мағына иеленбейді, сол сияқты, белгілі бір қайшылықпен арақатынасы арқылы бекітілетін теріс мағынаға да ие. Бұл қайшылық міндетті түрде қажеттілік (Гегель, марксизм және ішінара Н.А.Бердяевтің өзі бекіткен) емес, яғни ол ретінде еріксіздік немесе тәуелділік те көріне алады. Сонымен, еркіндікке өзі бірлігі мен қарама қайшылығы түрінде үстемдік пен құлдық қарсы тұр. Бұл жерде пәлсапашының логикалық тұрақсыздығы байқалып тұр. Бірақ,



бұл бөлімде бізді қызықтыратыны құлдық құбылысы, ал бұл құбылысты ол жалпы дұрыс мінездеген.

Н.А.Бердяев Л.Фейербахтың діни құлдық пен К.Маркстың жатсыну үрдісімен байланысты экономикалық құлдықты сынауларын, олардың жалпы бейнесінде қабылдайды. Оның пікірі бойынша, адамды адам қанаудан ұлы жауыздық көрген К.Маркс ойы дұрыс. Бірақ, Маркстың бұл қанауды жауыздық деп санауы дұрыс емес. Шын мәнінде бұл жауыздық адамның адам үстінен билігінен, үстемдік пен құлдық қатынастарынан туындайды. Н.А. Бердяевке сәйкес, осы жауыздық көзі қоғамдық қатынастардың өзінде емес, адам санасының құрылымында, - «Адам біреудің қожайыны болуының себебі, өз санасында ол үстемдік етуге ерік, талпыныстың құлы болғандықтан болады. Оған басқаларды құлдыққа салуға мүмкіндік берген күш, оның өзін де құлдыққа салады. Еркін, адам, - деп жазды Н.А.Бердяев, - ешкімнің үстінен де үстемдік құрғысы келмейді» [1, 376].

Осы арада, маркстік және бердяевтік пәлсапалық бағыттар – материалистік пен идеалистік бағыттардың қарама-қайшылығы айқын көрініп тұр. Материализм мен идеализм өз ең соңғы нұсқаларында жаңа дәуірде [2] ғана толық жарактанған болса да, олар осы уақыттан бастап бір-біріне айқын қарсы тұрды. Өз күйлерінде олардың екеуі де біржақты. Олар, әрқайсысы өздерінше әлем құрылымын біржақты пайымдап қана қоймайды, сонымен қатар, адамзат шындығының негізгі қозғаушы күштерін де өз бағыттарымен пайымдайды. Марксизм мен идеализм біржақтылығын, өз кезінде «сыни онтологияның» негізін қалаған Н.Гартман Гегель мен Маркс пәлсапасы тарихын салыстыру мысалында көрсетті. «Екеуі де, - деп жазды ол, - тарихи болмыс тұтастығын құбылыстардың бір ғана, жалғыз тобынан шыға отырып түсінуге ұмтылады. Егер, осы тұтастық ішінен, рухани болмысты жоғарғы қабат ретінде белгілейтін болсақ, формула тілімен айтқанда былай деуге болады. Гегель тұтастықты «жоғарыдан» тұжырымдауға тырысса, Маркс «төменнен» тұжырымдауға тырысады. Бірақ, екеуі де оны тек бір шеттен, тек қарама-қарсы шектен түсінуге ұмтылуда (.....) Осылайша, олардың екеуі де, бір қателікке ұрынуда, тек олардың бұл қателіктері бір-біріне кері жағынан келеді» [3].

Н.Гартман пікірінше, шындық мәні мынада жатыр, тұтастық ішінде детерминацияның әртүрлі желілері әрекет жасайды, соның ішінде, «жоғарыдан» қозғалыс мен «төменнен» қозғалыс та болады. Біз білетіндей, Гегель объективті идеалист, Н.А.Бердяевті субъективті идеалистерге жатқызуға болады. Ол, жеке тұлғадан жоғары тұрған белгілі бір санадан шықпайды, адамның даралық пен жеке тұлға ретіндегі санасынан шығады. К.Маркс, әрине, материалдық өндіріс пен онда қалыптасатын қоғамдық қатынастарды абсолюттеуді жібереді. Бірақ, ол осы қатынастар қалыптасуы мен қызмет атқаруындағы сананың рөлін жоққа шығарған жоқ. Әрине, оның «Неміс идеологиясы» тәрізді ертерек еңбегінде сана мен қоғамдық қатынастар арақатынастарын редукционистік пайымдауды кездестіруге болады. Бірақ, «Капиталмен» жұмыс жасау кезеңінде К.Маркс, оны Н.Гартман айыптаған жетіспеушіліктерді толық жоя алмаса да, оны біршама келісімді пайымдады. Бұл кезеңде К.Маркс былай деп бекітті, - «адамдар арасындағы қоғамдық қатынастар, адамдардың ойлау шегінде ғана мүмкін...» [4].

Н.А.Бердяев Маркске қарсылық білдіре отырып, сана, соның ішінде, даралық сана рөлін және бұл санадағы ерік рөлін біржақты түсінуді жібереді. Оның, әрине, үстемдікке деген ерік еркін ерік болып табылмайды деуі әбден дұрыс. Н.А.Бердяев адамның аса қуаттылыққа еркін болуын қабылдай алмайды, себебі, ол еріктің күші өте тойымсыз болады. Н.А.Бердяев мұндай



еріктің ең шеткі нысанын «империалистік ерік» деп санайды. «Империалистік ерік, - деп жазды ол, - адам бойындағы әмбебаптықты шайтандық аздыру» [5]. Ондай ерікке киліккен адам деспотқа айналады. Бұл – күнәһар адам және оның күнәһарлығы әмбебап ерікке жалған бағыт береді.

Н.А.Бердяев Ф.Ницше пәлсапасы мен оның өзін жалған пайымдаудан қорғайды. Пайымдаушылар Ницше пәлсапасындағы билік еркі идеясын, билік етуге ерік идеясымен алмастырып жіберді. Мұндай алмастыру нәтижесінде, зорлықты ақтайтын «империалистік пәлсапа» дүниеге келді. Пәлсапашының ойынша, адамдар көбіне-көп зорлықтың не екенін түсінбейді. Әдетте, олар зорлықтың көзге түсіп тұрған нысандары –дене зорлығына, бостандықтан айыруға, өлтіруге қарсылық білдіреді. Бірақ, олар көбіне-көп дене зорлығынан да қауіпті болып келетін зорлық, яғни адам үстінен психологиялық зорлықты байқамайды. Мысалы, нақты бір тәрбелеу жүйесі адамды өз еркімен ойлау еркіндігінен айыруы мүмкін. Зорлық қоғамдық пікір, салт-дәстүрлер, ережелер тарапынан іске асырылуы да мүмкін, Н.А.Бердяев пікірінше, жек көрушілік те ұнамайтын адамды еркіндігінен айырып, құлдыққа салуға ұмтылыс болып табылады. Бірақ, бұл бір мезгілде сүйіспеншілікке де тән. Одан да әрі, Н.А.Бердяев пікірінше, адамды еркіндік те құлдыққа салуы мүмкін. «Әдеттегі өмір үлгісіне айналған еркіндік, ешқандай байқалмай-ақ адамды құлдыққа салуға айналады...» [5, 396]. Адам, өзін еркін ретінде сезіне жүріп, қалай құлдыққа түскенін де байқамай қалады. Осыған байланысты Н.А.Бердяев, - «адамды қызықтыру мен оны құлдыққа салудың қаншама әртүрлі нысандары бар екендігін айқындау» міндетін қойды [5, 436].

Құлдықтың ең бастапқы нысаны ретінде Н.А.Бердяев адамның болмыстығы құлдығын атады. Болмыс – бұл онтология болуға ұмтылатын пәлсапалық категория. Бұл дәстүр болмыссыздық жоқ, тек болмыс қана бар деп бекіткен Парменид дәстүріне шығады. «Парменидте болмыс түсінігінен басқа көңіл аударатын ештеңе де болған жоқ», - деп жазды Н.А.Бердяев [5, 436]. Платон бұл түсінікті біршама нақтылады, бірақ, онтология шегінде қалды. Н.А.Бердяевтің мәлімдеуінше, онтологизм толығынан қате, жалған пәлсапа. Ол ақиқат пәлсапа ретінде, тіршілік пен тіршілік ету арасындағы қатынастарды мүлдем басқаша пайымдайтын экзистенциализмді санады. Н.А.Бердяев жазуынша, болмыс категориясы жалпы әлемге шашырап түскен алдарқатылған ой өнімі болып табылады. Әлемді болмыспен теңдестіру адамды құлдыққа салады. Ол жалпы мен бірлік арасындағы қатынастарды аяғынан басына қояды, себебі, бірлікті жалпыдан шығатын ретінде көрсетеді. Н.А.Бердяевке сәйкес, шын мәнінде тек бірлік қана өмір сүреді. әмбебаптық – жалпының атрибуты емес, жекелік пен даралықтың, ерекшеліктің атрибуты. «Жеке адамның әмбебатығына, - деп жазды Н.А.Бердяев, -адамға жалпы тән қасиеттер арқылы емес, оның жеке тұлғасына ену арқылы жетеміз» [5, 446].

Орыс пәлсапашысы В.С.Соловьев өзінің «ауытқышы бастамаларды сынауында» болмыс категориясына өте жоғары және нағыз шыни ретінде мән категориясын қарсы қойды. Н.А.Бердяев мән тіршілік етумен байланысты деп бекіте отырып, болмыстан тіршілікті жоғары қоюға талпынады. Н.А.Бердяев адамның болмыстағы құлдығын неден көріп отыр. Сонымен, ойлау арқылы жету категориясы болып табылатын болмыс шыни нақты әлемді алмастырып, өзімен жауып тастайды. Жақсы деген жағдайдың өзінде де, бұл категория астына табиғат келе алады, бірақ, рух ешқашан да, ешуақытта да оның астына келмейді. Егер, оны бұл категория астына келтіретін болсақ, онда ол таза жаратылыстың мағына мен объекті ретінде ойластырылады. Бірақ, рух объект емес. Нағыз құмар



жаратылыстанушылар Құдайды да болмыс категориясының астына келтіреді. Бірақ, Н.А.Бердяевтің айтуынша, Құдай жеке-дара тұлға және былай деп қосты, - «Жеке тұлға болмыстан бастапқы» [5, 456]. Барлық тіршіліктің бәрін болмысқа әкеліп тіреу еркіндікті жояды немесе болмыстың оның үстінен үстемдігін бекітеді. Болмысты жаратылыстық пайымдау детерминизм патшалығы ретінде көрінеді, адам болмыстың бір бөлшегі мен өнімі және оның заңдарына бағынуға міндетті болып жарияланады. Н.А.Бердяев қорытындысы мынадай, - «Онтологиялық қызықтыру, болмыс қызықтыруы адам құлдығы көздерінің біріне айналды. Адам, оның өзін толығынан жұтып қоятын болмыс құлы ретінде танылды, ол болмысқа қатысты еркін емес, оның еркіндігінің өзін болмыс тудырған» [5, 456].

Н.А.Бердяевтің мәлімдеуінше, мұндай жағдайда екінші бірін таңдау қажет, яғни болмыстың еркіндік үстінен үстемдігін бекітетін пәлсапаны немесе керісінше, еркіндіктің болмыс үстінен үстемдігін бекітетін пәлсапаны. Н.А.Бердяевтің өзі екіншіні таңдады және соны негіздеді. Оның пікірінше, тек сол ғана адамға бостандық беруге қабілетті. Оның ойынша, нағыз ақиқат пәлсапа осы, ал ақиқат пен болмыс бір-біріне сәйкес келмейді. Бірақ, Н.А.Бердяев ойынша, болмыс мәселесі Құдай мәселесімен тығыз байланысты. Сонымен, бұл жерде адамды құлдықтың басқа нысаны күтіп тұрады – бұл адамның Құдайға құлшылығы.

Н.А.Бердяев пікірінше, Құдай және адам ақыл-ойының өнімі болып табылатын Құдай идеясын ажырату қажет. Құдай мен адам арасында ерекше делдал, яғни адамның объективтіленген санасы тұр. Қасиетті жазбаға сәйкес, Құдай адамды өз бейнесінен жаратқан. Басқаша айтқанда, бұл санада Құдай антропоморфты тіршілік иесі болып табылады, яғни адам Құдайға өзіндегі ең жақсы қасиеттерді таңып қана қоймай, өзі де оны байқамастан жаман қасиеттерін де таңады. Бұл антропоморфизм түбірі тереңде жатыр. «Құдай мен адам арасындағы қатынастарға, әлеуметтік өмірден алынған қожайын мен құл арасындағы қатынастар әкелінді» [5, 496]. Сондықтан да Құдай қожайын, патша және т.с.с., ал адам оның құлы немес бағыныштысы ретінде түсінілді және осылай түсініліп те келеді және осыдан келіп «Құдай құлы», «Құдайға құлшылық» мағыналары шығады. Адамның өзі ойлап тапқан Құдай туралы осындай түсініктен шыға отырып, адам өз өмірінің мәнін Құдайға адалдықтан, өзіне оның қаһарын тудырмас үшін, оны мүлтіксіз тыңдаудан іздейді. Құдайды осылай түсінуден көрсоқыр табынушылық, құрбандық шалу, қасиетті Сотты күту және т.б. туындайды.

Бірақ, Н.А.Бердяев пікірінше, Құдайға қатысты космоморфты да, социоморфты да, антропоморфты да категорияларды қолдану мүмкін емес. Құдайға қатысты үстемдік немесе қуаттылыққа ерік түсініктері қолданылмайды. Құдай ешнәрсенің үстінен үстемдік құрмайды. «Адамның түкке тұрмайтындығын мойындаудың өзі де, оның құдайы қасиеттілігін бекіту мен оны құдайылық эманациясы ретінде тану тәрізді пантеизм» [5, 546].

В.С.Соловьев және т.б. орыс діни пәлсапашылары қорғаған тұтастық идеясына қатысты, Н.А.Бердяев, ол өз мағынасы бойынша жалған деп бекітті. Құдай тұтастық емес, сол сияқты, ол болмыс немесе абсолют те емес. Мұның барлығы –абстрактылы ойлау өнімдері. Н.А.Бердяев пікірінше, шіркеу санасын да жеке тұлға үстінен тұратын белгілі бір тұтастық ретінде ойлауға болмайды. Шіркеу өз экзистенциалдық орталығын иеленген нақты бір аса зор тұтастық емес. Ондай орталық әрбір жеке тұлғада, соның ішінде, әрине Иисус Христос тұлғасында да бар. Сонымен қатар, шіркеу әлеуметтік құбылыс ретінде, ерекше



әлеуметтік институт ретінде де өмір сүреді. Осы аспектіде ол адамды басып-жаншып, оны құлдыққа салады. Н.А.Бердяев былай деп жазды, - «Діни құлдық, Құдай құлы болу мен шіркеу құлы болу, яғни Құдай құлы идеясы мен Шіркеу құлы идеясы адам құлдығының ең ауыр нысандарының бірі және адам құлдығының бастау алар көздерінің бірі болды» [5, 556].

Н.А.Бердяевтің белгілеуінше, ол мінездеген құлдықтың екі нысаны болмыс алдындағы және Құдай алдындағы құлдық күмән келтірілуі мүмкін. Бірақ, құлдықтың үшінші нысанына қатысты күмән тұмайды, яғни адамның табиғи күштер алдындағы құлдығын көп ешкім жоққа шығармайды. Н.А.Бердяевтің жазуынша, антик дәуірінен бастап қазіргі дәуірге дейін табиғат әртүрлі түсінілді. Мысалы, XIX ғасырда табиғат деп математикалық жаратылыстану мен техникалық эсер ету объектілері түсінілді. «Мен, - деп жазды пәлсапашы, - «табиғат» сөзін қолданған кезде, оны мәдениет пен өркениетке немесе жаратылыстық жоғары игілікке қарсы қою мағанасында және де рухтан бөлек материалдық әлем кеңістігі мағынасында қолданып отырған жоқпын. Табиғат мен үшін ең алдымен еркіндікке қарама-қарсы, табиғат тәртібі еркіндік тәртібінен ерекшеленеді» [5, 566]. Біз Н.А.Бердяевтің бұл позициясын өткен бөлімде қарастырдық. Осы арада, тек оның адамның табиғат алдындағы құлдығын қалай түсінетінін қарастырамыз. Н.А.Бердяевтің ойына сәйкес, ондай құлдықтың әртүрлі нысандары бар. Ең қарапайымдары, табиғаттың өзінен шығатын сыртқы және ішкі нысандар, себебі, адам өз денесімен табиғатқа тәуелді. Табиғат қажеттілік пен жаратылыстық заңдар патшалығы болып табылады. Адам бұл заңдарды танып біледі және техника жасай отырып, өзін олардан белгілі бір шекте босатады. Адам табиғатпен күреседі. Бірақ, табиғат алдындағы басқа да құлшылық бар. Н.А.Бердяев ойына сәйкес, ол адамның жалпы табиғатқа және табиғатқа ғарыш ретінде, әлемдік үйлесім жүйесі ретінде дұрыс қатынаста болмауынан туындайды. Н.А.Бердяев оны ғарыштың қызығушылық деп атады. Адам ғарышты аса мадақтайды, өзін оның бір бөлігі ретінде ойлайды және осы арқылы оған құлдыққа түседі. Н.А.Бердяевтің бекітуінше, жекеленген пәлсапаға ғарыштық бастаманы, күш-қуатты және т.б. бұрында да, қазіргі уақытта да сәнге айналып отырған теософтар мен оккультты ілімдерді аса мадақтау жат болып табылады. Сондықтан, табиғатты төмендететін жаратылыстың механизм позициялары да, оны жалған жоғарылататын ғарыштың қызықтыру позициясы да дұрыс емес.

Адамның болмыстағы, Құдай мен табиғат (ғарыш) алдындағы құлдығын талдаған соң, Н.А.Бердяев, оның пікірі бойынша, ең маңыздыларының бірі – адамның қоғамдағы құлдығына келеді. «Адам, - деп жазды ол, - өркениеттің ұзақ мыңжылдығы бойына әлеуметтенген тіршілік иесі. Адам туралы әлеуметтанулық ілім бізді, тап осы әлеуметтену үрдісінің өзі адамды жаратты деп сендіргісі келеді. Адам әлеуметтік қиялда өмір сүретін тәрізді. Оған, өз тағдырын қоғамның қатал талаптарына қарсы қою қиын, себебі, әртүрлі бағыттағы әлеуметтанушылар аузымен айтылған әлеуметтік қиял, оның еркіндігінің өзін қоғамның арқасында алғандығына сендіреді.

Қоғам адамға былай деп айтып отырған іспетті, - «сен менің жаратылысымсың, сендегі бар жақсылықтың барлығы мен арқылы салынған және сондықтан, сен маған жатасың және өзінді толығынан маған беруге міндеттісің» [5, 616]. Н.А.Бердяев өзінің, адам даралық ретінде ғана қоғам бөлшегі, бірақ жеке тұлға ретінде ол қоғамға жатпайды, қайта керісінше, қоғамда жеке тұлға бөлшегі ретінде қарастыруымыз керек деген жағдаятынан шығады.



Н.А.Бердяев қоғамның әртүрлі тұжырымдарын сынға ұшыратты, соның ішінде, әсіресе Г.Спенсер мен А.Э.Шеффлер негізін қалаған органикалық тұжырым қатты сынға ұшырады. Н.А.Бердяев пікіріне сәйкес, қоғамда кез-келген нысанды болсын органикалық пайымдау жекелікті жояды. Себебі, қоғамның жеке тұлға үстінен үстемдігін бекітеді. Сондықтан, ондай пайымдауларды ол реакционистік ретінде санады.

Шын мәнінде, -деп айтты Н.А.Бердяев,-қоғам ағза болып табылмайды, тек адам ғана –ағза. Оның «Қауым және қоғам» кітабында мазмұндалған Ф.Теннис тұжырымына назар аудара отырып, Н.А.Бердяев ол тұжырымды да жаратылыстық ретінде атап көрсетті. Осы жерде атап өтетін нәрсе, Ф.Теннис қауым мен қоғамды бір-бірінен ажыратуының арқасында танымал болды. Ұзақ уақыт бойына, бұл ажырату оның есімімен байланыстырылып келді.

Өзінің «Адам еркіндігі мен құлдығы туралы» (1939) еңбегі жазылған кезеңде К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Неміс идеологиясы» еңбегінің жарияланғандығына (соның ішінде, түпкі нұсқа тілінде де) қарамастан Н.А.Бердяев те, бұл ұғымдарды Ф.Теннис есімімен байланыстырды. Г.С.Батищевтің [6] бекітуі бойынша, әлеуметтік пәлсапада тұңғыш рет, осы еңбекте «қауым» мен «қоғам» арасындағы дәл айырмашылықтар көрсетілді. Бірақ, әрине К.Маркс пен Ф.Энгельс бұл ұғымдарға Ф.Теннистен өзгеше мағына салды.

Н.А.Бердяевтің Ф.Теннисті бағалауына қайта орала отырып, оның Ф.Теннис теориясын қоғамның басқа органикалық теорияларымен салыстырғанда мағыналы деп санағанын көреміз. Бірақ, соған қарамастан ол Ф.Теннис теориясында да органикалықты үлгілендіру бар деп санады. Оның пікірі бойынша, қоғамның органикалық моделі адамда әлеуметтік алдау мен құлдыққа салуда, қоғамның механикалық моделімен салыстырғанда көп дәрежеде мүмкіндік береді. Н.А.Бердяев бойынша, нағыз толыққанды және шын мәнді қоғам механикалық та, органикалық та емес, рухани қоғам.

Н.А.Бердяевтің ойынша, абстрактілі, адам жоқ және «адам қашан да нақты» деп айтылған кезде, көбіне –көп бұл нақтылық теріс түсініледі. Сонымен, де Местрдің бекітуі бойынша, жалпы адам деген жоқ, оның орнында нақты француз, неміс, ағылшын және т.б. бар. К.Маркстің бекітуі бойынша, жалпы адам деген жоқ, оның орнында жұмысшы, капиталист, шаруа және т.б. бар. «Осылай кете беретін болсақ, - деп жазды Н.А.Бердяев жалпы адам деген ұғым мүлдем жоқ, оның орнында инженерлер, дәрігерлер, жазушылар және т.б. бар деп қоса беруге болады. Одан әрі кетіп, адамдарда басқада критерийлер бойынша шексіз бола беруге болады. Осы да және басқа да мінездемелерді біріктіріп, адам-бұл аты-жөні, ұлтты, әлеуметтік мәртебесі, кәсібі немесе т.б. жеке тұлға деп айтуға болады. Бірақ, шын мәнінде нақтылық, - Н.А.Бердяевтің ойынша, - бұл тұтастық, ал тұтастық жекелеген белгілер жиынтығы болуы мүмкін емес. Әрине, нақты адамнан, оның әлеуметтік бейнесін жатсындыруға болмайды, бірақ тек әлеуметтік бейнеге сүйену, адамды нақтыдан абстрактіге айналдырады, себебі «нақтылықтың өзі белсенді әмбебаптық болып табылады» [7]. Нақты адам – бұл ешқандай әлеуметтілікке, ешқандай қоғамға сыймайтын жеке тұлға. «Қоғамда, - деп бекітті Н.А.Бердяев,- кез-келген қоғамда әр уақытта да жойылуы тиіс, адамды қорлауға бейім бір нәрсе бар» [7, 676].

Енді, Н.А.Бердяев көрсеткен, адамзат құлдығының төрт нысанын алып қарастыратын болсақ, төмендегі ойларды айтуға болады. Құдайы құлдық пен болмыстағы құлдық –бұлар адам санасында орын алатын құлдық нысандары. Болмыстағы құлдық толығымен пәлсапаға, нақтырақ айтқанда Парменидтен



бастау алатын пәлсапалық дәстүрлердің біріне жатады. Құлдықтың бұл нысанын тотальды деп санауға болмайды, себебі, ол негізінен кәсібі бойынша пәлсапашыларға қатысты. Әрине, пәлсапа білім беру жүйесіне енеді, бірақ оның әсерін (әр кезеңдердегі оқыту сапасын ескере отырып) шын мәнінде әрекет қабілетті деп санауға болмайды. Құдайы құлдыққа келетін болсақ, біріншіден, Құдай идеясы теистикалық діндерде мазмұндалады, теистикалық емес діндерде (мысалы, буддизм) ондай идея жоқ. Сондықтан құдайы құлдық туралы тек теистикалық (политеистицизм және монотеистицизм) діндерге қатысты ғана айтуға болады. Н.А.Бердяевтің қателігі, оның біртұтас Құдайдың бар екендігін абсолютті ақиқат ретінде мойындауында.

Н.А.Бердяев жанамалап айтып өткен, адамның шіркеу іргесіндегі құлдығына келетін болсақ, бұның өзі шіркеу тарихы көрсетіп тұрғандай, адамзат құлдығының шын мәнінде маңызды нысандарының бірі. Бірақ бұл, адамның қоғам іргесіндегі құлдығының бір түрі болып табылады, себебі, шіркеу - әлеуметтік институт және әлеуметтік ұйым. Адамның жаратылыс пен ғарыш іргесіндегі құлдығы да, белгілі бір дәрежеде Н.А.Бердяев қателесуінің бір шегі. Адам шын мәнінде де, белгілі бір дәрежеде табиғат күштеріне тәуелді, бірақ бұл тәуелділік тарихи негізділген, яки алғашқы қауым адамы мен қазіргі адамның табиғат күштеріне тәуелділігі әртүрлі. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл тәуелділікті біржақты түрде құлдық деп атауға болмайды. Егер, Н.А.Бердяев сөзімен айтқандай, адамды өзін жаратушы Құдайдан көңілін бұрғызатын, ғарышқа келетін болсақ, осы жерде құлдық туралы, біріншіден, бұл ұғымды санаға, дүниетанымға қатысты қолдануға болады және екіншіден, тек шартты түрде қолдануға болады.

Сонымен, барлық бердяевтік құрылым шашырап кетті және тек адамның әлеуметтік ортадағы (оған шіркеу де кіреді) құлдығы ғана қалды. Бірақ, Н.А.Бердяев ілімінде, кез-келген қоғам адамды құлдыққа салатындай бейнелейді. Сонымен, адам тарихи негізде кез-келген қоғамға дейін пайда болған болып шығады. Әрине, мұндай түсінікке адамның жаратылуы туралы Ескі Өсиет аңыздары итермелейді. Құдай адамды топырақтан жаратты және оның бойына мәңгі өлмес жан үрледі. Күнәһарлыққа батып, жұмақтан қуылған соң адамдар көбейе бастады және өздерін құлдыққа салған қоғам құрды. Бірақ, бұл аңыздан көңіл бөлетін болсақ, тек марксистік пәлсапа емес, сонымен қатар, тарих та адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретінде пайда болғанын және осы негізде қалыптасқанын көрсетіп отыр. А.А.Хамидов атап көрсеткендей, - «Адамның жеке «мен» сезімінің қалыптасуы мен қоғамның қалыптасуын бір-бірін толықтыратын екі бөлек үрдіс емес, жалғыз – бір ғана үрдіс ретінде қарастыру қажет». [8].

Келесі бөлімде, біз жатсыну құбылысы туралы айтатын боламыз. Ал, әзірге Н.А.Бердяев қоғам туралы айтқан кезде, ол қоғамда жатсынылған қоғам ретінде, жатсыну үстемдік құратын қоғам ретінде түсінгендігін атап өтеміз. Ол әлеуметтік ұйымдастырылған қоғамға, ол өзі бұл туралы не ойлайтындығын бөлшектеп түсіндірмесе де, рухани ұйымдастырылған қоғамды қарсы қояды. Өзінің ең соңғы басылған «Рух патшалығы және Кесарь патшалығы» еңбегінде, Н.А.Бердяев ұжымдық пен коммунотарлықты бір-біріне қарсы қояды, яғни біріншісін-ол жасанды қауымдастық ретінде анықтаса, екіншісін нағыз қауымдастық ретінде анықтайды. «Ұжымдық пен коммунотарлықтың ұстанымдық айырмашылығы неде, - деген сұрақ қоя отырып, өзі былайша жауап береді,- «Ұжымдық адамның адамға қатынасын, оның ұжымдық шындыққа немесе жасанды шындыққа, адамнан жоғары тұратын объективтендірілген



қоғамға қатысты қатынасы арқылы білдіреді. Коммюнитарлық адамның адамға Құдай арқылы, ішкі өмір бастамасы ретінде тікелей қатынасын білдіреді» [9]. Бұл жерде Н.А.Бердяев өзі пайымдаған адамның Құдайы құлдығы құбылысы туралы ұмытып кеткендей болады. Ол, коммюнитарлық ұжымдыққа айналып кетпеуі үшін, Құдайға қатынас қандай болуы қажеттігін түсіндірмейді.

Г.Б.Мулдашева

Формы прельщения и рабства человека в философии Н.А.Бердяева

В статье рассматриваются две формы объективации Бердяева, два противоположных социальных положения, два типа сознания: господство и рабство. Н.А.Бердяев утверждает, что свобода никакого соприкосновения не имеет не только с рабством, но и с господством. В качестве первой формы рабства Бердяев называет рабство человека у бытия. Бытие – это категория философии, стремящейся быть онтологией. Отождествление мира с бытием порабощает человека. В действительности, реально, согласно Бердяеву, существует лишь единичное. Бердяев выбирает ту философию, которая утверждает примат свободы над бытием.

Бердяев различает Бога и идею Бога, которая является продуктом человеческого умозрения. Между Богом и человеком стоит своеобразный посредник – объективированное сознание человека. Бердяев подвергает критике категорию Абсолюта, или Абсолютного. Абсолют – один, он не может относиться к чему-либо другому и с ним невозможно вступать в отношение, например, молиться. Между Абсолютом и Богом Библии нет ничего общего.

Ключевые слова: человек, рабство, господство, бытие, Бог, Абсолют, Дух, личность, теология, природа, космос.

G. B. Muldasheva

